

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ АЯСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘМБЕБАП  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ МЕН САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Астана 2024

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымындағы №5 хаттама)

Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 164 б.

Орта білім беру ұйымдарында құзыреттілік тәсілдің негізгі ережелеріне бағдарлана отырып, білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымда әмбебап құзыреттілік ұғымының мән мағынасы ашылып, пән мазмұны және сыныптан тыс шаралар арқылы білім алушылардың әмбебап құзыреттілігін дамыту мәселелерін қамтиды.

Әдістемелік ұсынымды бастауыш, орта және жоғары сыныптың пән мұғалімдері, сынып жетекшілер және директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары өз тәжірибелеріне бейімдеп қолдана алады.

© БІ.Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2024

*Ақылды сөз қылмақ қиын,  
ақылды сөзді ақылды іс қылмақ одан да қиын.*

*Әлихан Бөкейхан*

## **Кіріспе**

Қазіргі әлемде әмбебап құзыреттілік пен функционалды сауаттылықтың маңыздылығы күннен-күнге артып келеді. Жылдам технологиялық прогресс пен жаһандану жағдайында мұндай дағдыларды қалыптастыру білім беру процесінің маңызды аспектісі болып табылады. Оқыту, тәрбиелеу, дамытудың өзара бірлігі осы құзыреттерді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Функционалды сауаттылық заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, ақпаратты сыни тұрғыдан саралау және оны бағалау, ұжымдаынтымақтастықта бірлесіп әрекет ету, сондай-ақ өз эмоциялары мен уақытты басқару қабілетін де қамтиды. Сол себепті қазіргі таңда функционалды сауаттылық пен әмбебап құзыреттілік білім беру мазмұнына енгізу білім алушылардың әлемге сәтті бейімделуге дайындауға ықпал етеді.

Әмбебап құзыреттерді дамытудың қажеттілігі бірнеше негізгі факторлармен негізделген: еңбек нарығының жылдам өзгеруі, технологиялық прогресс, әлеуметтік және мәдени интеграция.

Ең алдымен әмбебап құзыреттілікті дамытудың өзектілігі еңбек нарығындағы өзгерістермен байланысты. Мемлекет басшысы 2024 жылғы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде бала есейген соң қанаттанып, ұядан ұшуға тиіс, қай жерде өзіне және еліне пайдасы тисе, сол жерде еңбек етуі керек деген болатын [1]. Бұл білім алушыларда әмбебап құзыреттілікті қалыптастырудың өзектілігін айқындайды.

Қазіргі жұмыс берушілер қызметкерлерден кәсіби білім ғана емес, сонымен қатар икемділік, командада жұмыс істей білу, белгісіздік жағдайында шешім қабылдау, сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерді талап етеді. Бұл дүниежүзілік экономикалық форумның есебінде көрініс тапқан. Дүниежүзілік экономикалық форумның есебіне сәйкес 2025 жылға қарай барлық жұмысшылардың 50%-дан астамы қайта даярлауды және дағдыларын жаңартуды қажет етеді [2] делінген. Аталған өзгерістер білім беру ұйымдарынан білім алушыларды жаңа сын-қатерлерге дайындауды талап етеді. Сол себепті әмбебап құзыреттерге ерекше назар аудару білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі деуге негіз бар.

Әмбебап құзыреттіліктерді дамытудың өзектілігі технологиялық прогреспен тікелей байланысты. Технологиялардың жылдам дамуы адамдардан ақпаратпен жұмыс істеуді, цифрлық құралдарды пайдалануды, жаңа жағдайларға бейімделуді және өмір бойы оқуды талап етеді. Демек, әмбебап құзыреттілік және функционалды сауаттылықты білім беру процесіне енгізу білім алушыларға

осы дағдыларды игеруге және технологиялық прогрестерді әрі қарай ілгерілетуге дайын болуға көмектеседі.

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін дамытудың өзектілігі қазіргі уақыттағы әлеуметтік және мәдени интеграциямен байланысты деуге негіз бар. Өйткені жаһандану және этномәдениеттердің алуан түрлілігі жағдайында мәдениетаралық коммуникация, ынтымақтастық, басқалармен қарым-қатынас орнату дағдылары ерекше маңызды. Ал, әмбебап құзыреттілік осы аталған дағдыларға тікелей ықпал етеді.

Жалпы білім алушылардың бойында әмбебап құзыреттілікті дамыту олардың өзін-өзі ұйымдастыру, уақытты басқару, эмоционалдық тұрақтылық және өзін-өзі рефлексиялау сияқты кәсіби жетістікке жету үшін ғана емес, жеке әл-ауқат үшін де маңызды қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Бұл дағдылар білім алушыларға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және өз дамуына жауапты болуға көмектеседі.

Халықаралық тәжірибе әмбебап құзыреттерді дамыту жүйелі тәсілді және әртүрлі оқыту әдістерін біріктіруді талап ететінін көрсетеді. Әлемнің жетекші білім беру жүйелері бұл дағдыларды мектеп білім алушыларында қалыптастыру үшін тиімді стратегияларды әзірлеп және оны білім беру мазмұны арқылы енгізу бойынша белсенді жұмыс істеп жатыр [3]. Осы тұрғыда тәрбие жұмысы білім алушылардың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін негізгі құралға айналады..

Бұл әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – педагогтерге, әдіскерлерге және білім беру мекемелерінің басшыларына әмбебап құзыреттерді тәрбие жұмысына біріктіру үшін практикалық ұсыныстар мен құралдар ұсыну.

Әдістемелік ұсынымдар келесідей міндеттерді көздейді:

1) Халықаралық және отандық тәжірибені талдау және үздік тәжірибелерді анықтау;

2) Қазақстанның білім беру жүйесінің жағдайына білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін дамытуды әдіс-тәсілдерін анықтау;

3) Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар беру.

Ойымызды түйіндей келе, тәрбие жұмысы шеңберінде әмбебап құзыреттіліктерін дамыту білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, оларды қазіргі қоғамда табысты өмірге дайындауға және өмір бойы үздіксіз білім алуға негіз қалауға мүмкіндік береді.

## 1. Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастырудың халықаралық және отандық тәжірибесі

Жылдам өзгерістермен және жаһандық сын-қатерлермен сипатталатын қазіргі әлемде әмбебап құзыреттілік пен функционалды сауаттылықты қалыптастыру білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Бұл құзыреттерге сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, коммуникативті және әлеуметтік дағдылар кіреді. Сол себепті әмбебап құзыреттіліктер білім алушыларға қоғамға сәтті бейімделуге және табысты жұмыс істеуге қажетті. Әр түрлі елдердің білім беру жүйелері білім алушылардың жеке басының жан-жақты дамуына жағдай жасай отырып, осы дағдыларды оқу бағдарламаларына кіріктіруге тырысады.

### Әлемде не өзгерді?

#### Жаһандану

- Елдер арасындағы өзара қарым-қатынас пен өзара байланыс қарқынының артуы
- Өртүрлі елдердің мәдениеті мен білім беру тәжірибесінің еркін айналымға енуі



1-сурет. Білім алушылардың бойында әмбебап құзыреттілік пен функционалды сауаттылықты дамытуға ықпал етуші факторлары

Өртүрлі ғылыми еңбектерді, зерттеулерді зерделеу «әмбебап құзыреттілік», «құзыреттілік», «жаңа сауаттылық», XXI ғасыр дағдылары», «икемді дағдылар», «жұмсақ дағдылар», «кең ауқымды дағдылар» (soft skills) ұғымдары қолданылады. Бұл ұғымдар өзара бір мағынаны білдіреді және бір бірімен синонимдер болып табылады. Себебі әлем бойынша технологиялардың қарқынды дамуы, еңбек нарығының өзгеруі қызметкерлерден жаңа дағдыларды қажет етті, қарқынды өзгерістер, тұрақсыздық адамнан сол жаңалықтар жылдам бейімделіп, оңтайлы шешімдер қабылдауды, түрлі ақпараттар нөпірі сыни ойлауды, қазіргі уақытта жасанды интеллектінің адам өміріне белсенді енуі

креативті ойлауды, жасампаздықты талап етеді. Осындай өзгерістер ортасында табысты болу үшін әмбебап құзыреттілік және функционалды сауаттылық қажет. Бұл мектеп қабырғасынан бастауды талап етеді. Сол себепті де білім беру мазмұнында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігін дамыту алдыңғы орынға шығарылды. Демек, білім беру ұйымын аяқтаушы түлектердің бойында динамикалық қоғамда табысты бейімделуге қажетті жүйелі ойлау, сыни бағалау, ынтымақтастық және өзін-өзі ұйымдастыру сияқты дағдылар маңызды болып табылады. Бұл ең алдымен жаһандану үрдісіне байланысты, ал жаһандану үрдісі және технологиялық прогресс еңбек нарығына ықпал етті. Сол себепті де біз, білім беру ұйымдары білім алушыларға пәндік біліммен қатар өмірлік маңызы бар дағдыларды және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуіміз қажет. Ол 1 және 2 суреттерде көрсетілген.

## ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

*Негіз білуіміз керек?*



2-сурет. Еңбек нарығындағы өзгерістердің дағдылар мен тұлғалық қасиеттерге ықпалы


Демек, қазіргі білім беру ұйымдары, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты түлектердің пәндік білімді меңгеруімен қатар, өмірлік маңызды дағдыларды дамытуды және балалар мен жастардың даму шарттарын ескеруді де қажет етеді. Балалар мен жастардың дамуына ықпал етеді:

- әлеуметтік және цифрлық орта
- әлеуметтік тұрақтылық.

Қазіргі әлемде балалар мен жастардың дамуы бірнеше онжылдықтардағыдан айтарлықтай ерекшеленетін жағдайларда жүреді. Бұл өзгерістер технологияның қарқынды дамуымен, әлеуметтік құрылымның өзгеруімен және жаһанданумен байланысты. Балалар мен жастардың дамуына әсер ететін негізгі жағдайлар мен факторларды, сондай-ақ қазіргі әлемде сәтті бейімделу үшін қажетті маңызды жеке қасиеттерді қарастырыңыз.

Қазіргі балалардың әлеуметтенуіне, олардың дағдыларының қалыптасуына ықпал ететін екі орта бар. Олар: әлеуметтік орта, цифрлық орта.

## Балалар мен жастарға әлеуметтік ортаның ықпалы



3-сурет. Балалар мен жастардың дамуына әлеуметтік ортаның жағымды ықпалы

Жоғарыда атап өткенде цифрлық орта немесе виртуалды әлем ықпал етеді. демек, виртуалды әлем деп біз нені айтамыз немесе түсінеміз? – деген заңды сауал туындайды.

Виртуалды әлем-бұл сандық аватарлар мен интерфейстер арқылы адамдар бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесе алатын компьютерлік технологиялар арқылы жасалған цифрлық шындық.



4-сурет. Виртуалды әлем компоненттері


Виртуалды әлем: Интернет, әлеуметтік желі, онлайн ойындар, виртуалды шындық және басқа сандық кеңістіктер кіреді. Бұл әлем дамып, кеңейіп, пайдаланушыларға оқу, қарым-қатынас және ойын-сауық үшін жаңа мүмкіндіктер береді



5-сурет. Виртуалды әлемнің негізгі сипаты

Виртуалды әлем шынайы әлемге қарағанда қызықты, өзін еркін сезінуі мүмкіндігі жоғары, қиялындағы ойлары жылдам орындалу мүмкіндігі жоғары. Сол себепті қазіргі уақытта виртуалды әлем шынайы әлемге бәсекеге түсіп, оқу ортасында да педагогтердің білім беру мен оқыту технологиясына әсерін тигізуде, балалар мен жастарға әсер етуде.

## Виртуалды әлемнің әсері



6-сурет. Виртуалды әлемнің балаларға әсері



Демек, жоғарыда виртуалды әлем, жаһандану, технологиялық прогресс білім алушылардың бойында әмбебап құзыреттілікті және функционалды сауаттылықты қажет етеді.

Ең алдымен, ақпараттарды саралау, ой таразысынан өткізу, жалған жаңалықтарды ажырата білу маңызды. Виртуалды әлем жалған, фейк ақпаратқа толы және балалар дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалауды және фактілерді тексеруді үйренуі керек. Бұл медиа сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуда маңызды. Өйткені интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету, соның ішінде жеке деректерді қорғау және алаяқтықты тану виртуалды әлемде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі аспектісі болып табылады.

Сонымен, бізде бірқатар заңды сұрақтар туындайды:

- Білім алушыларға жылдам өзгеретін, алуан түрлі цифрлық әлемнің табысты мамандары мен азаматтары болу үшін қандай дағдылар мен білім қажет?
- ХХІ ғасырда қандай құзыреттіліктер өзекті?
- Осы құзыреттіліктерді дамыту үшін қандай стратегиялар, бағдарламалар, педагогикалық шарттар қажет?
- Білім алушылар оқу нәтижелерін қалай көрсете алады?
- Меңгерген білім, білік және дағдыларын іс жүзінде қалай қолдана алады?

Бұл-білім беру саясатының негізгі мәселелері. Осы өзгерістерге жауап бере отырып, көптеген елдердің білім беру жүйелері өздерінің оқу бағдарламаларына жаңа тақырыптарды, жаңа пәндерді енгізді.

Технологиялық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ілесу мақсатында пәндік мазмұнды кезең-кезеңімен қайта қарау жаһандану дәуірінде тиімсіз болуы ықтимал. Себебі ақпарат нөпірі тежеусіз жылдам өзгереді. Мектеп түлегі ересек өмірге қадам басқанда білім беру ұйымында алған білімі ескеруі мүмкін екендігін көптеген ғалымдар жиі айтады. Сондықтан білім алушы мектепті тәмәмдағанда жаңаны жылдам табу, және кәсіби әлеуметтенуге әсер ететін білімнің ескіруі. Үздік тәжірибелер мен модельдерді енгізу білім беру болашаққа бағытталған жағдайды жақсартуға көмектеседі. Егер бағдарламаға дәстүрлі мектеп пәндерінде немесе тіпті жаңа пәндерде жаңа тақырыптарды енгізу дәстүрлі педагогикалық тәсілдер шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін болса, онда кәсіби (пәндік) және өмірлік міндеттерді шешу үшін білімді қолдана білу сияқты білім беру нәтижесіне қосымша назар аудару жаңа тәсілді қажет етті. Бұл жаңа тәсіл құзыреттілік деп аталды. Сондықтан біз білім алушылардың әмбебап құзыреттілігін және функционалды сауаттылығын дамытуды алдыңғы орынға шығардық.

Біз ең алдымен құзыреттілік ұғымына тоқталайық. Құзыреттілік ұғымы латын тілінен аударғанда *competens* – қабілетті, қатысты деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір салаға қатысты тұлғаның білім, білік, дағдыларының сәйкестігінің көлемі деп анықталады.

Жалпы құзыреттілік деп белгілі бір іс-әрекет шеңберінде әрекет етуге қажетті білім, білік, дағдылардың жеткіліктілігін және оны тәжірибеде тиімді қолдана білуді айтады.

Әр түрлі түсіндірме сөздіктерде (кеңестік энциклопедиялық сөздік, 1989; орыс тілінің сөздігі, 1988) «құзыреттілік» ұғымын түсіндіру мазмұны жағынан белгілі бір сұрақтар шеңберіндегі адамның білім, білік, дағдысы, екінші жағынан белгілі бір сала бойынша білімі мен тәжірибесінің қосындысы ретінде түсіндіріледі ал, құзырет, бұл – белгілі бір қызметкердің сол лауазымға сәйкес рұқсат етілген әрекеттер шеңберін қамтиды немесе сол лауазымға сәйкес білімі мен тәжірибесінің болуын көрсететін белгіленген шеңбер деп түсіндіріледі.

1-кесте. Құзыреттілік ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары

Автор	Анықтама
1	2
К.С.Құдайбергенова	Құзыреттілік – белгілі бір салаға қатысты маманның нені білу, түсіну, меңгеру керектігін сипаттайтын немесе қандай нәрсеге қабілетті екендігін көрсететін, сол салаға қатысты кәсіби сұрақтар шеңберінде шешім шығара білуі [4].
С.В. Дроздова, Н.И.Алмазова	Құзыреттілік – адамның кәсіби саласына қатысты білімді, дағдыны сапалы қолдана білуі [5].
М.Ж.Жадрина	Құзыреттілік – білім, білік дағдылар мен өмірлік тәжірибені қабылдау. Тұлғаның мәселелерді білім, білік, дағдыларды пайдалана отырып басқаруда қолдана білуі [6]
А.В.Хуторской	Құзыреттілік – белгілі бір субъектілер мен процестерге байланысты білім, білік, дағды және әрекет ету тәсілінің жиынтығы [7]
О.А.Козырева	Құзыреттілік – табысты қызметке қажетті білімнің болуы және сол білімнің тәжірибедегі маңызын түсінуі, кәсіби дағдылардың жиынтығы мен кәсіби қызметке шығармашылық көзқараспен қарап, өз қызметін жетілдіру қабілеті [8]
Ш.Т.Таубаева	Құзыреттілік – оқыту мен әлеуметтену процесінде меңгерген білімі мен тәжірибесінің жиынтығы және белгілі бір іс-әрекетке даярлығын қамтитын тұлғаның интеграцияланған қасиеті [9]

1	2
В.Н. Шамова	Құзыреттілік – ақиқат шеңберіндегі білім, білік, тәжірибе мен саналы бағдардың жиынтығы [10].
Б.С.Гершунский	<p>Құзыреттілік негізінен кәсіптік білім беру деңгейімен, адамның тәжірибесі мен жеке қабілеттерімен, оның үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасымен анықталады деп көрсетеді.</p> <p>Құзыреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- функционалдық сауаттылықты кәсіби деңгейде талап етіледі және жаңартылады;</li> <li>- құзыреттілік компоненттері, олар пәндік мазмұнға емес, тұлғаның қалыптасқан қасиеттеріне байланысты болуы</li> </ul> <p>Құзыреттілік жауапкершілік, шығармашылық, қызығушылық, табандылық, ұмтылыс жаңа білім алу және жоғары адамгершілікке ие болуы[11].</p>
М.А.Холодная	Құзыреттілік – белгілі бір қызмет саласында шешім қабылдауға мүмкіндік беретін арнайы пәндік білімнің ерекше түрі [12]
Л.М. Митина	Құзыреттілік – білім, білік, дағды мен тәжірибеде, тілдесуде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері [13]
И.А.Зимняя	Құзыреттілік – бұл адамның ішкі әлеуеті, психологиялық жаңа түзілімдері, яғни білімі, білігі, әрекет ету алгоритмі мен құндылықтары, әрекетке қатынастар жүйесі деп түсіндіреді [14]
Mulder	<p>Құзыреттілік – қандай да бір мәселені шешу және нәтижеге жету үшін белгілі бір мәнмәтін шеңберіндегі білімнің, дағдылардың және іс-әрекеттік ұстанымдардың біріктірілген жиынтығы [24]. Яғни:</p> <p>Білім – тапсырманы немесе тақырыпты түсінуге ықпал ететін фактілер, сандар, идеялар мен теориялар. Олар проблемаларды шешу үшін қажетті ақпаратты талдауға және түсіндіруге негіз болады.</p>

1	2
	<p>Дағдылар – бұл нақты іс-әрекеттерді орындау және қолда бар білімді мақсатқа жету үшін пайдалану қабілеті. Олар тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті техникалық және тұлғааралық дағдыларды қамтиды.</p> <p>Іс-әрекеттік ұстанымдар – адамның идеяларға, адамдарға және жағдайларға реакциясына әсер ететін принциптер мен құндылықтарды қамтиды. Олар әртүрлі мәнмәтінге сәйке өнімділік пен тиімділікке әсер ететін мінез-құлық және эмоционалдық аспектілерді анықтайды [24].</p>

*Ғылыми зерттеулерге талдау жасай отырып, құзыреттілік – бұл белгілі бір талаптар мен стандарттарға сәйкес міндеттерді сәтті және тиімді орындау қабілетін көрсететін көп қырлы және динамикалық қасиеттер жиынтығы деуге болады.*

Ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік ұғымы білімнің жалпы жиынтығынан басқа, белгілі бір әрекет етудің ықтимал салдарын, білім деңгейі мен практикалық қолдану тәжірибесін білдіреді. Құзыреттілік – бұл білім мен тәжірибенің болуы ғана емес, сонымен қатар өз функцияларын орындау кезінде оларды басқара білуі және ол әрдайым іс-әрекет барысында сапасы көрініс табады.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, түйінді құзыреттіліктер адамның зияткерлік қызметтің іргелі аспектілерін дамытуға ықпал етеді, яғни сыни және жүйелі ойлау қабілетін дамытуға және құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді. Қызмет саласына қарамастан, маманға өзінің кәсіби саласында лайықты орын алуға және мансабын құруға мүмкіндік беретін құзыреттер ерекше рөл атқарады. Мұндай құзыреттерді әмбебап құзыреттіліктер, немесе жұмсақ дағдылар (soft skills) деп те атайды. Олар тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруға, әлеуметтік өзара әрекеттесуге және өзгермелі жағдайларға бейімделуге мүмкіндік беретін дағдылары мен қабілеттерін қамтиды.

Ал, О.П. Миханова әмбебап құзыреттіліктерді адамның қоғамда табысты болуын қамтамасыз ететін, кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында қолдануға жарамды қасиеттер жиынтығы ретінде қарастырады [15]. Әмбебап құзыреттіліктер әртүрлі мақсаттарға қол жеткізуде көптеген міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады. В.В. Белкина әмбебап құзыреттілік адамға жағдайды сыни тұрғыдан бағалау, аналитикалық тәсілді қолдану, тиімді тұлғааралық қарым-қатынас орнату дағдыларын меңгеруі арқылы әрекет ету мүмкіндігінің шеңберін кеңейтетіндігін ерекше атап өтеді [16].

Әмбебап құзыреттілік – бұл адамдарға өмірінің түрлі аспектілерінде, соның ішінде кәсіби, әлеуметтік және жеке салаларда қажет болатын дағдылар мен қабілеттер жиынтығы. Бұл құзыреттіліктер заманауи тез өзгеретін қоғамды басқару үшін өте маңызды және сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу, ынтымақтастық және өзін-өзі ұйымдастыру сияқты дағдыларды қамтиды [17].

Әмбебап құзыреттілікті дамыту еңбек нарығындағы өзгерістермен байланысты. Сол себепті құзыреттілік адам өміріне қажетті әрі маңызды болып табылатын білім, білік, дағдылардың жиынтығы. Сол үшін әмбебап құзыреттілік білім алушыларда қалыптастыру қажет екендігі дау туғызбайды.

Финляндия, Австралия, АҚШ–тың кейбір Штаттары мен Канада, Корея, Сингапур, Шотландия және Ирландия провинциялары және басқада инновациялық экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдер 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында құзыреттілік тәсілге негізделген білім беру бағдарламаларына көшуді бастады. Бұл елдердің білім беру бағдарламаларында:

– өз елдерінің ерекшелігіне және стратегиялық мақсаттарына сәйкес пәндік және әмбебап құзыреттілік мен «жаңа сауаттылық» дағдыларының тізбесін әзірледі;

– олардың даму деңгейінің индикаторлары және оларды бағалау құралдарын әзірледі;

– құзыреттілікті дамыту әдістерін айқындады және оны оқыту және оқу тәжірибесіне енгізді.

Кейінірек бұл процеске Қытай, Жапония, Нидерланды, Шығыс Еуропа және Латын Америкасы елдері қосылды [17].

Құзыреттілік тәсіл негізінде жалпыға бірдей танылған білім беру моделі әлі қалыптасқан жоқ. Дегенмен, реформалау өзектілігін жоғалтқан білімді қайта қарауға немесе жаңа оқу курстарын әзірлеуге емес, педагогикалық тәжірибелерді жүйелі түрде өзгертуге және оқу нәтижелерін бағалауға бағытталғаны анық. Сонымен қатар, білім беру мазмұны жазықтығында тәртіптік білімді құрылымдаудың жаңа тәсілдері ұсынылады: шамадан тыс жүктеме мәселесін алып тастау, сонымен қатар оқу бағдарламасының негізгі шеңберінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және сонымен бірге өзгермелі әлем аясында икемді жедел түзетулер енгізу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қажет.

Әр елдің білім беру жүйесі өмір бойы білім алу және өзін-өзі дамыту идеясын қолдай отырып, білім алушыларды тұлғалық дамытуға басымдық береді. Үздіксіз білім беру шеңберінде білім алушыларды жылдам өзгермелі әлемде өмір сүру мен жұмыс жасауға сәтті бейімделуге қажетті икемділік, бейімделу және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға баса назар аударылады<sup>16</sup>. Алайда, жеке тұлғаны қалыптастыру тәсілдері айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін, бірақ тұтастай алғанда олардың барлығы білім алушыларды қоғамда және кәсіби салада табысты өмір сүруге дайындауға бағытталған.

АҚШ білім беру жүйесінде білім алушының жеке басын дамытуға басымдық береді. Тәрбие бағдарламасы оқу тапсырмаларының және сыныптан

тыс іс-шаралардың мазмұнына кіріктірілген. Мектептер білім алушылардың әлеуметтік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында оқу стандарттарына азаматтық білім беру, этика және әлеуметтік ғылымдар бағдарламаларын енгізеді. Балалардың көшбасшылық пен командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту және жауапкершілігін қалыптастыру үшін сыныптан тыс іс-шараларға, спортқа көп көңіл бөлінеді.

Еуропа елдерінде білім алушылардың академиялық жетістіктерімен қатар олардың эмоционалды әл-ауқатына, әлеуметтік бейімделуіне, яғни кешенді дамуына көп көңіл бөлінеді. Оқу бағдарламаларының мазмұнына қоғамның жауапты және саналы мүшелерін қалыптастыруға бағытталған моральдық және азаматтық тәрбие элементтері кіріктірілген [18].

Азия елдерінде тәрбие білім беру стандартына енгізілген. Жапония мен Оңтүстік Кореяда жалпы мектептішілік іс-шаралар мен сынып сағаттары арқылы білім алушылардың моральдық және патриоттық тәрбиесіне үлкен мән беріледі. Қытайда оқу бағдарламалары шеңберінде идеология мен моральдық тәрбиені қамтитын сағаттар қарастырылады, бұл азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы мектептің рөлінің басымдығын көрсетеді. Гонконгтың білім беру стандарты Қытай философиясына негізделген және табандылық, құрмет, жауапкершілік, ұлттық бірегейлік, адалдық, басқаларға қамқорлық, заңға бағыну, эмпатия және еңбекқорлық құндылықтарына басымдық береді. Бұл елдерде мектептегі тәрбиеге жоғары талап пен қатаң тәртіпті сақтаумен байланысты [19]. Сингапурдың оқу бағдарламасында қамқорлық, адалдық, құрмет, төзімділік, жауапкершілік және үйлесімділік сияқты құндылықтарға негізделген құзыреттерді дамытуға баса назар аударылады [20].

ЮНЕСКО-ның «Білім берудің жаһандық мониторингі» есебінде білім алушылардың адам құқықтары мен этномәдени әртүрлілікке деген құрметін қалыптастыру және жаһандық азаматтық тәрбие беру қажеттілігін атап көрсетеді [21].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) PISA бағдарламасының зерттеулері арқылы білім беру жүйелерінің білім алушылардың өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларға бейімделуіне қажетті қабілеттерін дамытуға ықпалын зерттейді. ЭЫДҰ -ның «Жастарымызды инклюзивті және тұрақты әлемге дайындау» есебі тұрақты болашақ үшін негізгі құзыреттерді дамытуға ерекше мән береді [22].

Дүниежүзілік банк өз бастамаларында экономикалық даму призмасы арқылы білім берудің маңыздылығын атап өтіп, кедейлікті азайту және өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін тәрбиенің маңыздылығына назар аударады [23].

Осылайша, әдістер мен тәсілдердің айырмашылықтары болғанымен, көптеген елдерде тәрбие білім беру стандарттарының мазмұнымен тығыз байланысты және әртүрлі сабақтан тыс жұмыстармен толықтырылған. Бұл тәсілдеме білім алушылардың тек академиялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық және этикалық мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Демек, қазіргі кезеңде әлем білім алушылардың академиялық дайындығын

ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемде нәтижелі өзара әрекеттесуге қабілетті әлеуметтік жауапты, моральдық жағынан жетілген және мәдени-бай азаматтарды қалыптастыруға ықпал етуді алдыңғы орынға қоятындығын көруге болады.

DeSeCo (OECD, 2005), «XXI ғасырдың дағдыларын бағалау және дамыту» (ATC21S) (Griffin, Care, 2015), «Фора есебі» және «Делора есебі» ЮНЕСКО жобасында тұжырымдалған негізгі құзыреттердің тұжырымдамалық шеңбері (Faure, 1972; Delors, 1996), сондай-ақ Халықаралық бюроның білім беру бойынша есебі ЮНЕСКО (UNESCO, 2018) құзыреттерді әзірлеу мен бағалауға кешенді көзқарастың маңыздылығын көрсетеді.

2-кесте. Білім беру жүйесіндегі құзыреттіліктер шеңберіне салыстырмалы талдау

Дереккөз	Құзыреттіліктер шеңбері
1	2
Делора доклады (ЮНЕСКО)	<ul style="list-style-type: none"> <li>– тануды үйрену;</li> <li>– жасап үйрену;</li> <li>– бірге болуға үйрену;</li> <li>– бірге өмір сүруге үйрену [25]</li> </ul>
ЮНЕСКО бойынша білім берудің халықаралық бюросы	<ul style="list-style-type: none"> <li>– үздіксіз білім беру (креативтілік, білімге құштарлық, сыни ойлау);</li> <li>– дербестілік (инициатива/ драйв/ мотивация, төзімділік/ табандылық / жауапкершілік);</li> <li>– ресурстарды және құралдарды интербелсенді қолдану (ресурстарды тиімді және өнімді қолдану, жауапкершілікпен қолдана білу);</li> <li>– басқалармен әрекеттесу (командада жұмыс істеу, ынтымақтастық, келіссөз жүргізу);</li> <li>– өзімен және әлеммен өзара әрекеттесу (жергілікті және жаһандық ойлау, құқық пен мүмкіндіктің, еркіндік пен сыйластықтың арасындағы тепе теңдікті сақтау);</li> <li>– пәнаралық байланыс (жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар);</li> <li>– мультисауаттылық (оқу және жазу, математикалық және цифрлық сауаттылық) [26].</li> </ul>
DeSeCo	<ul style="list-style-type: none"> <li>– көзқарастары, ұстанымдары, білімі, өмірлік тәжірибесі түрлі топтарда өзара әрекеттесу;</li> <li>– құралдарды интербелсенді қолдану (тіл, технология);</li> <li>– өз бетінше дербес әрекет ету білігі [27].</li> </ul>

1	2
ATC21S	<ul style="list-style-type: none"> <li>– ойлау тәсілдері (шығармашылық және инновация, сыни ойлау, міндеттерді шешу, шешім қабылдау, жаңаны тану және метатаным);</li> <li>– жұмыс тәсілдері (байланыс, ынтымақтастық және топтық жұмыс);</li> <li>– жұмысқа арналған құралдар (ақпараттық сауаттылық, АКТ саласындағы сауаттылық);</li> <li>– әлемдегі өмір (өмір мен жұмыс, жеке және әлеуметтік жауапкершілік) [28].</li> </ul>
Дүниежүзілік банк	<ul style="list-style-type: none"> <li>– когнитивтік дағдылар, оның ішінде базалық дағдылар: академиялық дағдылар (сауаттылық, санау, жазу, есептеу т.б.) және когнитивтік дағдылар;</li> <li>– әлеуметтік-эмоционалды дағдылар (өзін - өзі түсіну, өзін-өзі ұйымдастыру, басқалармен қарым-қатынас құру қабілеті)</li> <li>– практикалық дағдылар (кәсіпкерлік, цифрлық).</li> </ul> <p>Осы аталған когнитивтік, әлеуметтік-эмоционалды, практикалық дағдылардың өзара үйлесімді дамуы шешім қабылдау мен ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптасуына ықпал етеді [29].</p>
RAND Corporation, Азиялық қауымдастық	<ul style="list-style-type: none"> <li>– когнитивтік (сыни ойлау, ақпараттық сауаттылық, пайымдау және аргументтер табу, инновация);</li> <li>– тұлғааралық (коммуникация, ынтымақтастық, жауапкершілік, қақтығыстарды шешу);</li> <li>– тұлғайшілік (ікемділік, бастамашылдық, әрталаундылықты түсіну, өзінің оқуы туралы ойлану) [30].</li> </ul>

Әр түрлі халықаралық ұйымдар мен ғылыми-зерттеу институттарының заманауи білім беру шеңберлері ХХІ ғасырда табысты жұмыс істеуі үшін қажетті негізгі құзыреттерді анықтайды.

Жоғарыда келтірілген шеңберлерді қорытындылай келе, қазіргі білім берудің негізі болып табылатын құзыреттердің бірнеше негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- когнитивті және сыни дағдыларды дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды даму және командада жұмыс істеу қабілеті;
- жеке даму және тәуелсіздік;



- практикалық дағдылар және сандық сауаттылық;
- ресурстарды интерактивті және жауапты пайдалану.

Бұл құзыреттер өзара байланысты және білім алушыларды тез өзгеретін әлемде табысты өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауға негіз жасайды.

Канадалық білім беру жүйесінің табыстылығы PISA халықаралық зерттеулерінің жоғары нәтижелерімен расталған. Соңғы 10-15 жыл көлемінде бастауыш және негізгі білім беру деңгейлерінде сауаттылық бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізген.

2003 жылы Канаданың Онтарио провинциясындағы оқу, жазу және математика бойынша 3 және 6 сынып білім алушыларының нәтижелері қанағаттанарлықсыз деп танылды. Бұған жауап ретінде провинцияның жаңа үкіметі білім беруді жақсартуды өзінің басты басымдығы деп жариялады және үш негізгі мақсатты белгіледі: 1) білім алушылардың үлгерім деңгейін көтеру; 2) оқуда қиындықтары бар білім алушылардың артта қалуын азайту; 3) қоғамның мемлекеттік білімге деген сенімін арттыру.

### 3-кесте. Онтарио провинциясының басты мақсаты

№	Басты мақсат	Негізгі міндеттері
1	Білім алушылардың үлгерім деңгейін көтеру	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Оқу және математикалық сауаттылық стандарттарына қол жеткізетін 3 және 6 сынып білім алушыларының үлесін 54%-дан 75%-ға дейін арттыру.</li> <li>▪ Орта мектепті бітіретін білім алушылардың үлесін 68% - дан 85% - ға дейін арттыру</li> </ul>
2	Оқуда қиындықтары бар білім алушылардың артта қалуын азайту	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Қосымша ресурстар мен қолдау көрсету арқылы оқуда қиындықтарға тап болған білім алушылардың үлгеріміндегі алшақтықты азайту</li> </ul>
3	Қоғамның мемлекеттік білімге деген сенімін арттыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Ашықтық және барлық мүдделі тараптарды тарту арқылы ата-аналар мен қоғамның білім беру жүйесін қабылдауы мен сенімділікті арттыру</li> </ul>

Кестеде көрсетілген басты мақсаттар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп 2015-2016 оқу жылында бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді:

#### 1) Оқу үлгерімі:

- Оқу және математикалық сауаттылық бойынша провинциялық стандарттарға қол жеткізген білім алушылардың үлесі 72% - ға дейін өсті.
- Орта мектепті бітірген білім алушылардың үлесі 86,5% - ға жетті.

Артта қалуды азайту:

– Екінші тіл ретінде оқитын білім алушылардың 6-сыныптағы ағылшын тіліндегі үлгерім алшақтығы 2003 жылғы 30% - дан 2015 жылы 3% - ға дейін қысқарды.

– Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар бірыңғай тест нәтижелері 12% - дан 46% - ға дейін өсті [3].

Демек, бұл жетістіктер білім беру мазмұнын, педагогикалық тәжірибені, басқаруды және қоғамдастықты тартуды жақсартуға бағытталған күш-жігердің арқасында деп түйіндеуге негіз бар. Тиімді өзгерістер уақытты қажет ететінін және Онтарио провинциясының жетістіктері білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде кешенді тәсіл мен тұрақты қолдаудың маңыздылығын көрсетті. Бұл нәтижелерге қол жеткізуде үкімет, мектеп басшылығы және педагогтердің өзара серіктестігі ықпал етті. Аталған өзгерістерді қолдау үшін келесідей принциптер басшылыққа алынған:

- мақсаттар саны аз, бірақ биік мақсаттар түрінде болды;
- басшылар педагогтермен бірлесіп басқарады;
- жоғары стандарттар мен күтілетін нәтижелер белгіленді;
- мектеп басшылары мен педагогтерін ұдайы әрі жүйелі кәсіби дамыту;

- барлық жүйені жақсарту үшін оқыту нәтижелері мен тиімді тәжірибелерге талдау жасалды;

- басшылардың оқу мен оқыту тәжірибесіне араласуы жазалау мақсатында емес, қолдау көрсету мақсатында болды;

- негізгі мақсаттардан ауытқымайды;

- ашықтық, табандылық, тапсырмалары күрделендіру.

2016 жылы Канаданың Білім министрлігі Кеңесі (СМЕС) ұзақ мерзімді зерттеулер мен талқылаулардың нәтижесінде Жалпыканадалық әлеуметтік, технологиялық, экономикалық және мәдени тұрғыдан өзгертін әлемге дайын болуы үшін білім алушылар нені білуі, түсінуі және істей алуы керектігі туралы толық сипаттама мен нақты дескрипторлар ұсынды және жаһандық құзыреттіліктер шеңберін қабылдады (7-сурет). Қабылданған жаһандық құзыреттіліктер шеңбері БҰҰ 2030 жылға дейінгі тұрақты дамудың 4 мақсатына қол жеткізуге бағытталған.

Оқытудың тағы бір маңызды компоненті ретінде қаржылық сауаттылықты белгіледі. Канаданың жұмыс тобы қаржылық сауаттылықты білім алушылардың қаржылық шешім қабылдауы үшін қажетті білім, білік, дағдылар түрінде сипаттаған.

Ұсынылған жаһандық құзыреттіліктер шеңберіне сәйкес жергілікті жерлер өздерінің білім беру бағдарламаларын және оқу ресурстарын, материалдарын әзірлейді.

# Канада бойынша құзыреттіліктер шеңбері



7-сурет. Канада бойынша құзыреттіліктер шеңбері

4-кесте. Канада бойынша құзыреттіліктер шеңберінің сипаты [30-36]

Компонент	Анықтамасы	Дескриптор
1	2	3
Сыни ойлау және шешім қабылдау	Негізделген шешімдер қабылдау үшін ақпаратты алу, өңдеу, талдау және түсіндіру	Негізделген шешімдер қабылдау үшін ақпарат алу, өңдеу, талдау және түсіндіру
Инновациялық, креативтілік және іскерлік ұстанымдар	Қоғамдастықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мен тұжырымдамаларды, идеяларды, өнімдерді жетілдіру үшін идеядан әрекетке өту қабілеті	Нақты шешімдерді таба білу және өз пікірін білдіру, күрделі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге қатысу
Үйрене білу/ өзін-өзі түсіну және өзін-өзі реттеу	Дербес әрекет ету, табандылық, өзін-өзі реттеу, ынталандыру дағдылары және өзін-өзі дамытуға ниетті болу қабілеті	Метатануды қолдана білу, мақсат қою, дербестілікті сақтау, өмір бойы оқуды өз бетінше реттеу дағдылары

1	2	3
БІнтымақтастық орнату қабілеті	Танымдық, тұлғааралық және тұлғаишілік құзыреттердің өзара әрекеттесуі	Сыпайы қарым-қатынас орнату, басқалардан үйрену және басқаларға көмектесу дағдылары
Коммуникация	Басқалардың ойын түсіну және мәнін білу, жергілікті және жаһандық перспективаларды түсіну, цифрлық сауаттылық	Тиісті құралдарды пайдалана отырып, ауызша және жазбаша түрде тиімді қарым-қатынас жасай білу
Жаһандық азаматтық және тұрақты дамуға бағдарлану	Жаһандық және жергілікті деңгейде проблемаларды шешуге белсенді үлес қосу және әртүрлілік құндылығын мойындау дағдылары	Қоғамдағы әртүрлі факторлар мен құбылыстардың (экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси) өзара байланысты және бір-біріне қалай әсер ететінін түсінеді, басқаларды (дініне, түсіне, ұлтына т.б. ерекшеліктер) кемсітуге жол бермейді, қоғамды жақсартуға үлес қосады, өмір сүру жағдайларын жақсартуға ұсыныстар береді және оны жүзеге асыруға ұмтылады.

Кестеде ұсынылған құзыреттіліктер шеңбері білім беру бағдарламаларына, оқу тапсырмаларының мазмұнына енгізілген. Бұл құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін Канада білім беру жүйесі ең алдымен білім беру ұйымының басшысының педагогтермен бірлескен іс-әрекеттері, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту және оқу ортасын құруды белгіледі.

Басшылар педагогтердің шешімдеріне толықтай сенім білдіру, яғни педагог белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін қабылдаған шешімі дұрыс, себебі, ол өз пәнін жетік біледі және білім алушының қажеттілігін түсінеді деген ұстанымға сүйену арқылы педагогтерге оқу-тәрбие процесін басқаруда сенімгерлік

танытты. Келесі Канада тәжірибесінде ата-аналарды білім беру процесіне тартуды алдыңғы орынға шығарып, ата-анамен серіктес ретінде қарым-қатынас орнатудың келесідей қағидаларын ұсынды:

- жағымды атмосфера орнату;
- білім беру ұйымына серіктес ретінде қатысу мүмкіндігі туралы ашық, анық ақпарат беру;
- ұдайы диалогқа түсу;
- ата-аналар тарапынан балаға қолдау көрсету мүмкіндіктері туралы тұрақты ақпарат беру.

Осы аталған қағидалар негізінде Канада тәжірибесінде білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы серіктестің жаңа форматы жүзеге асырыла бастады. Ата-аналардың белгілі бір шешім қабылдау барысына қатысуы оқу ортасын байытуға ықпал етті. Сонымен қатар, Канада ата-аналарды оқу ортасына тарту үшін гранттар бөлінді.

## Әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін қолданылған педагогикалық тәсілдер

(Канада тәжірибесі)



8-сурет. Канада тәжірибесінде әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыруда қолданылған педагогикалық тәсілдер

5-кесте. Оқу процесінде білім алушыларда әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін келесідей педагогикалық тәсілдер [30-36]

Педагогикалық тәсілдеме	Сипаттамасы
<b>1</b>	<b>2</b>
Озық педагогикалық тәжірибелерді енгізу	Зерттеу, жобалау және эмпирикалық оқыту Тағылымдамадан өту және қоғамдастықпен байланысты кеңейту (физикалық және виртуалды)

1	2
	Хакатондар мен басқа да STEAM-бағдарланған іс-шараларды өткізу Информатика, экология, медицина, деректерді талдау, инженерия, ойындар, сандық медиа, бағдарламалау және робототехника саласындағы тәжірибені қалыптастыру
Білім алу үшін қауымдастықтар құру	Пікір алмасуды, сыни ойлауды және этикалық ұстанымдарды дамыту Ойдың алуан түрлілігімен танысу (әр адам әртүрлі ойлайтындығын, белгілі бір көзқарасқа, ұстанымға қатысты түрлі ойлардың, пікірлердің болатындығы туралы білу)
Түрлі құралдарды шығармашылықпен қолдануды ынталандыру	Жаһандық пікірталастарға, әртүрлі қызығушылықтары бар аудиторияларға қатысу үшін, түрлі проблемаларды талдау және оны шешу үшін шешім қабылдау мақсатында цифрлық медиа форматтарды қолдану
Бірлескен әрекетке қатысуды қамтамасыз ету	Бірлесіп қатысудың кең мүмкіндіктерін қолдану, білім алушылардың басқалармен диалогқа, ынтымақтастыққа және зерттеуге қатысатын және олардың пікірлері ескерілгенін сезінетін аралас және интерактивті орталарды қамтамасыз ету
Оқу нәтижесі үшін бірлескен жауапкершілік	Білім алушылар бір-бірінен үйренеді, мұғалімдер білім алушыларға өздерінің оқуын басқару мүмкіндіктері ұсынады, дәстүрлі оқыту моделінен жоғарыдан төменге қарай шынайы оқу экожүйелеріне көшу арқылы оқу нәтижесіне жетуде бірлескен жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Канада тәжірибесін түйіндей келе, білім алушылардың табысты болашағы үшін қарым-қатынас орнату, проблемаларды шешу, сыни ойлау, креативтілік, жаһандық құзыреттілік дағдыларының маңызды екендігін көруге болады.

Қытай елінің білім беру жүйесі «жан-жақты дамыған адам» қалыптастыруды көздейді және барлығына жарамды деп танылған тәсілдемеден, әр білім алушының жеке даралығын қолдауға бағытталған тәсілдемеге көшуде.

2001 жылы Қытай «сапаға бағытталған білім беру» принципіне негізделген

білім беру реформасын бастады. Бұл реформа оқулықтарды, бағалау құралдарын және емтихан тапсырмаларын әзірлеуге және білім беруді басқаруға негіз болатын ұлттық оқу жоспарын құруға әкелді (Qiquan Zhong, 2016) [39].

Реформаның негізгі бағыттары:

Ұлттық оқу жоспары: білім алушылардың білімі мен қолданбалы дағдыларына, эмоционалдық дағдыларына, белсенділік көзқарастарына және оқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі құндылықтарға қойылатын негізгі талаптарды көрсетті.

Бағалау және емтихан жүйесін реформалау туралы есеп (2002): адамгершілік қасиеттерді, азаматтық сауаттылықты, оқу қабілетін, қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын, спорттық Дағдылар мен салауатты өмір салтын, сондай-ақ пәндік білім мен дағдыларды қамтитын «дамудың негізгі мақсаты» ұғымын қамтыды.

Білім беру сапасын жан-жақты бағалау тұжырымдамасы [40]:

«Базалық білім беру бағдарламасын реформалау саласындағы эксперимент» құжатында ұсынылған. Ол дамудың алты аспектісін қамтиды: адамгершілік қасиеттер, азаматтық сауаттылық, оқу қабілеті, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдылары, спорттық дағдылар мен салауатты өмір салты, пәндік білім мен дағдылар.

Дамудың бұл аспектілері кейінгі құжаттарда ұсынылған әмбебап құзыреттіліктерге толық сәйкес келмесе де, оларды біріктірудің алғашқы қадамы ретінде қарастырылады. Қытайдың білім беруді реформалау тәжірибесі академиялық және тұлғалық қасиеттер мен әлеуметтік дағдыларды ескере отырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына бағытталған.

## ӘМБЕБАП ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ

*Қытай елінің білім беру жүйесінің тәжірибесі*



9-сурет. Қытай елінің тәжірибесінде әмбебап құзыреттіліктің негізгі салалары


Әмбебап құзыреттіліктер білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілік сезімін нығайтуға, инновациялық ойлауы мен практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Осы мақсаттарға жету үшін білім алушыларды тұлға ретінде құрметтеу және олардың тұлғалық қасиеттерін, сондай-ақ оқу қабілеттерін дамытуға көмектесуді қажет етеді.

Білім алушылар оқу процесінде әлеуметтік мәселелерді шешу дағдысын қалыптастыру үшін әлеуметтік белсенді болуға, қоғамдық әрекеттерге белсенді қатысуға тартылады.

Әлеуметтік проблемаларды шешуге қатысу шешуші рөл атқарады, өйткені шешуі керек [41].

Бұл бағыттар білім алушылардың жеке өсуіне, әлеуметтік интеграциясына және мәдени байытуына ықпал ете отырып, Қытайдың білім беру жүйесінде жан-жақты дамуына негіз болады (Тао Хін, 2016а) [42].

Қытай білім беру жүйесінде білім алушылардың «жан-жақты дамуының» негізгі үш элементі – тұлғалық даму (өзін-өзі дамыту), әлеуметтік белсенділік және мәдениеттілік іргетасы және сауаттылықтың алты типін, яғни оқи білу білігі, салауатты өмір салтын ұстануы, жауапкершілік, инновациялық, гуманистік мұраны білу және ғылымилық рух деп жіктеген.



10-сурет. Қытай білім беру жүйесінде білім алушылардың «жан-жақты дамуының» негізгі үш элементтері



Қытай білім беру жүйесі осы элементтердің негізінде білім алушылардың бойында болуы керек әмбебап құзыреттіліктердің сипаттамасын келесі кестеде ұсынады.

6-кесте. Қытай білім беру жүйесіндегі әмбебап құзыреттіліктердің негізгі элементтері және сипаттары

<b>Әмбебап құзыреттіліктер</b>	<b>Негізгі элементтері</b>	<b>Сипаттамасы</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
Медениеттік іргетасы	Гуманитарлық мәдениет	Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде гуманитарлық сала бойынша базалық білім мен жетістіктерді жинақтау; гуманитарлық саладағы білім жолдарын игеру.
	Гуманистік сезім	Гуманистік сана, адамның қадір-қасиетін құрметтеу; адамның өмір сүруі, дамуы және бақыты мәселелеріне алаңдаушылық білдіру.
	Эстетикалық талғам	Өнер саласына қатысты білім мен дағдыларды жинақтау; мәдениет пен өнердің алуан түрлілігін түсіну және құрметтеу қабілеті; сұлулықты сезінудің, таңырқау және бағалаудың негізгі қабілетіне ие болу; салауатты эстетикалық құндылыққа бағдарлану; көркемдік ойлау мен шығармашылыққа қызығушылық таныту және оны түсіну; өмірдегі сұлулықты кеңейту қабілеті
Ғылыми тәсілдемеге сүйену, ғылымилық рухы	Ұтымды (рационалды) ойлау	Шынайы білімге ұмтылу, негізгі ғылыми принциптер мен әдістерді түсіну және меңгеру қабілеті; фактілер мен дәлелдемелерді

		күрметтеу;
6-кестенің жалғасы		
1	2	3
		эмпирикалық сана; оқытуға мұқият көзқарас; нақты логикалық ойлауды көрсету; есептерді шешу және ғылыми ойлау тәсіліне сәйкес мінез-құлықты басқару
	Сынға дайын болу және сұрақ қою	Есептерді шешу дағдылары; өз бетінше ойлау және пайымдау қабілеті; алдын ала ойлау, тапсырманы әртүрлі көзқарастардан талдау, дұрыс шешімдер қабылдау
	Жаңалық ашуға батылдық таныту	Қызығушылық пен қиял; қиындықтардан қорықпау, зерттеуші болу қабілеті; жаңа нәрселерді батыл сынап көру, мәселелерді шешудің тиімді әдістерін белсенді іздеу қабілеті
Тұлғалық даму (өзін-өзі дамыту)	Үйрене білу	Оқытудың құндылығын түсіну; оқытуда пайдалы әдеттерді дамыту; оқытудың ең қолайлы әдісін меңгеру; өз бетінше оқу, өмір бойы үздіксіз оқытудың құндылығын түсіну қабілеті
	Ойлану дағдысы	Оқуды түсіну, жақсы қарым-қатынас жасау әдеті; жағдайға байланысты оқыту стратегиялары мен әдістерін таңдай немесе реттей білу
	Ақпараттық сауаттылық	Ақпаратты саналы және тиімді алу, бағалау, табу және пайдалану мүмкіндігі; Цифрлық әлемді шарлау және әлеуметтік ақпараттандыру тенденцияларына бейімделу

		мүмкіндігі ("Интернет плюс");
--	--	-------------------------------

6-кестенің жалғасы

1	2	3
		интернеттегі мінез-құлық нормалары, ақпараттық қауіпсіздік туралы білу
Салауатты өмір сүру	Өз өміріне қамқорлық жасау	Өмірдің мәні мен құндылығын түсіну; қауіпсіздікті түсіну, өзін-өзі қорғау қабілеті; тиісті спорттық әдістер мен дағдыларды меңгеру; салауатты өмір салтын ұстану қабілеті
	Дені сау тұлға	Жағымды психологиялық көзқарас, сенімділік, өз құндылығын түсіну, тұрақтылық, оптимизм; өзін-өзі бақылау, эмоцияларды басқару, үрейді жеңу қабілеті
	Өзін-өзі реттеу	Өзін дұрыс түсіну және бағалау қабілеті; тұлғалық ерекшеліктеріне және оның әлеуетіне сәйкес дамудың дұрыс бағытын таңдау; уақыт пен энергияны ақылға қонымды бөлу, мақсаттарға жетуге бағытталған тұрақты жұмыс
Әлеуметтік белсенділік	Әлеуметтік жауапкершілік	Өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тәрбиелеу, сыпайылық, сынға ашықтық, адалдық, достық, жомарттық үлкендерге құрмет; қоғамдық және еріктілер қызметіне деген ынта, кәсіби мақсаттарға ұмтылу; өзіне және басқаларға жауапкершілік; ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін нақты түсіну; ережелерді және заңды түсіну; азаматтық міндеттемелерді белсенді орындау және азаматтық құқықтарды ұтымды пайдалану;

		бостандық пен теңдікке ұмтылу, 6-кестенің жалғасы
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
		әлеуметтік әділеттілікті қорғау қабілеті; махаббат пен құрмет табиғатқа, «жасыл» өмір салты және тұрақты даму принциптерін түсіну
	Ұлттық бірегейлік	Ұлттық сана, дамудың ұлттық шарттары мен тарихын түсіну, өзінің ұлттық бірегейлігі туралы хабардар болу, ұлттық егемендікті, қадір-қасиет пен мүдделерді саналы түрде қорғау; қытай ұлтының жетістіктеріне деген мәдени сенімділік пен құрмет, Қытайдың дәстүрлі мәдениеті мен социалистік мәдениетін насихаттау; Қытай Коммунистік партиясының тарихы мен даңқты дәстүрлерін түсіну, партияға деген сүйіспеншілік және оны белсенді қолдау; социализмнің негізгі құндылықтарын түсіну, қабылдау және саналы түрде ұстану, жалпы қытайлық ерекшелігі бар социализм идеалдары, қытайлық Ұлы Ренессанстың қытайлық арманына сену және оған жету үшін әрекет етуге деген ұмтылыс
	Жаһандық сауаттылық	Жаһандық хабардарлық, ашық ой, адамзат өркениеті мен әлемінің дамуын түсіну; әлемдік мәдениеттердің әртүрлілігі мен айырмашылықтарын құрметтеу; мәдениетаралық коммуникацияға белсенді қатысу, жаһандық мәселелерге назар аудару, түсіну адамзат қоғамдастығының құндылықтары және адам

		тағдырын екенін түсіну.
--	--	-------------------------

6-кестенің жалғасы

1	2	3
Практикалық инновация	Еңбекке қатынас	Еңбекке деген құрмет пен оң көзқарас, жақсы еңбек әдеттері; практикалық еңбек дағдылар; еңбек саласындағы жақсартулар мен инновациялардың қажеттілігін түсіну, үй және өндірістік еңбектің, қоғамдық қызмет пен әлеуметтік практиканың тиімділігін арттыру арқылы табысты өмір құруға ұмтылу, адал және заңды еңбек арқылы жетістікке жету, табысты өмір сүрудің маңызын бағалау
	Мәселелерді шешу	Мәселелерді анықтай білу; мәселелерді шешуге деген қызығушылық пен ынта; тапсырманың шарттарына байланысты ақылға қонымды шешім таба білу, қиын жағдайларда әрекет ету қабілеті
	Технологияларды қолдану	Технология мен адамзат өркениетінің органикалық байланысын түсіну, технологияны меңгеруге деген қызығушылық пен ниет; практикалық қолданбалы ойлауды көрсету, трансформация қабілеті; идеялар мен бағдарламалар материалдық нысандарды жақсарту және оңтайландыру

Қытай білім беру жүйесінде де аталған құзыреттіліктер білім беру мазмұны арқылы интеграцияланған. Сонымен қатар, әмбебап құзыреттіліктер формальды емес білім беру арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы қытай білім беру жүйесінде әмбебап құзыреттіліктер шеңберіне сәйкес келесідей қадамдар жасалады:

1 қадам: оқулық мазмұны, курс таңдау

Оқулық мазмұны әзірленуде әмбебап құзыреттіліктер шеңбері ескеріледі. Оқу мазмұнындағы оқу тапсырмалары білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эмоцияларын басқаруға, құндылықтар мен ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етілетін контенттер таңдалады. Бұл әсіресе, ғылыми-жаратылыстану, қоғамтану, өнер және басқада пәнаралық сабақтастық пәндері циклдеріне қатысты. Оқулықтар әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастырудың негізгі базасы болып табылады.

2-қадам: педагогтердің кәсіби дамуы.

Инновациялық таланттарды дамыту үшін жоғары сапалы интеллектуалды қолдау мен тиімді платформаны қамтамасыз ету үшін көптеген мектептер университеттермен бірігіп, машина жасау, робототехника, дизайн, адам денсаулығы, жаңа энергетикалық технологиялар, заманауи биология салаларында заманауи зертханалық желілерді құрады. Университеттік оқытушылар мектептерде де сабақ бере алады. Оқытушылар жоғары кәсіби басшылықты қамтамасыз ететін әртүрлі салалар (инновациялар, роботтар мен модельдер, жобалау, қоршаған ортаны қорғау, жаңа энергетикалық технологиялар, шығармашылық әзірлемелер және мәдени инновациялар) бойынша білім алушылар үшін топтар құрылады [3].

3 қадам: формальді емес оқыту арқылы әмбебап құзыреттіліктерді дамыту.

Әмбебап құзыреттілікті дамыту міндеті білім алушылардың үздіксіз білім беру және әлеуметтік даму қажеттіліктерімен байланысты. «Әмбебап құзыреттіліктерді» әртүрлі пәндердің мазмұны арқылы қалыптастырумен қатар, қоғам үшін маңызды әрекеттер жасауға тарту, қоғамға қызмет ету, волонтерлік қызмет т.б. әрекеттерге белсенді қатысу арқылы білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру. Цинмин мерекесі кезінде қабірлерді тазалауға қатысу, дәстүрлі патриоттық тәрбие шаралары, қарттарға күтім жасау балаларға сүйіспеншілік пен мейірімділікті үйретеді; ауылшаруашылық жұмыстарына қатысу еңбек тәртібі мен жауапкершілік сезімін оятуға көмектеседі. Яғни қытай тәжірибесінде білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін қалыптастыру тек оқу сабақтарымен шектелмейді, мектеп жергілікті жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік іс-шараларды өткізуі керек, осылайша білім алушылар сыныптан жиі шығып, нақты өмірде практикалық сабақтар арқылы үйреніп, дамуына назар аударылады.


Англия тәжірибесіндегі «Мектеп 21» (School 21). Бұл стратфордтағы (Лондонның шығысында орналасқан) 4-18 жас аралығындағы өмірдің барлық салаларындағы балаларға арналған инновациялық мектеп.

«Мектеп 21» жобасы бастың, қолдың және жүректің тепе-теңдігіне негізделген. Бағдарлама бойынша «бас» символы – академиялық жетістікке жету үшін қажетті танымдық дағдылардың кең спектрін ұсынады, «жүрек» символы – әл-ауқатқа қажетті құндылықтар мен көзқарастар, ал «қол» символы – мәселелерді шешу дағдылары, кәсіпкерлікке қажет практикалық және шығармашылық дағдылар (қолдар). Жалпы «мектеп21» жобасы білім алушылардың танымдық дағдылары, яғни академиялық жетістігі, практикалық дағдылары мен құндылықтар жүйесі арасындағы балансты сақтауды басты

орынға қояды. Аталған оқу орнын білім алушы тек академиялық жетістіктерге жетіп қоймай, өмірге қажетті маңызды дағдыларды меңгеріп, құндылықтар мен ұстанымдары қалыптасуына бағытталған [43].

## Мектеп 21

- ➔ **БАС**  
Академиялық жетістіктерге жетуге қажетті танымдық дағдылардың кең ауқымы
- ➔ **ЖҮРЕК**  
Өмірдің игілігін сезінуіне және баланың әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін құндылықтар мен ұстанымдар
- ➔ **ҚОЛ**  
Мәселелерді шешу мен іскерлік қабілетке қажетті практикалық және креативтік дағдылар



11-сурет. «Мектеп 21» жобасының басты ұстанымы

«Мектеп 21» жобасында өзіндік құндылықтар жүйесі бекітілген. Құндылықтар білім алушылардың мінез-құлық үлгілері мен мектептегі қарым-қатынас жүйесін айқындайды. Құндылықтар жүйесі білім алушылардың, педагогтердің және басқада қызметкерлердің, ата-аналардың іс-әрекеттерін басқарады және мықты қоғамдастыққа айналуға ықпал етеді деген ұстанымға сүйенеді.

## «Мектеп 21» құндылықтар жүйесі



12-сурет. «Мектеп 21» жобасы бойынша қызмет атқаратын білім беру ұйымындағы құндылықтар жүйесі [43]

7-кесте. «Мектеп 21» жобасы бойынша қызмет атқаратын білім беру ұйымындағы құндылықтар жүйесінің сипаты

Құндылықтар	Ұстанымдар	Түсіндірмесі
1	2	3
Адамдық	Мейірімділікті таңда	Мейірімділік біздің барлық істеріміздің негізінде жатыр. Біз әркім кез-келген проблеманы шешуде қолдау сұрауға ыңғайлы болатын қамқорлық ортасын құруға сенеміз. Біз басқаларға жанашырлық пен түсіністік танытамыз, мейірімді және үйлесімді қоғамдастық құру үшін әркімнің ерекше тәжірибесін бағалаймыз.
Қауымдастық	Біз мықты ортаны қалыптастырамыз	Қауымдастық – бұл айналамыздағы адамдарға қосылу, қатысу, көрсету және қызмет ету. Мектепте және одан тыс жерлерде біз өз қауымдастығымызға оң үлес қосуға және әркімге өзін жақсы сезінуге, қолдау алуға және назар аударуға көмектесуге тырысамыз. Біз бізді ерекшелендіретін нәрсені, сондай-ақ бізді біріктіретін нәрсені түсінеміз және оны атап өтеміз. Біз бірлескен тәжірибе арқылы қарым-қатынас пен түсіністік орнату арқылы қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тырысамыз. Біз әркімнің мектепте (School 21) өз орнын сезінгенін қалаймыз.
Мүмкіндік	Жоғары, оданда жоғары жетістікке жету	Біз ерекше үлгерімге, мінез-құлықты дамытуға және жеке тұлғалық өсуге ұмтыламыз. Біз әркімді өзіміздің ең жоғары әлеуетімізді іске асыруға ұмтылуға ынталандырамыз. Біз ерекше қабілеттердің әрбір адам үшін бірегей екенін және тұлғалық өсу мен төзімділікті тәрбиелеу арқылы дамитынын мойындаймыз. Біз қиындықтарды еңсеру және адамдарға оқу жолының барлық аспектілерімен мақтануға мүмкіндік беру



1	2	3
Ашықтық	Пайымдау және даму	Біздің мектеп қоғамдастығының барлық мүшелері ашық және сенімді жағдайда өз пікірлерін білдіру мүмкіндігіне ие. Біз қызметкерлер мен білім алушылар бір-бірімен сезімдері мен пікірлерін бөлісу үшін өздерін қауіпсіз сезінулері керек деп есептейміз. Ол үшін біз өзгеруге және жетілдіруге деген ұмтылысқа негізделген ашық және құрметпен талқылаулар өткіземіз, бұл жеке адамдарға да, бүкіл қоғамдастыққа да гүлденуге мүмкіндік береді. Біз «кері байланыс мәдениетін» дамытудамыз және кері байланыс бізге жетілдіруге және дамытуға мүмкіндік беретінін білеміз.
Жауапкершілік	Алға қадам жасау	Біз өзіміздің оқуымыз бен мектеп ортасы үшін жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз. Біз жасайтын таңдау өзімізге және бір-бірімізге әсер ететінін түсінеміз. Біздің қоғамдастық мүмкіндіктерді сыныпта және одан тыс жерлерде жарқырап, мүмкіндігінше жақсы үлес қосу үшін пайдаланады. Біз қиындықтарды табанды әрі батыл еңсеріп, басқаларға да көмектесеміз [43].

Сипатталған құндылықтар жүйесі білім беру ұйымындағы мінез-құлық көріністері мен білім алушыларды оқыту мен оқуы үшін педагогикалық тәсілдемелерді таңдауға негіз болады.

Кореяның білім беру жүйесі «білімді адам» (Hongik Ingan) идеалына негізделген — «адамзаттың жалпы игілігіне ықпал ету» ұстанымына сүйенеді.


Кореяның дәстүрлі мәдениетіне және білім беру стандартындағы көзделген мақсатына сәйкес «білімді адам» идеалы келесідей сипатталған:

- өз бетінше әрекет етуге қабілетті адам, яғни тұтастықта даму идеясы негізінде өзінің өмір сүру ерекшелігін, кәсіби дамуын, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады;
- шығармашыл адам, өзінің жеке дара қабілеттеріне сүйеніп қиындықтардан қорықпай жаңаны білуге ұмытылады;

- мәдениетті адам, мәдениетті және әртүрлі құндылықтарды түсіне отырып, жалпыадамзаттық мәдениетті бағалайды және қолдайды;
- азамат, айналасындағылармен үйлесімді өмір сүреді, өзара көмек пен қолдаудың этикалық нормаларын ұстанады, демократиялық елдің азаматы ретінде өзінің қоғамдастық пен әлемге қатыстылығын сезінеді.

## Білімді адам

*Кореяның дәстүрлі мәдениетіне және білім беру стандартындағы көзделген мақсатына сәйкес «білімді адам» идеалы*



13-сурет. Кореяның білім беру стандартында «білімді адам» идеалының сипаты

Кореяның білім беру жүйесіне құндылықтарды кіріктіру 1948 жылы басталған. Технологиялық прогресс, 21 ғасырдағы цифрлық әлемнің қарқынын ескере отырып 2015 жылы Корея білім беру жүйесінде білім беру стандарты жаңартылды.

## ӘМБЕБАП ҚҰЗЫРЕТТІКТЕР

*Корея білім беру жүйесінде білім беру стандарты*



13-сурет. Кореяның білім беру стандартындағы әмбебап құзыреттіліктер  
8-кесте. Кореяның білім беру стандартындағы әмбебап құзыреттіліктердің сипаты

№	Құзыреттілік	Сипаттамасы
1	Өзін-өзі реттеу	Өмір мен кәсіби мансапқа қажетті негізгі дағдылар мен біліктілікке негізделген айқын сәйкестік пен өзіне деген сенімділік ие
2	Біліммен және ақпаратпен жұмыс істеу	Мәселелерді тиімді шешу үшін әртүрлі салалардағы білім мен ақпаратты өңдейді және пайдаланады
3	Креативті ойлау	Терең іргелі білімге негізделген әртүрлі кәсіби салалардағы білімді, дағдыларды және тәжірибені біріктіру арқылы жаңаны ашады
4	Эстетикалық және эмоционалды құзыреттілік	Басқалардың түсіну мен олардың мәдени ерекшеліктерін қабылдау негізінде өмірдегі мағыналар мен құндылықтарды түсінеді
5	Коммуникативтік дағды	Басқалардың пікіріне құрметпен қарайды және әртүрлі жағдайларда өз ойлары мен сезімдерін тиімді білдіреді
6	Азаматтық сана	Қауымдастық өмірін жақсартуға белсенді қатысады, жергілікті, ұлттық және жаһандық қауымдастықтардың мүшелеріне қажетті құндылықтар мен көзқарастарды ұстанады [3]

Бұл құндылықтар мектептерде әр мектептің деңгейіне, оқытылатын пәннің ерекшелігіне және оқыту тәсіліне байланысты әртүрлі тәсілдермен оқытылады.

1 тәсіл: анық оқыту тәсілі, яғни құндылықтар пікірталас, нақты жағдайларды талдау, рөлдік ойындар және ойындар сияқты әртүрлі әрекеттерді қолдана отырып, жеке пән ретінде немесе басқа пәндердің бөлігі ретінде оқытылады. Мысалы, адамгершілік тәрбиесі 1-9 сынып аралығындағы барлық білім алушылар үшін міндетті пән болып табылады. Ол өмірді құрметтеу, жауапкершілік, адалдық, үйлесімділік және патриотизм сияқты тақырыптарды қамтиды.

2 тәсіл: жасырын модельдеу тәсілі, яғни құндылықтар мектеп мәдениеті, мұғалімдер мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынас және жасырын оқу бағдарламасы арқылы насихатталады және көрсетіледі. Мысалы, мектептерде салтанатты кештер, фестивальдар, клубтар, еріктілер жұмысы, экскурсиялар және білім беру ұйымы білім алушыларға сіңіргісі келетін құндылықтарды нығайтатын қосымша бағдарламалар болуы мүмкін.

3 тәсіл: оқыту мазмұнына кіріктіру, яғни құндылықтар білім алушылардың құндылықтарын олардың білімі мен дағдыларымен байланыстыратын ортақ тақырыптар немесе шынайы оқу тәжірибесі арқылы негізгі құзыреттер мен оқу салаларымен байланысты. Мысалы, әлеуметтік зерттеулер мен тарих-демократия, адам құқықтары, әртүрлілік және жаһандық азаматтық сияқты мәселелерді зерттейтін пәндер.

4 тәсіл: рефлексиялау, яғни құндылықтарды білім алушылардың өздері, сондай-ақ мұғалімдер мен сыныптастары бағалайды және талдайды. Білім алушылар өздерінің негізгі құндылықтарын анықтауға, оларды басқалармен бөлісуге және жеке мақсаттарға жетудегі жетістіктерін бақылауға тартылады.

5 тәсіл: қауымдастықты тарту: құндылықтар ата-аналармен, отбасымен ынтымақтастықта дамиды және оны күнделікті өмірде қолданады.

Демек, Кореяның білім беру жүйесінде әмбебап құзыреттіліктер барлық оқу пәндеріне біріктірілген, олар әрбір зерттелетін пән бойынша кең ауқымды дағдылармен байланысты және оқу процесінде бір-бірін табиғи түрде күшейтеді. Әр пән бойынша әмбебап құзыреттілік пен функционалды сауаттылықтың қалыптастырылатын элементтері бөлінген.

Сонымен қатар, Кореяның білім беру стандартында функционалды сауаттылықты немесе жаңа сауаттылықты дамытуға қатысты денсаулық сақтау, мансап, қаржы, тұрақты даму және басқаларын қоса алғанда, он пәнаралық тақырып қарастырылған. Бұл тақырыптар пәндік оқытуға да, шығармашылық эксперименттік қызметке де біріктірілген.

Шетелдік тәжірибелерді талдау әр елдің білім беру стандарттары мектеп түлегі болашақта қажетті дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталғанын байқаймыз. Әр елдің тәжірибесінде басқа елдермен ортақ құзыреттіліктер және өз елінің мәдени дәстіріне, өмір сүру ортасына қажетті құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіруге бағытталғандығын көрсетеді. Ал, отандық тәжірибеге назар аударатын болсақ, біздің елімізде де төртінші өндірістік революцияға сәйкес білім беру стандарттары жаңартылып, өмірге қажетті кең ауқымды дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыруға назар аударылуда.

Қазақстанның білім беру жүйесінде 2016 жылдан бастап білім беру стандарты жаңартылды. 2016-2017 оқу жылынан бастап еліміздегі бірінші сынып білім алушылары жаңа білім беру стандарттары бойынша оқытыла бастады.

Еліміздегі бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары [44] нәтижелерге негізделген білім беру моделін құруға бағытталған. Білім берудегі құндылықтар «Мектепте не үшін оқу керек?» деген

сұрақ аясында қарастырылады.

Білім беру парадигмасының ауысуы білім беру стандартын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқулықтар мен ОӘК жаңартуды ғана емес, сондай-ақ білім алушыларда алған білімін пайдалану дағдыларын қалыптастыруға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ақпаратты талдау және жинақтай білуге, сондай-ақ жеке тұлғаны рухани тәрбиелеуге, қазіргі жас азаматтың адамгершілік бейнесін қалыптастыруға ерекше назар аударылатын жаңа технологиялар мен әдістемелерді пайдалануды көздейді.

Білім берудің оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде мамандар мынадай қағидағарға негізделді: үздіксіздік, қолжетімділік және жеткіліктілік; баланың жасына сай мүмкіндіктерін есепке алу; оның дербес ерекшеліктерін есепке алу; денсаулық сақтау; қоршаған ортамен өзара байланыс; тұлғаны шығармашылық қызмет субъектісі ретінде дамыту; баланы танымның белсенді субъектісі ретінде тану.

Қазіргі білім берудегі басым бағыт құзыреттілік тәсілдемесіне көшу болып табылады. Құзыреттілік тәсілдеменің мәні – білімнің орталықтандырылған парадигмасынан іс-әрекетке көшу, оқу мақсаттарын оқыту нәтижелеріне айналдыру. Оларға:

- ғылыми ойлаудың заманауи жетістіктері негізінде адамның дүниетанымын қалыптастыру, әлемдегі рухани және ұлттық-мәдени құндылықтарға бағдарлану;

- білім алушыларды қоршаған әлемді ғылыми тұрғыдан тану, болжау және жобалау құралдарын, аналитикалық және сыни ойлау технологияларын меңгеруге ынталандыру және үйрету;

- қарқынды дамып келе жатқан көпмәдениетті әлем жағдайында табысты болу және әлеуметтік рөлдерді орындау құзыреттілігін дамыту жатады [45]/

Білім беру мазмұны құндылықтарға шоғырландырылған. Білім беру мазмұны тек білім және біліктер жиынтығын ғана емес, сонымен қатар, өмірлік құндылықтар мен идеялардар жүйесін қамтиды.

Білім беру мазмұнында:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;

- 2) құрмет;

- 3) ынтымақтастық;

- 4) еңбек пен шығармашылық;

- 5) ашықтық;

- 6) өмір бойы білім алу базалық құндылықтар болып айқындалған.

Бұл құндылық бағдарлары негізгі мектеп түлегінің «портретін» сипаттауға негіз болады [44].

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұнында оқу пәндерінің келесідей ерекшеліктері келесідей:

- спиральдік принципінің негізінде құрылуы, яғни білім мен дағдыларды біртіндеп қалыптастыру және тақырыптар мен сыныптар бойынша дағдыларды күрделену негізінде жасалған;

- тәрбиелеу мен оқытудың бірлігі принципін іске асыруды қамтамасыз

етеді;


- үштілді білім беруді іске асыруды көздейді;
- пәндер бойынша тұжырымдалған күтілетін нәтижелер оқу мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған;
- пәндік білімді, дағдыларды және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған: білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу; сын тұрғысынан ойлау; зерттеу жұмыстарын жүргізе білу; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу; коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары;
- ортақ тақырыптар негізінде құрылуы;
- базалық құндылықтар негізінде кең ауқымды дағдылармен бірлікте тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған [45].

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзіндегі [46] тапсырмаға сәйкес Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыргүйегіндегі №294 бұйрығына сәйкес жоғары оқу орындарынан басқа барлық білім беру ұйымдарына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясы Абайдың «Толық адам» іліміне негізделеді. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін, Әділетті Қазақстанның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, еңбекқор, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу міндетін көздейді [47].



#### 14-сурет. Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтар

Біртұтас тәрбие бағдарламасында берілген құндылықтар шеңбері 2024 жылы қайта жаңартылды. Жаңартылған біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнында 15 наурыздағы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзіндегі құндылықтар жүйесімен толықтырылды [48].



15-сурет. «Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы бойынша құндылықтар

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының

стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етіп, білім алушылардың қоғамда табысты өмір сүруі үшін қажетті дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбиедегі құндылыққа бағдарланған тәсілдеме білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын және қоршаған әлемге деген көзқарасын анықтайтын құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негізделген. Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық



білім алушылардың моральдық таңдауын, мінез-құлқы мен іс-әрекетін айқындайтын түйінді құндылықтар болып табылады. Түйінді құндылықтар Бағдарламаны іске асыру шеңберіндегі тәрбие мазмұнын айқындайды және білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз ету үшін білім беру мазмұнына кіріктіріледі. Түйінді құндылықтар пән мазмұнының, сыныпта және сыныптан тыс іс-шаралардың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Білім алушылардың бойында түйінді құндылықтарды қалыптастыру құзыреттілік тәсілдемесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды.

8-кесте. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде құзыреттіліктер сипаттамасы

Құндылықтар	Құзыреттіліктер	Сипаты
1	2	3
Тәуелсіздік және отаншылдық	Ұлттық мүддені ілгерілету	Отанның дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуы
Бірлік және ынтымақ	Тиімді қарым-қатынас	Басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату, түсіну, командада жұмыс істеу және қақтығыстарды шешу дағдылары арқылы түрлі әлеуметтік ортада инклюзивтілік пен бірлікке ықпал ету, басқалармен ынтымақтастық орнату
Әділдік және жауапкершілік	Қоғамға қызмет ету	Этикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қолайлы тәжірибелерді қолдана отырып, қоғамның дамуына ерікті үлес қосуға дайын болу
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Инновациялық ойлау	жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, кедергілерді еңсеру үшін жаңа дағдыларды игеру және болашақ бастамаларын табысты іске асыруда өз әлеуетін пайдалану табандылық таныту

--	--	--

8-кестенің жалғасы

1	2	3
Заң және тәртіп	Азаматтық парыз	Этикалық мінез-құлық нормаларын, адалдық және заңның үстемдігін сақтау, қоғам талаптарын құрметтеу және ұстану
Жасампаздық және жаңашылдық	Шығармашылық	Идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер арқылы контекстке сәйкес генерациялау қабілеті

Осылайша, құндылықтар мен құзыреттер білім алушының жеке басының даму мақсаттары мен бағытын анықтайды, ал мамандық оларға практикалық іс-әрекетте құндылық сенімдерін жүзеге асыруға және қоршаған әлемде өмір сүруге көмектеседі.

Білім алушылардың әлеуметтенуіндегі негізгі моральдық, этикалық және инструменталды құндылықтарды түрлендіру келесі әдістер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін ..

- үлгі арқылы оқыту: моральдық және этикалық құндылықтар туралы ақпарат беру, сондай-ақ жағымды мінез-құлық үлгілерін көрсету;

- пікірталастар мен рефлексия: өзінің құндылық сенімдерін талдау және негіздеу дағдыларын қалыптастыру үшін пікірталастар, дебат және рефлексиялық тәжірибелер жүргізу;

- рөлдік ойындар мен модельдеу: түрлі нұсқаларда моральдық және этикалық шешімдерді практикалық қолдану үшін ойын форматтарын қолдану;

- жобалау әрекеті: практикалық іс-әрекетте шешімдерді қолдануға бағытталған жобаларды ұйымдастыру, бұл инструменталды дағдыларды дамытуға ықпал етеді;

- тәлімгерлік және қолдау: жаңа моральдық және этикалық құндылықтар бойынша құзыреттерді қалыптастыру процесінде педагогтер, ата-аналар мен қызметкерлер тарапынан қолдауды қамтамасыз ету [49].

Жоғарыда аталған әдістер ұсынымдық сипатқа ие және оқу-тәрбие процесінде құндылықтарды өзгерту үшін қолданыла алады. Білім алушылардың шығармашылығы мен қажеттіліктеріне қарай бейімделетін көптеген басқа әдістер бар екенін есте ұстаған жөн.

Осылайша, әдістер мен тәсілдердің айырмашылықтары болғанымен, көптеген елдерде тәрбие білім беру стандарттарының мазмұнымен тығыз байланысты және әр түрлі сабақтан тыс жұмыстармен толықтырылған. Бұл тәсіл білім алушылардың академиялық қана емес, әлеуметтік, этикалық және

азаматтық мінез-құлық тәжірибелерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Тәрбие саласындағы отандық және халықаралық тәжірибені талдау құндылықтарға негізделген тәрбие бағдарламасына бейімделуі және интеграциялануы мүмкін келесі негізгі аспектілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Тұлғаның біртұтас дамуы, яғни бағдарлама білім алушылардың жеке басының барлық аспектілері – ақыл-ой, физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық үйлесімді дамуына ықпал етуі керек.

2. Құндылықтарды білім беру мазмұнына интеграциялау оқу бағдарламаларының білім алушылардың өзгермелі өмір сүру жағдайларына сәтті бейімделуі үшін олардың икемді дағдыларын дамытуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Білім беру мазмұны, оның ішінде тәрбие бағдарламасы қазақ ойшылдарының мұрасы мен заманауи педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, құндылықтарды біріктіруі тиіс.

Бұл аспектілер тек академиялық дайындықты ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемде нәтижелі өзара әрекеттесуге қабілетті әлеуметтік жауапты, моральдық жағынан жетілген және мәдени-бай азаматтарды қалыптастыруға көмектеседі.

Отандық және халықаралық тәжірибені талдауда құндылықтар білім беру, оның ішінде тәрбие мазмұнының негізі болып табылатынын көрсетті. Құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізу, сондай-ақ үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге және бейімделуге баса назар аудару білім алушыларды қоғамдағы табысты өмірге дайындауға мүмкіндік береді және жалпы қоғамның дамуына ықпал етеді.


## 2. Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Білім беруді жаһандандыру мен цифрландырудың қазіргі жағдайында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру табысты әлеуметтену мен кәсіби іске асырудың негізгі факторына айналууда. Сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас дағдылары, ынтымақтастық және ақпараттық сауаттылық сияқты әмбебап құзыреттіліктер студенттерге тез өзгеретін әлемге бейімделуге, күрделі мәселелерді тиімді шешуге және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Осы құзыреттердің сәтті қалыптасуын қамтамасыз ету үшін белгілі бір педагогикалық шарттар қажет, олар тек ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілерді ғана емес, сонымен қатар білім алушыларға психологиялық және әлеуметтік қолдауды да қамтиды. Бұл шарттар тұлғаның жан-жақты дамуына, оқуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталандыруға қолайлы білім беру ортасын жасайды.

Педагогикалық шарттар білім беру процесін тиімді жүзеге асыруды және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, әдістемелік, психологиялық және әлеуметтік факторлардың жиынтығы болып табылады.

Әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастырудың педагогикалық шарттары



16-сурет. Әмбебап құзыреттілік пен сауаттылықты қалыптастыру контекстінде педагогикалық шарттар.

Ұйымдастырушылық: бұл білім беру процесінің құрылымдық және басқарушылық аспектілері, соның ішінде оқу және сабақтан тыс іс-шараларды жоспарлау, материалдық-техникалық базаны құру және білім беру ұйымында

қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру.

**Кәсіби даму:** педагогтерді даярлау және кәсіби дамыту, олардың құзыреттері және әдістемелік қолдау. Мұнда мұғалімдердің көшбасшылығы және олардың рефлексия мен өзін-өзі дамыту қабілеті маңызды рөл атқарады.

**Психологиялық:** оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелері, білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, оқуға, білуге ынталандыру және қолдау. Бұл шарттарға білім алушылардың жеке дара ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып оқытуға бағытталған.

**Әлеуметтік:** отбасымен, мектеп қауымдастығымен және сыртқы серіктестермен өзара әрекеттесу. Бұл жағдайлар мектеп мәдениетін қалыптастыруға, ата-аналарды білім беру процесіне қосуға және білім алушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

**Әдістемелік:** тиімді әдістемелік материалдар мен құралдарды әзірлеу және пайдалану, тәрбие жұмысының нәтижелерін мониторингтеу және бағалау. Жобалық қызмет және ойын технологиялары сияқты инновациялық әдістерді енгізу білімді тереңірек игеруге және құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, педагогикалық шарттар тәрбие жұмысын сәтті жүзеге асырудың және білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастырудың негізгі элементі болып табылады. Оларды кешенді және жүйелі енгізу тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін оңтайлы білім беру ортасын құруды қамтамасыз етеді.

Жалпы 1-бөлімде айтылған құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін декомпозициялау маңызды.

Құндылықтар декомпозициясын қалыптастыру – бұл күрделі ұғымдарды қарапайым және түсінікті компоненттерге бөлшектеп байланыстыру процесі, яғни білім беру процесіне осы құндылықтарды жақсы түсінуге және тиімді енгізуге мүмкіндік береді. Білім алушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыру өзін-өзі жүзеге асыруға, қоғам мен мемлекет өміріне белсенді қатысуға қабілетті тұлғаны тәрбиелеуде шешуші рөл атқарады.

Бұл тәсіл әрбір құндылықты дарыту үшін қажетті тұлғалық қасиеттер мен әрекеттерді анықтауға көмектеседі. Құндылықтар адамгершілік және патриоттық тәрбиенің негізін қалыптастыратынын, әлеуметтік бірлікті нығайтуға, заң мен тәртіпті сақтауға ықпал ететінін, сондай-ақ кәсіби даму мен инновацияны ынталандыратынын түсіну маңызды.

Тәуелсіздік пен Отаншылдық – өзін-өзі жүзеге асыруға және елінің өміріне белсенді қатысуға қабілетті тұлғаны қалыптастыратын негізгі құндылықтар.

9-кесте. Тәуелсіздік пен отаншылдық құндылығын декомпозициялау

<b>Компонент</b>	<b>Сипаттамасы</b>	<b>Жеке қасиеттер</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
Тәуелсіздікті түсіну және құрметтеу	Тәуелсіздіктің маңыздылығын түсіну: -Тәуелсіздік жолындағы жетістіктер тарихын білу;	Тарихты білу, ұлттық мәдениетті құрметтеу, білімге ұмтылу.

1	2	3
	- мәдени мұраны құрметтеу; - ел дамуындағы тәуелсіздіктің рөлін түсіну.	
Патриотизм	- Отанға сүйіспеншілік; - ел өміріне белсенді қатысу; - ел мүдделерін қорғау; - ел жетістіктері үшін мақтаньш.	Бастамашылық, белсенділік
Жауапкершілік	Отанның мүддесі үшін әрекет ету: - ел игілігінің жеке мүдделерден басымдығы; - елдің болашағы үшін жауапкершілікті түсіну; - қоғамның дамуына қосқан үлес қосу.	Жауапкершілік
Егемендікті қорғауға дайындық	Әлемдік сын-тегеуріндер жағдайында елді қорғау қабілеті: - батылдық пен шешім қабылдағыштық; - шешімдердің жылдамдығы мен салмақтылығы	Батылдық, шешімділік, шешім жылдамдығы, стратегиялық ойлау

10-кесте. Бірлік және ынтымақ құндылығын декомпозициялау

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
1	2	3
Ұжымдық сана	Ортақ мақсаттар мен мүдделер туралы хабардар болу: - жеке және қоғамдық мүдделер арасындағы байланысты түсіну; - ел мен қоғамның тағдырымен өз тағдыры арасындағы сабақтастықты түсіну; - ортақ мақсаттарға жету үшін өзгелермен бірлесіп іс-әрекет етудің маңызын бағалау	Стратегиялық ойлау / командалық рух, ұйымшылдық қабілет

1	2	3
Өзара сыйластық	Пікірлер мен мәдениеттің әртүрлілігін құрметтеу: - адамдар арасындағы айырмашылықтарды қабылдау; - басқа көзқарастарға төзімділік таныту; - диалогқа және ымыраға келуге дайын болу.	Айырмашылықтарды құрметтеу, төзімділік, жаңаға ашықтық.
Қолдау және өзара көмек	Басқаларға көмектесуге дайын болу: - қиын жағдайға тап болған адамдарға жанашырлық таныту; - мұқтаж жандарға риясыз көмек көрсетуге ниетті болу; - волонтерлік қызметке қатысу.	Эмпатия, жанашырлық,
Сындарлы диалог және ынтымақтастық	Ынтымақтастық қабілеті: - тиімді қарым-қатынас орнату; - командада жұмыс істей білу; - барлық тараптарға тиімді шешімдерді іздеуге дайын болу.	Қарым-қатынас, дипломатия, ашықтық

11-кесте. Заң және тәртіп құндылығын декомпозициялау

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
1	2	3
Заң алдындағы теңдік	Қоғамның барлық мүшелерінің заңды сақтауы: - заң және құқық нормаларын білу; - оларды бұзғаны үшін әділеттілікке және жазаның бұлтартпастығына сенімділік таныту; - өз құқықтарын заңды жолмен қорғауға дайын болу	Ереже мен заңды құрметтеу, заңға бағыну, жауапкершілік.
Шығармашылық плюрализм	Қоғамдағы конструктивті өзара әрекеттесуді қолдау: - әртүрлі көзқарастар мен сенімдерге құрметпен қарау;	Ашықтық, сындарлы диалогқа қабілеттілік

1	2	3
	- диалогқа және келісімге келу жолдарын іздеуге дайын болу;	
Жеке тәртіп	Өзін-өзі ұйымдастыру және жауапкершілік: - өз уақытын пен ресурстарын басқару мүмкіндігі; - уәделер мен келісімдерді орындау; - өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау.	Тәртіп, әдептілік, ұқыптылық
Қиын жағдайлардағы тәртіп	Қиын жағдайларда сабырлық пен тәртіпті сақтау: - нұсқаулыққа сәйкес әрекет ете білу; - қиын жағдайда басқаларға көмектесуге дайын болу;	стресске төзімділік, өзін-өзі ұстай білу, сабырлық, байсалдылық.

12-кесте. Әділдік пен жауапкершілік құндылығын декомпозициялау

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
1	2	3
Құқықтардың тең бөлінуі	Өмірдің барлық салаларындағы әділеттілік: - қоғамның барлық мүшелеріне тең құқық пен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; - кемсітушілік пен теңсіздікке жол бермеу; - білім алуға, денсаулық сақтауға және басқа да әлеуметтік игіліктерге қолжетімді болуын қамтамасыз ету; - игілік пен ресурстарды әділ бөлу; - адамның қадір-қасиеті мен жеке бас бостандығын құрметтеу;	Адалдық, объективтілік, риясыздық.



1	2	3
Міндеттерге жауапкершілікпен қарау	Өз міндеттерін саналы түрде орындау: - өзінің, отбасының, басқа адамдардың, қоғам мен мемлекет алдындағы өз міндеттерін орындаудың маңыздылығын түсіну; - өз іс-әрекеті үшін жауапкершілікті түсіну; - еңбекке және оқуға деген саналы көзқарас.	Тәртіп, мақсатқа талпынушылық, өзін-өзі бақылау.
Құқықтық мәдениет	Заң мен адам құқықтарын құрметтеу: - заң және өз құқығы мен міндеттерін білу; - басқа адамдардың заңды мүдделерін, құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу; - құқықтық білімді өмірде қолдана білу;	Байсалдылық, парасаттылық, заңға бағынушылық, басқаларды құрметтеу, өзгенің пікірін құрметтеу

13-кесте. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын декомпозициялау

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
1	2	3
Білім мен дамуға ұмтылу	Білім мен дағдының құндылығын түсіну: - табысқа жету үшін білім мен өздігінен білім алудың маңыздылығын түсіну; - өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу; - жаңа білімді және дағдыларды меңгеруге ұмтылу; - мақсат қоя білу және оған қол жеткізу; - өз қателіктерінен сабақ алу қабілеті.	Мақсатқа талпынушылық, табандылық, қызығушылық.

1	2	3
Ұтқырлық және өзгерістерге дайын болу	Жаңа мүмкіндіктерге ашықтық: - білім алу немесе жұмыс істеу үшін басқа қалаға, облысқа немесе елге қоныс аударуға дайын болу; - өмір сүрудің және еңбек етудің жаңа жағдайларына бейімделу мүмкіндігі; - ой-өрісті және мәдени тәжірибені кеңейту; - өзгерістерге позитивті көзқарас.	Бейімділік, икемділік, жаңашылдыққа ашықтық.
Бастамашылдық және мүмкіндіктерді пайдалану	Белсенді өмірлік ұстаным: - өз бетінше мақсат қоя білу және оларға қол жеткізу; - өз дағдылары мен құзыреттерін дамыту үшін түрлі мүмкіндіктерді өз бетінше тауып, пайдалана білу; - жұмысты орындау үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу; - қиындықтар мен кедергілерді жеңуге деген сенімділік.	Іскерлік, өзін-өзі ынталандыру
Жұмысқа жауапкершілікпен қарау	Өз міндеттерін саналы түрде орындау: - өз кәсібіне адал көзқарас; - өз жұмысының нәтижесіне жауапкершілікті сезіну; - ортақ іске үлес қосу.	ұқыптылық, табандылық
Кәсіби қызметтің этикалық нормалары	Кәсіби этикалық нормаларды сақтау: - еңбектегі адалдық, әділдік және әдептіліктің маңыздылығын түсіну; - командада жұмыс істей білу білігі; - әріптестерге деген құрмет; - жағымды жұмыс ортасын құруға үлес қосу.	Этикалық хабардарлық, әдептілік, сыйластық, адалдық, байланысқа бейімділік.

14-кесте. Жасампаздық және жаңашылдық құндылығын декомпозициялау

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
1	2	3
Шығармашылық ойлау	<p>Жаңа идеяларды тудыру қабілеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- проблемаларды шешудегі стандартты емес тәсіл;</li> <li>- ассоциативті ойлау және заттар арасындағы жаңа байланыстарды көре білу қабілеті;</li> <li>- тәуекелге және сәтсіздікке дайын болу.</li> </ul>	Жасампаздық, қиял, білуге құмарлық.
Кәсіпкерлік бастама	<p>Идеяларды іске асыру ниеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мақсат қоя білу және оған қол жеткізу;</li> <li>- өзіне жауапкершілік алуға дайын болу;</li> <li>- іскерлік және мақсатқа талпынушылық.</li> </ul>	Бастамашылдық, жауапкершілік, табандылық
Инновациялық ойлау	<p>Проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін іздеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- стандарттан тыс ойлау және әдеттегі әрекеттерінің шеңберінен шыға білу қабілеті;</li> <li>- ақпарат пен шабыттың жаңа көздерін іздеу;</li> <li>- өзгерістер мен жаңашылдыққа дайын болу.</li> </ul>	Жаңалыққа ашықтық, сыни тұрғыдан ойлау, аналитикалық ойлау.
Цифрлық сауаттылық	<p>Заманауи технологиялармен жұмыс істей білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- цифрлық технологиялардың даму мүмкіндіктері мен болашағын түсіну;</li> <li>- цифрлық құралдармен жұмыс істей білу;</li> <li>- инновациялық өнімдер мен қызметтерді құруға және пайдалануға белсенді қатысу.</li> </ul>	Цифрлық сауаттылық, бейімділік, білімге құштарлық.

1	2	3
Инновациялар үшін әлеуметтік жауапкершілік	Инновацияның этикалық және құқықтық аспектілері: - жаңа технологияларды енгізудің ықтимал салдарын түсіну; - инновацияларды пайдалануға жауапкершілікпен қарау; - технологияны дамытуға қатысты талқылаулар мен шешімдер қабылдауға қатысу.	Әлеуметтік жауапкершілік, болжағыштық, этикаға сәйкестік.

Құндылықтарды қалыптастыруға ұсынылған декомпозиция соңғы және түпкілікті нұсқаулық болып табылмайды. Ол педагогтер, ата-аналар және қоғам үшін тұлғаның негізгі қасиеттері мен құндылықтарын дамытуға ортақ көзқарасты қамтамасыз етуші бастапқы нұсқа ретінде қызмет етеді. Дегенмен, әрбір педагог білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне назар аударып отырып, ұсынылған материалды қажетінше бейімдеп, кеңейтіп тәжірибеде қолдана алады.

Педагогтер ұсынылған компоненттерді негіз ретінде пайдалана алады, бірақ сонымен бірге нақты шарттар мен талаптарға сәйкес өз идеялары мен әдістерін жүзеге асыра алады. Білім алушылардың бойында іргелі адамгершілік негіздерін, қоғам мен мемлекет өміріне белсенді қатысуға дайындығын барынша тиімді дамыту үшін олардың жеке ерекшеліктерін және оқу-тәрбие процесінің мәнмәтінін ескеру маңызды.

Осылайша, бұл декомпозиция тәрбие жұмысындағы құралдардың бірі қызметін атқарады және оны сәтті қолдану әр педагогтің шығармашылық көзқарасы мен кәсіби шеберлігіне байланысты болады. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен күш-жігері мен ынтымақтастығы білім алушыларда тұрақты құндылықтар мен жеке қасиеттерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға көмектеседі.

Қолайлы білім беру ортасын құру және оның білім алушының мінез-құлқына әсері

*Оқу-тәрбие процесінде қолайлы жағдай жасауда білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтер басты рөл атқарады. Осыған байланысты:*

1. Білім беру ортасын құру және қолдау:

Білім беру ұйымының қауіпсіздігін және абаттандыруды қамтамасыз ету.

Ынтымақтастық атмосферасын құру.

Адамгершілік, әлеуметтік және мәдени орта құру.

Білім беру ұйымының физикалық жағдайын, соның ішінде жарықтандыру, шу деңгейі, ауа сапасы және температура жағдайларын жақсарту маңызды.

2. Білім беру ұйымының мәдениетін қалыптастыру және жүзеге асыру

Негізгі құндылықтарды қолдайтын тұжырымдамалар әзірлеу және енгізу.

Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін нақты этикалық стандарттар орнату.

Білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ететін инклюзивті ортаны құруға жәрдемдесу.

Құндылыққа негізделген тәсілді дамытудағы олардың рөлі мен әсерін түсіндіре отырып, жаңа қызметкерлерге бағыт-бағдар дәрістерін өткізу.

### 3. Ынтымақтастықты қолдау

Педагогтер мен білім алушылар арасында мағыналы және сыйластық қарым-қатынас орнату.

Білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.

Ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау және оларды мектеп өміріне тарту.

Жергілікті қауымдастықтармен және ұйымдармен байланысты нығайту.

*Педагогтерге ұсынылады:*

#### 1. Тәрбиеде құндылықтарды қалыптастыру

Күнделікті іс-әрекетте үлгі көрсету.

Сыныпта және одан тыс жерлерде тәрбиені жүзеге асыру және белсенді орындау.

Құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерін жүзеге асыру үшін басшылықпен үйлестіру.

Білім алушыларға қауіпсіз және қолдаушы ортада өз құндылықтары мен нормаларын дамытуға мүмкіндік жасау.

#### 2. Оқыту және дамыту:

Құндылықтар мен тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне бағытталған сынып сағаттарының мазмұны арқылы құндылықтарды кіріктіру;

Өзекті мәселелерді және тұлғалық дамуды талқылау үшін пәннің мазмұнын пайдалану.

Адамгершілік қасиеттерді бірлесе оқыту мақсатында мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыру.

Білім алушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану;

Этикалық дилеммаларды талдау және шығармашылықты дамыту үшін оқу материалдары мен ресурстарын пайдалану.

#### 3. Сабақтан тыс қызмет

Көшбасшылық қасиеттерді көрсету және дамыту үшін сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.

Білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу үшін мектеп іс-шараларын өткізу.

Білім алушыларда құндылықтарды қалыптастыруға ынталандыру үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру.

Әлеуметтік белсенділік және волонтерлік қызмет жобаларын әзірлеу және іске асыру.

Ата-аналармен және қоғаммен өзара әрекеттесу

Ата-аналармен ынтымақтастық:

Ата-аналармен ашық және жағымды қарым-қатынасты дамыту.

Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту үшін ата-аналарды мектеп өміріне тарту.

Жергілікті қоғамдастықпен өзара қарым-қатынас

Білім алушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін жергілікті ұйымдармен қарым-қатынас орнату және қолдау.

Әлеуметтік даму мен қоғам өміріне қатысуға бағытталған мектеп жобалары мен іс-шараларын ұйымдастыру.

*Құндылыққа бағдарланған білім беруді оқу бағдарламасына кіріктіру*

1. Оқу пәндеріне кіріктіру

Құндылыққа негізделген тәсілдерді негізгі оқу пәндеріне кіріктіру.

Әлеуметтік ғылымдар, тілдер және музыка арқылы құндылықтарды оқыту.

2. Сыныптан тыс іс-шаралар

Білім алушылардың дағдылары мен әлеуметтік қарым-қатынастарын дамытуға бағытталған сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру.

Ұлттық мерекелер, кітап оқу сағаттарын, цифрлық гигиена сабақтарын, салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу.

3. Құндылықтарды дамыту сағаттары

Өзіндік рефлексия мен сыни тұрғыдан ойлауды, шешім қабылдауды дамыту мақсатында сабақтар өткізу.

Түрлі аргументтермен және қолдану тәсілдермен танысу.

Осындай оқу ортасын құру және осы міндеттерді орындау арқылы басшылар мен педагогтер білім алушылардың бойында жағымды мінез-құлық пен құндылықтарды дамытуға айтарлықтай әсер ете алады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы ұсынымдық сипатта және білім беру ұйымдарында құндылық пен құзыреттілікке негізделген тәсілдерді енгізуге арналған.

Бұл шаралар мен стратегиялар әрбір мектептің нақты жағдайлары мен қажеттіліктеріне бейімделуі мүмкін, сонымен қатар тиімді және қолайлы білім беру ортасын құруға көмектеседі. Осы ұсыныстарды орындау басшылар мен педагогтерге білім алушылардың бойында жағымды мінез-құлық пен құндылықтарды қалыптастыруға, олардың жан-жақты дамуын және болашақ өмірге дайындалуын қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік береді.

*Тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру:*

Білім беру ұйымдары деңгейінде

білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізуге;

білім беру ұйымдарының вариативті білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, білім алушылардың мүдделерін, қажеттіліктерін, жергілікті қоғамдастықтың сұраныстарын және мемлекеттік органдардың басымдықтарын ескере отырып, білім беру қызметінің нысандарын, әдістерін таңдау дербестігін қамтамасыз етуге;

білім берудің базалық құндылықтарына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын байыту (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар; елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар; оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар; олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері);

қоғамның отбасымен және серіктестерімен ынтымақтастық нысандарын кеңейту;

белгіленген көрсеткіштерге сәйкес тәрбие жұмысына үнемі ішкі бақылау жүргізу.

*Педагогтер деңгейінде*

оқу/білім беру бағдарламаларының мазмұны зерттелетін, құндылықтарды оқыту мен тәрбие процесіне енгізудің ең тиімді жолдары талқыланатын үздіксіз даму және ынтымақтастық мәдениетін құру;

білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы құндылықтардың үйлесімді кіріктіруін қамтамасыз ету (оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы пәнаралық және пәнішілік байланысты қамтамасыз ету, сәйкес мәтіндерді, тапсырмалар мен жағтығулар таңдау);

оқу-тәрбие процесіне жобалық жұмысты кіріктіру;

сыныптан тыс іс-шаралар нысандарын кеңейту (акциялар, қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар мен мұражайларға бару, шақырылған қонақтармен кездесулер және т.б.);

жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық факультеттерінің білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

Отбасымен ынтымақтастық деңгейінде

ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және оларды бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау);

білім алушылардың даму динамикасын бақылау және сапалы кері байланысты қамтамасыз ету үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын (білім алушылармен жеке және топтық консультациялар, педагогикалық кеңестер, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ) өткізу;

ата-аналардың педагогикалық мәдениетін тәрбиенің өзекті тақырыптары және жасөспірім балалармен өзара бірлескен іс-шаралар, ата-аналар дәрістерін ұйымдастыру арқылы арттыру;

ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған семинарлар өткізуде, бағдарламаларды, әдістемелік құралдарды әзірлеуде қоғамдық ресурстық орталықтарды тарту;

бірлескен мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ата-аналардың әлеуметтенуіне жағдай жасау.

*Қоғамдық серіктестермен өзара іс-қимыл деңгейінде*

ведомстволық ұйымдарды тәрбие міндеттерін шешуге тарту;

жергілікті көрікті жерлермен танысу үшін сабақтар/іс-шаралар ұйымдастыру (мұражай педагогикасы, театр педагогикасы, өлкетану экскурсиялары, кәсіпорындарға сапарлар);

басқа білім беру ұйымдарының педагогтерімен, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен кәсіби даму мәселелері бойынша ынтымақтастық орнату үшін жағдайлар жасау;

шетелдік әріптестердің озық кәсіби тәжірибесін зерделеу және пайдалану үшін ынтымақтастықты жаһандық деңгейде кеңейту;

білім алушыларды заманауи кәсіптермен және өзекті дағдылармен таныстыру үшін түрлі саладағы мамандармен мансаптық консультациялар ұйымдастыру.



### **3. Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарының мақсаты – білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ете отырып, олардың әмбебап құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әмбебап құзыреттіліктер – бұл білім алушылардың болашақтағы әлеуметтік және кәсіби өміріне қажетті дағдылар мен білімдердің жиынтығы. Бұл құзыреттерді дамыту білім алушылардың өздігінен шешім қабылдау, сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық, ынтымақтастық және өзара түсіністік қабілеттерін арттыруға бағытталған.

#### **1. Әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру қағидаттары**

**Жеке тұлғаға бағытталған көзқарас:** Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру. Тәрбие процесі әрбір білім алушының даму деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

**Практикалық қолданымдылық:** Білім алушылардың алған білімдерін нақты өмірде қолдануға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау. Бұл өмірлік дағдылар мен функционалдық сауаттылықты арттырудың негізгі факторы болып табылады.

**Тұлғааралық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамыту:** Топтық жұмыстар, пікірталастар, ұжымдық жобалар арқылы білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

**Эмоционалды интеллект пен әлеуметтік жауапкершілікке көңіл бөлу:** Білім алушылардың эмпатия, жауапкершілік және өзара құрмет дағдыларын дамыту арқылы оларға болашақта әлеуметтік өмірде табысты болуға көмектесу.

#### **2. Әмбебап құзыреттіліктерді дамыту әдістері**

**Ойын технологиялары:** Рөлдік ойындар мен симуляциялық тапсырмалар білім алушыларға түрлі жағдайларда шешім қабылдауды үйретіп, әлеуметтік құзыреттіліктерін арттырады.

**Проблемалық оқыту әдістері:** Нақты мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмалар арқылы білім алушылардың сыни ойлау және шығармашылық қабілеттері дамиды.

**Жобалық әдіс:** Ұжымдық немесе жеке жобаларды орындау барысында білім алушылар ақпаратты жинау, талдау және өңдеу дағдыларын дамытады.

**Пікірталас және пікір алмасу:** Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін пікірталас пен пікір алмасу сабақтарын ұйымдастыру.

**Әлеуметтік тәжірибе:** Білім алушыларды еріктілік қызметке немесе мектептің қоғамдық іс-шараларына қатыстыру арқылы олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру.

#### **3. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бағыттары**

**Ақпараттық сауаттылық:** Білім алушыларды ақпарат көздерін тиімді пайдалану, ақпаратты іздеу, таңдау, бағалау және қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Қаржылық сауаттылық:** Нақты қаржылық жағдайлар мен мәселелерді

шешуге арналған сабақтар мен тренингтер өткізу арқылы білім алушылардың қаржылық білімдерін арттыру.

Құқықтық сауаттылық: Білім алушыларға құқықтық нормаларды түсіндіру және өз құқықтары мен міндеттерін білуге үйрету.

#### 4. Оқу-тәрбие процесіне ұсынылатын шаралар

Интеграцияланған сабақтар өткізу: Әмбебап құзыреттер мен функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында пәндік сабақтар мен тәрбие шараларын біріктіру.

Мектептен тыс іс-шаралар: Білім алушыларды мектептен тыс іс-шараларға, клубтарға, жарыстарға қатыстыру арқылы олардың көшбасшылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту.

Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналармен бірге білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету мақсатында тығыз қарым-қатынас орнату, ортақ тәрбиелік шараларды ұйымдастыру.

#### 5. Бақылау және бағалау

Кері байланыс жүйесі: Білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктері мен сауаттылығының деңгейін анықтау мақсатында жүйелі түрде кері байланыс жинау.

Әрбір білім алушының жеке жетістіктерін қадағалау: Білім алушының дамуы мен нәтижелерін бақылап, оларға сәйкес жеке даму бағдарламаларын құру.

Осындай әдістер мен ұсыныстарды пайдалана отырып, тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылығын тиімді түрде қалыптастыруға болады.

Жоғарыда ұсынылған қағидағтарды ескере отырып, ұсынылған әдіс-тәсілдерді тәжірибеде іске асыру үшін келесідей рөлдік ойындардың үлгілері 15-кестеде ұсынылады.

15-кесте. Бастауыш сыныпта білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған рөлдік ойындар

№	Рөлдік ойын атауы	Мақсаты	Іске асыру механизмі
1	2	3	4
1	«Әдепті бала» рөлдік ойыны	Білім алушыларға әдептілік қағидаларын үйрету	Білім алушылар түрлі әлеуметтік рөлдерді орындайды (қонақ, дүкен сатушысы, досы, ата-анасы) және әдепті қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ойын барысында бір-бірімен дұрыс сәлемдесу, алғыс айту, ренішті болдырмау секілді әдептілік ережелерін қолданады

## 15-кестенің жалғасы

1	2	3	4
2	Дүкен ойыны	Қаржылық сауаттылық пен есеп дағдыларын дамыту	Сыныпта дүкен атмосферасы жасалады, білім алушылар сатып алушы мен сатушы рөлін орындайды. Білім алушылардың ақшамен дұрыс жұмыс істеу дағдылары қалыптасады (ақшаны санау, сатып алу және айырбас жасау)
3	Табиғат қорғаушылары	Экологиялық сауаттылықты арттыру	Білім алушылар табиғатты қорғау үшін қандай іс-шаралар жасау керектігін жобалап, постерлер дайындайды. Олар сынып ішінде ағаш отырғызу, қоқыстарды жинау секілді іс-шараларды ұйымдастырады
4	Ертегілер әлемі	Шығармашылық және сын тұлғасынан ойлауды дамыту	Білім алушылар өздері ертегі кейіпкерлерінің атынан оқиғалар ойлап шығарады және оны сыныпта ойнап көрсетеді. Бұл шығармашылық қабілеттерді арттырады және топпен жұмыс істеуді үйретеді
5	Жолда жүру ережелері	Жолда жүру ережелерін меңгеру	Білім алушыларға жол белгілері түсіндіріледі, кейін олар белгілерді қолдана отырып, түрлі рөлдерде (жүргізуші, жаяу жүргінші) жолда қалай дұрыс жүру керектігін ойнап көрсетеді. Бұл ойын олардың қауіпсіздік туралы білімдерін арттырады
6	Менің арманымдағы мектеп	Шығармашылық және топтық жұмыс дағдыларын дамыту	Білім алушылар өздерінің арманындағы мектептің макетін жасап, оны сыныпқа таныстырады. Бұл жоба

1	2	3	4
			барысында топтық шешім қабылдау және идеяларды жүзеге асыруға үйренеді
7	Отбасы күні	Отбасы құндылықтарын бағалау	Білім алушылар өз отбасының мүшелерінің рөлдерін орындайды және бір-біріне қамқорлық көрсетуді үлгілерін көрсетеді. Бұл ойын балаларға отбасы мүшелері арасындағы жауапкершілік пен құрметті түсінуге көмектеседі
8	Бір күндік саяхат	Қоршаған ортаны зерттеу және жауапкершілікке үйрету	Сыныппен бірге табиғатқа немесе қала ішіндегі маңызды нысандарға онлайн немесе имитациялық саяхат ұйымдастырылады. Білім алушылар жол бойында қоршаған орта туралы ақпарат жинап, экологияның маңыздылығын талқылайды
9	Менің денсаулығым	Денсаулық туралы түсінікті арттыру	Мұғалім денсаулықты сақтау және дұрыс тамақтану туралы постер әзірлетіп, білім алушылар денсаулық сақтау туралы бір-бірлеріне белгілі бір рөлдер арқылы кеңестер ұсынады. Білім алушыларға дұрыс тамақтанудың маңыздылығы түсіндіріледі және олар өз тамақтану күнделігін жүргізеді. Кейін әр оқушы өз тәжірибесімен бөліседі
10	Достық көпірі	Қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Білім алушылар жұппен жұмыс істеп, әртүрлі қиын тапсырмаларды бірге шешеді. Бұл ойын арқылы достық пен өзара түсіністік қабілеттері нығаяды, әр оқушы өзінің досына көмектесуді үйренеді

*\*\*Ескерту: кестеде ұсынылған ойын түрлері сынып сағатының мазмұнына, білім алушылардың жас ерекшелігіне мен қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына сәйкес бейімдеп қолдануға болады.*

Тәрбие жұмысында білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктері мен сауаттылықтарын дамытуда проблемалық оқыту әдісі тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Проблемалық оқыту әдістерін сынып сағаттарында қолдану қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл әдіс білім алушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен бірге оларды өз бетімен ойлауға, мәселелерді шешуге, топта жұмыс істеуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Әсіресе, әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыруда проблемалық оқыту ерекше рөл атқарады. Бұл әдіс білім алушыларды сын тұрғысынан ойлауға, ақпаратты талдауға, шешімдер қабылдауға және нақты өмірлік жағдайларда білімдерін қолдануға үйретеді.

Проблемалық оқыту барысында білім алушыларға дайын жауап берілмейді, керісінше, олар өз бетінше ізденіп, мәселені шешу жолдарын іздейді. Бұл әдіс білім алушылардың логикалық ойлауын дамытады, өз көзқарасын негіздеуге және оны қорғауға үйретеді. Сонымен қатар, проблемалық оқыту әлеуметтік дағдыларды, атап айтқанда, топта жұмыс істеу, пікір алмасу, бір-бірімен ынтымақтасу және өзара қолдау көрсету қабілеттерін дамытады.

Білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін қалыптастыруда проблемалық оқыту әдістерінің маңызды артықшылықтары:

Сыни ойлауды дамыту: Білім алушылар мәселелерді жан-жақты қарастырып, әртүрлі шешімдерді талдайды.

Топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру: Проблемалық тапсырмалар топпен орындалғанда, білім алушылар бір-бірімен пікір алмасып, ортақ шешім қабылдауды үйренеді.

Өзіндік оқу және зерттеу қабілеттерін арттыру: Білім алушылар өз бетімен білім алуды және ақпаратты талдауды үйренеді.

Проблемалық оқыту стратегиялары:

Проблемалық жағдайларды моделдеу:

Сыныпта нақты өмірде кездесетін мәселелерді бейнелейтін ситуациялар жасалып, білім алушылар сол мәселені шешу жолдарын іздейді. Мысалы, қоршаған ортаны қорғау немесе мектептегі экологиялық жағдайлар туралы проблемалық жағдайлар талқылануы мүмкін.

Білім алушыларды белсенді зерттеуші рөліне қою:

Білім алушыларға мәселені шешу үшін қажетті ақпаратты өздері іздестіріп, талдауға мүмкіндік беру керек. Мысалы, ғылыми зерттеу жүргізу немесе қаладағы көлік мәселесін зерттеу арқылы олар өз ұсыныстарын жасауы мүмкін.

Топтық пікірталас және ұжымдық шешім қабылдау:

Проблемалық жағдайларды талқылау үшін білім алушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа мәселені талқылауға және ортақ шешім ұсынуға мүмкіндік беру. Бұл топтық жұмыс дағдыларын нығайтып, әрбір оқушының пікірін ескеруге көмектеседі.

Жоба негізіндегі оқу:

Проблемалық оқытуды жүзеге асырудың бір жолы – жоба жасау арқылы оқыту. Білім алушыларға белгілі бір мәселені шешуге арналған жоба

тапсырылады, олар жобаны орындау барысында әртүрлі ақпарат көздерін зерттеп, шешім қабылдау дағдыларын дамытады.

Рефлексия және өзін-өзі бағалау:

Проблемалық оқыту сабақтарынан кейін білім алушылар өздерінің қандай нәтижелерге қол жеткізгендерін талқылап, өздерінің оқыту процесін рефлексиялау маңызды. Бұл олардың жетістіктерін көруге және кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда ұсынылған стратегиялар арқылы проблемалық оқыту әдісін сынып сағаттарында қолдану білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін тиімді түрде дамытады. Бұл әдіс оларға болашақ өмірде қажет болатын сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты талдау және шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастырады.

16-кесте. Бастауыш сыныпта білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін дамытуда проблемалық оқыту әдісін қолдануда ұсынуға болатын проблемалық жағдай үлгілері

№	Проблема тақырыбы	Проблеманың мәні	Ықшамдалған жоспар
1	2	3	4
1	Мектеп ауласының ластануы	Мектеп ауласында қоқыстар көбейіп, айнала ластанып жатыр.	Білім алушылар аула тазалығы туралы ақпарат жинап, оны қалай жақсартуға болатыны туралы ұсыныстар жасайды.  Топтарға бөлініп, мектеп ауласының қазіргі жағдайын зерттеу.  Қоқыс түрлерін анықтап, оларды қалай дұрыс тастау керек екендігі туралы жоба жасау  Әр топ өз ұсыныстарын сыныпқа таныстырып, сынып болып бірлесіп шешім қабылдау
2	Мектеп асханасындағы тамақ қалдықтарын азайту	Асханада білім алушылар тамақты ысырап етеді, қалдық көп қалып жатыр.	Білім алушылар тамақ қалдықтарын азайту жолдарын зерттейді және оны азайту шараларын ұсынады. Жұмыс жоспары:

1	2	3	4
			<p>Асханадағы тамақ қалдықтарын сырттай бақылау.</p> <p>Тамақ қалдықтарын азайту үшін күнделікті тамақтану тәртібін жоспарлау.</p> <p>Асхана мәдениетін арттыруға арналған акция ұйымдастыру</p>
3	Мектептегі су үнемдеу мәселесі	Мектепте суды артық пайдалану байқалады, оны үнемдеу қажет	<p>Білім алушылар суды үнемдеу жолдарын зерттеп, үнемдеуге қажеттігін үндейтін постерлер әзірлей.</p> <p>Жұмыс жоспары:</p> <p>Мектепте судың қай жерде артық пайдаланылатынын анықтау.</p> <p>Суды үнемдеудің қарапайым әдістерін үйрену (қол жуғанда суды өшіру, т.б.).</p> <p>Сынып ішінде суды үнемді пайдалануға арналған плакаттар, постерлер жасау.</p> <p>Суды үнемді пайдаланудың пайдасы туралы қысқа ролик әзірлеу</p>
4	Сыныптағы достық пен ынтымақтастық	Білім алушылар арасында кейде келіспеушіліктер болады, оларды шешу қажет	<p>Білім алушылар достықты қалай нығайтуға болатынын зерттеп, сынып ішінде ынтымақтастық туралы келісім жасайды.</p> <p>Жұмыс жоспары:</p> <p>Келіспеушіліктердің негізгі себептерін талқылау.</p> <p>Достық пен өзара құрметті қалай арттыруға болатыны туралы ұсыныстар жинау.</p> <p>Достық пен ынтымақтастық туралы сыныптық шарт қабылдау.</p>

## 16-кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	Мектептегі қауіпсіздік мәселесі	Білім алушылардың кейбіреулері мектепте қауіпсіздік ережелерін сақтамайды	Білім алушылар мектепте қауіпсіздік шараларын қалай жақсартуға болатыны туралы жоба жасап, сынып ішінде талқылайды. Жұмыс жоспары: Қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, негізгі қауіптерді анықтау. Қауіпсіздік шараларын күшейтуге арналған ұсыныстарды талқылау. Қауіпсіздікке арналған ережелерді сыныпта ілу және оған сәйкес әрекет
6	Экологиялық тәрбие: ағаш отырғызу	Мектеп аумағында ағаштар аз, жасыл аймақты көбейту қажет	Білім алушылар мектеп ауласына ағаш отырғызу акциясын ұйымдастырады. Жұмыс жоспары: Қандай ағаштар мен өсімдіктерді отырғызуға болатынын анықтау. Ағаш отырғызу акциясын ұйымдастыру. Ағаштарды қалай күтіп-баптау керектігін үйрену және бақылау.
7	Интернеттегі қауіпсіздік мәселелері	Білім алушылар интернетті дұрыс қолданбауы мүмкін, интернеттегі қауіпсіздікті сақтау маңызды	Интернетте қауіпсіз болу туралы ақпарат жинап, оны сынып ішінде талқылау. Жұмыс жоспары: Интернеттегі қауіптер туралы ақпарат жинау. Қауіпсіз интернет қолдану ережелерін жасау. Сынып ішінде ақпараттық парақша тарату



1	2	3	4
8	Көшеде қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін сақтау	Білім алушылар көшеде жүріп-тұру ережелерін кейде елемейді	Білім алушылар көлік қозғалысы ережелерін үйреніп, көшеде қалай қауіпсіз жүріп-тұру керектігі туралы ұсыныстар жасайды. Жұмыс жоспары: Жол қозғалысының негізгі ережелерін оқып үйрену. Қауіпсіз жол ережелерін түсіндіретін топтық жобалар жасау. Қауіпсіз жүріп-тұруды жақсарту үшін сыныптық ереже қабылдау.
9	Таза ауыз су мәселесі	Мектепте суды үнемді пайдаланбау салдарынан ауыз су сапасы төмендеп жатыр	Білім алушылар суды үнемдеу және оны таза ұстау жолдарын зерттеп, ұсыныстар дайындайды. Жұмыс жоспары: Суды үнемдеудің маңызын түсіндіру. Мектепте суды үнемдеуге бағытталған ақпараттық парақшалар тарату. Суды тиімді пайдалану шараларын сынып ішінде талқылау

*\*\*Ескерту: кестеде ұсынылған проблемалық жағдайлар мен оны шешу жолдары ұсынымдық сипатқа ие және оны сынып сағатының мазмұнына, білім алушылардың жас ерекшелігіне мен қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына сәйкес бейімдеп қолдануға болады.*

Бұл проблемалық жағдаяттар білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс және өз бетінше зерттеу қабілеттерін дамытады. Әрбір проблема нақты талқыланып, шешу жолдары топтық пікірталас арқылы жүзеге асырылады.

Жоба әдісі білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктері мен сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс білім алушыларға

ақпаратты іздеу, талдау, және қолдану дағдыларын дамыта отырып, олардың сыни ойлау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар, жоба барысында білім алушылар топпен жұмыс істеу, бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасау, проблемаларды шешу және шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамытады. Жоба әдісі жеке зерттеу мен топтық жұмыстарды қамту арқылы білім алушылардың оқу материалын терең түсінуін және оны өмірде қолдана білуін қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың әмбебап құзыреттілігін және сауаттылығын дамытуға бағытталған жоба әдісін келесі төменде ұсынылған тақырыптарға сәйкес жүргізуге болады. таңдалған тақырыптар, оның жүргізілуі ұсынымдық сипатқа ие. Әр педагог өз тәжірибесінде білім алушылардың жас ерекшелігіне, қызығушылығы мен қажеттіліктеріне қарай бейімдеуіне болады.

#### 1. «Менің қаламның көрікті жерлері»

Мақсаты:

Білім алушылар өз қаласындағы тарихи және мәдени орындар туралы мәлімет жинап, зерттеу дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар қаланың көрікті жерлері туралы ақпаратты біледі, оның маңызын түсінеді және өз ойын жеткізе алады.

Құралдар:

Суреттер, кітаптар, интернет, плакаттар, маркерлер.

Қатысушылар саны:

3-5 оқушы.

Жүзеге асыру қадамдары:

Білім алушыларды топтарға бөлу.

Әр топ өзіне бір көрікті орынды таңдайды.

Ақпаратты интернеттен немесе кітаптардан жинау.

Жиналған материалдарды плакатқа бейнелеу немесе презентация жасау.

Жобаны сыныпта қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар өз жобаларын қорғап, сыныптастарының сұрақтарына жауап береді.

#### 2. «Табиғат және оның қорғауы»

Мақсаты:

Білім алушыларды табиғатты қорғау мәселелерімен таныстыру, экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінеді және экологиялық мәселелер туралы білім алады.

Құралдар:

Интернет, табиғат суреттері, экологиялық материалдар, плакаттар.

Қатысушылар саны:

2-3 оқушы.

Жүзеге асыру қадамдары:

Экологиялық мәселелер туралы ақпарат жинау.

Табиғатты қорғау туралы мысалдар келтіру.

Плакаттар мен инфографикалар жасау.

Өз жобасын сынып алдында қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар жобаларын қорғап, қорытынды пікірлер айтады.

3. «Менің отбасымның шежіресі»

Мақсаты:

Білім алушылардың отбасы тарихына қызығушылықтарын арттыру, отбасылық құндылықтарды бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар өз отбасыларының тарихын біледі және ата-аналары, туыстарымен байланысын нығайтады.

Құралдар:

Отбасылық суреттер, қағаз, қаламдар, презентациялық құралдар.

Қатысушылар саны:

Жеке жоба.

Жүзеге асыру қадамдары:

Отбасылық ақпарат жинау (сұхбат жүргізу, суреттер жинау).

Отбасы шежіресін жасау (генеалогиялық ағаш).

Отбасылық құндылықтарды сипаттау.

Жобаны сыныпта ұсыну.

Аяқталуы:

Білім алушылар өз отбасылары туралы әңгімелеп, жобаларын көрсетеді.

4. «Қазақстанның өсімдіктер әлемі»

Мақсаты:

Білім алушыларды Қазақстанның өсімдік әлемімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікті ояту.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар Қазақстанда өсетін өсімдіктер туралы ақпарат біледі, олардың маңызын түсінеді.

Құралдар:

Интернет, энциклопедиялар, қағаз, қалам, презентация құралдары.

Қатысушылар саны:

3-4 оқушы.

Жүзеге асыру қадамдары:

Қазақстандағы өсімдіктер туралы ақпарат жинау.

Әр өсімдік түрінің маңыздылығын сипаттау.

Презентация немесе плакат дайындау.

Жобаны сыныпта қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар презентация жасап, өсімдіктердің ерекшеліктерін талқылайды.

##### 5. «Менің арманымдағы мамандық»

Мақсаты:

Білім алушыларды болашақ мамандықтармен таныстыру, кәсіби бағдарлау.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар болашақ мамандықтары туралы нақты ақпарат алады және оның артықшылықтарын түсінеді.

Құралдар:

Интернет, кітаптар, плакаттар, суреттер.

Қатысушылар саны:

Жеке жоба.

Жүзеге асыру қадамдары:

Мамандық туралы ақпарат жинау.

Мамандықтың ерекшеліктерін сипаттау.

Өз таңдаған мамандығы бойынша презентация жасау.

Жобаны сыныпта ұсыну.

Аяқталуы:

Білім алушылар өз мамандықтары туралы әңгімелеп, артықшылықтарын талқылайды.

##### 6. «Жануарлар әлемі: үй жануарлары және жабайы жануарлар»

Мақсаты:

Білім алушыларды жануарлардың түрлерімен таныстыру, олардың ерекшеліктерін түсіндіру.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар жануарлар туралы білімдерін кеңейтеді және олардың табиғаттағы рөліне түсіністікпен қарайды.

Құралдар:

Суреттер, кітаптар, интернет, плакаттар.

Қатысушылар саны:

2-3 оқушы.

Жүзеге асыру қадамдары:

Жануарлар туралы ақпарат жинау.

Әр жануардың өмір сүру ортасын сипаттау.

Презентация немесе сурет жасау.

Жобаны қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар жобаларын қорғайды және сұрақтарға жауап береді.

##### 7. «Менің сүйікті спорт түрі»

Мақсаты:

Білім алушыларды спортпен таныстыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар өздерінің сүйікті спорт түрлері туралы ақпарат алады және оның денсаулыққа пайдасын түсінеді.

Құралдар:

Суреттер, интернет, спорттық жабдықтар (мүмкіндікке қарай).

Қатысушылар саны:

Жеке жоба.

Жүзеге асыру қадамдары:

Сүйікті спорт түрі туралы ақпарат жинау.

Спорттың денсаулыққа әсерін талдау.

Презентация жасау.

Жобаны қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар өз жобаларын сыныпта көрсетеді.

8. «Қазақстанның пайдалы қазбалары»

Мақсаты:

Білім алушыларға Қазақстанның табиғи ресурстары туралы білім беру, олардың экономикалық маңызын түсіндіру.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар Қазақстанның пайдалы қазбалары туралы ақпарат біледі және олардың ел экономикасындағы рөлін түсінеді.

Құралдар:

Интернет, карталар, плакаттар, энциклопедиялар.

Қатысушылар саны:

3-4 оқушы.

Жүзеге асыру қадамдары:

Пайдалы қазбалар туралы ақпарат жинау.

Әр қазбаның маңызын талдау.

Презентация немесе карта жасау.

Жобаны қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар жобаларын қорғап, пайдалы қазбалардың маңызын талқылайды.

9. «Достық пен ынтымақтастықтың маңызы»

Мақсаты:

Білім алушыларға достық пен ынтымақтастықтың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар достық пен ынтымақтастықтың маңызын түсінеді және оны өмірде қолдануға дайын болады.

Құралдар:

Суреттер, плакаттар, интернет.

Қатысушылар саны:

2-3 оқушы.

Жүзеге асыру қадамдары:

Достық туралы мақал-мәтелдер жинау.

Достықтың пайдасы туралы эссе жазу.

Плакат немесе презентация жасау.

Жобаны қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар достық туралы пікірлерін бөліседі және қорытынды шығарады.

10. «Менің сүйікті кітабым»

Мақсаты:

Білім алушыларға кітап оқудың маңызын түсіндіру, оқу мәдениетін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушылар өздерінің сүйікті кітаптары туралы әңгімелеп, оқуға деген қызығушылықтарын арттырады.

Құралдар:

Кітаптар, презентация құралдары, суреттер.

Қатысушылар саны:

Жеке жоба.

Жүзеге асыру қадамдары:

Сүйікті кітапты таңдау.

Кітаптың мазмұнын сипаттау.

Презентация немесе плакат жасау.

Жобаны қорғау.

Аяқталуы:

Білім алушылар өздерінің сүйікті кітаптары туралы әңгімелейді және сыныптастарының сұрақтарына жауап береді.

Жоба әдісі білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Олар әртүрлі тақырыптарды зерттей отырып, ақпаратты дұрыс түсіну, оны талдау және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Жоба әдісі арқылы білім алушылар шынайы өмірде кездесетін тапсырмаларды орындап, практикалық дағдыларын шыңдайды. Жоба әдісін қолданудың артықшылығы:

Теория мен тәжірибені ұштастыру: Жоба әдісі арқылы білім алушылар алған теориялық білімдерін нақты практикалық тапсырмалармен байланыстырады. Бұл білімнің шынайы өмірде қолданылуын қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың белсенділігі: Білім алушылар өз жобаларына толықтай қатысып, белсенділік танытады. Олар жауапкершілікпен тапсырмаларды орындап, өздерінің үлесін қосады.

Шығармашылық ойлау: Жоба әдісі білім алушыларды шығармашылықпен ойлауға және жаңа идеяларды ұсынуға ынталандырады. Бұл әдіс арқылы білім алушылардың креативті ойлау қабілеті дамиды.

Өзіндік жұмыс және дербестік: Жоба әдісі білім алушыларды өз бетімен жұмыс істеуге және дербес шешім қабылдауға үйретеді. Білім алушылар өздерінің оқу үрдісін бақылап, өз әрекеттерін жоспарлауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Жобалар топта орындалған жағдайда, білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасау, тыңдау, пікір алмасу және ынтымақтасу дағдыларын дамытады.

Сыни ойлау қабілетін дамыту: Жоба барысында білім алушылар ақпаратты

талдау, синтездеу және бағалау арқылы сыни ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Жоба әдісінің ерекшелігі:

Нақты мақсатқа бағытталған: Жоба әдісінің негізгі ерекшелігі – оның нақты бір мәселені шешуге немесе мақсатқа жетуге бағытталуы. Білім алушылар жоба барысында белгілі бір тақырыпты тереңірек зерттеп, оның шешімін табуға тырысады.

Оқушының дербес жұмысы: Жоба әдісінде оқушы өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізеді, бұл олардың дербестігін арттырады және жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Оқу мазмұнының кешенділігі: Жоба әдісі пәнаралық байланыстарды қамтиды, яғни бірнеше пәндерден алған білімдерін біріктіруді талап етеді.

Қорытынды нәтижеге бағытталған: Жоба әдісінің басты ерекшелігі – білім алушылардың нақты нәтиже шығаруы, яғни өнім, шешім немесе презентация түрінде аяқталуы.

Процесс және нәтиже: Жоба әдісінде тек нәтиже ғана емес, сонымен қатар процестің өзі де маңызды. Білім алушылардың қалай зерттеу жүргізгені, қандай ақпаратты қалай тапқаны, қандай әдістер қолданғаны бағаланады.

Жоба әдісінің түрлері:

Зерттеу жобалары: Білім алушылар белгілі бір ғылыми мәселені зерттеп, оның шешімін табуға тырысады. Бұл түрі ғылыми зерттеу дағдыларын дамытады. Мысалы, экология саласында зерттеу жүргізу.

Шығармашылық жобалар: Бұл түрі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мысалы, әдеби немесе сурет өнері бойынша жоба жасау.

Қолданбалы жобалар: Қолданбалы жобалар білім алушыларды нақты бір тапсырманы орындауға немесе өнім жасауға бағыттайды. Мысалы, технология сабағында құралдар жасау.

Әлеуметтік жобалар: Әлеуметтік жобалар білім алушылардың қоғамдағы мәселелерге назар аударуын көздейді. Білім алушылар қоғамдағы маңызды мәселелерді шешу үшін жоба әзірлейді. Мысалы, қаланы көгалдандыру жобасы.

Ойын жобалары: Ойын формасындағы жобалар білім алушылардың ойын арқылы білім алуын қамтиды. Бұл жобалар кіші сынып білім алушыларына тиімді.

Ақпараттық жобалар: Білім алушылар ақпарат жинап, оны жүйелеп, талдау жасайтын жобалар. Мысалы, тарихи оқиғаларды талдау, белгілі бір тұлғалар туралы ақпарат жинау.

Білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – тәрбие жұмыстарында маңызды. Қазіргі заманның жылдам өзгеріп жатқан талаптарына сәйкес, оқушылар тек академиялық біліммен шектелмей, өмірлік маңызды дағдыларды игеруі тиіс. Әмбебап құзыреттіліктер, атап айтқанда сыни ойлау, проблемаларды шешу, ақпаратты талдау, командалмен жұмыс жасау және жауапты шешімдер қабылдау дағдылары білім алушылардың өмірлік белсенділігін арттырады.

Әмбебап құзыреттіліктерді дамыту білім алушыларды заманауи жаһандық және жергілікті мәселелерді шешуге бағыттап, олардың қоғамдағы рөлін түсінуге, жауапкершілік сезімін күшейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық – ақпаратты тиімді пайдалану, оның маңызын түсіну және күнделікті өмірде қолдану қабілеттерін дамытудың негізгі факторы. Бұл дағдылар арқылы оқушылар болашақта өзін-өзі дамыту, кәсіби дағдыларын жетілдіру және өмірдегі қиындықтарды жеңуге дайын болады.

Әдістемелік ұсынымдар:

- Әмбебап құзыреттіліктерді дамыту тәрбие жұмыстарының барлық аспектілеріне енгізілуі тиіс. Бұл құзыреттерді дамыту сабақ барысында ғана емес, сыныптан тыс іс-шараларда, жобаларда, кейс-сессиялар мен квест-сабақтарда жүзеге асырылады.

- Білім алушылардың теориялық білімін өмірде қолдана білуі үшін нақты мәселелерді шешуге арналған жаттығулар, рөлдік ойындар, тренингтер ұйымдастыру қажет. Бұл тапсырмалар білім алушылардың өз пікірін білдіру, талқылау, шешім қабылдау және өз ұсыныстарын қорғау қабілеттерін дамытады.

- Тәрбие жұмыстары барысында білім алушылардың жеке және топтық құзыреттерін қалыптастыруға ерекше мән берілуі керек. Командалық жобалар, пікірталастар және бірлескен жұмыстар арқылы білім алушылардың ынтымақтастық, көшбасшылық, жауапкершілік және бірлесе әрекет ету дағдылары дамиды.

- Әмбебап құзыреттіліктерді дамыту барысында оқушыларға өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау мүмкіндігін беру маңызды. Бұл оларға өз әрекеттерін талдап, жетістіктерін бағалап, болашақта қандай бағытта даму керектігін түсінуге көмектеседі.

- Білім алушылардың қажеттіліктері мен заманауи талаптарға сәйкес тәрбие жұмыстарының формалары мен мазмұнын үнемі жетілдіріп отыру қажет. Бұл үрдіс білім беру мекемелерінде сапалы білім беру және әмбебап құзыреттерді дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, тәрбие жұмыстары арқылы білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру – олардың болашақта өздерін жан-жақты дамыған, жауапкершілікті азамат ретінде көрсетуіне негіз болады..



## **Қорытынды**

Әмбебап құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты дамыту қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Жаңа технологиялар мен әлеуметтік өзгерістердің қарқынды дамуы білім алушыларды тек пәндік біліммен қамтамасыз етумен шектелмей, олардың кең ауқымды, өмірлік дағдыларын дамытуды талап етеді. Осыған байланысты тәрбие жұмыстары білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, оларды болашақта табысты өмірге дайындауда маңызды рөл атқарады.

Біріншіден, әмбебап құзыреттіліктер білім алушылардың өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңіп, өз бетінше шешім қабылдау қабілеттерін дамытады. Бұл құзыреттерге сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық қабілет, коммуникативті дағдылар және топпен жұмыс істеу қабілеті жатады. Бұл дағдылар заманауи қоғамның сұраныстарына сай, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Осылайша, әмбебап құзыреттіліктерді дамыту білім алушылардың мектеп қабырғасынан шыққаннан кейін де үздіксіз оқуға, жаңашылдықтарға бейімделуге және жеке басының даму жолын жалғастыруға ықпал етеді.

Екіншіден, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру білім алушылардың шынайы өмірде білімдерін қолдану қабілеттерін арттырады. Бұл сауаттылықтың маңызды элементтері – ақпаратты тиімді іздеу, өңдеу және бағалау қабілеттері, цифрлық сауаттылық, қаржылық сауаттылық, азаматтық сауаттылық және денсаулық сақтау сауаттылығы. Функционалдық сауаттылық заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланып, шешім қабылдау үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл сауаттылықты дамыту оқу материалдарын меңгерумен қатар, күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде пайдалы болуы мүмкін.

Үшіншіден, әмбебап құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты біріктіру арқылы оқушыларды тәрбиелеу олардың әлеуметтік ортада табысты болуына ықпал етеді. Бұл педагогикалық бағыттың маңызды аспектісі – оқушының әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру және оның қоғамның толыққанды мүшесі болуға дайын екендігін көрсету. Әлеуметтік дағдыларды дамыту тәрбие жұмысының негізінде, сыныптан тыс іс-шаралар, волонтерлік жұмыстар, мектеп қоғамдастығының белсенділігі арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, білім алушылар әлеуметтік жауапкершілікті сезініп, қоғамға пайдалы істер атқаруға ұмтылады.

Әмбебап құзыреттіліктерді дамыту үшін түрлі педагогикалық әдістер мен құралдар қолданылуы қажет. Мысалы, жобалық әдіс, командалық жұмыс, квест сабақтары мен кейс сессиялар білім алушылардың өз білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, білім беру процесіне ата-аналарды, жергілікті қауымдастықтарды тарту арқылы білім алушылардың тәрбиелік бағыттағы жетістіктерін арттыруға болады.

Тәрбие жұмыстары аясында әмбебап құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты дамыту білім алушылардың болашақтағы табысты өмірінің

негізін қалайды. Бұл құзыреттер білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, олардың қоғамда өз орнын табуға және әртүрлі әлеуметтік рөлдерді атқаруға дайындайды. Сондықтан мектептердегі тәрбие жұмыстарының маңызды міндеті – әр оқушының жеке қабілеттерін ашып, олардың өмірдегі табыстарына негіз болатын әмбебап құзыреттерді қалыптастыру.

Қорытындылай келе, әмбебап құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар білім беру мекемелерінің, педагогтердің басты назарында болуы қажет. Бұл ұсыныстар білім алушылардың ХХІ ғасырдағы өмірлік дағдыларын дамытуға арналған құнды құрал болып табылады. Әмбебап құзыреттер мен сауаттылықты дамыту мектептің тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналып, білім алушылардың болашақтағы кәсіби және жеке жетістіктеріне айтарлықтай ықпал етеді.

«Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» берілген сынып сағаттарының сценарийлері, тапсырмалар мазмұны ұсынымдық сипатқа ие, берілген сценарийлерді қолдану әр педагогтің шеберлігіне, білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес бейімдеп алуға болады. сынып сағаттарының қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде осы әдістемелік ұсынымдамада берілген сценарийлерді қолдануға болады, бірақ оны Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығында тиісті формаға сәйкестендіріп алып өз тәжірибелеріңізде қолданасыздар деп ойлаймыз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. 15 наурыз 2024 жыл. [Электронды ресурс]  
<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (Сайт 04.04.2024 ж. қаралды)
- 2 World Bank (2018). World Development Report 2018: Learning to Realize Education's Promise. Washington, DC: World Bank. P. 103. doi:10.1596/978-1-4648-1096-1.
- 3 Универсальные компетентности и новая грамотность: от лозунгов к реальности / под ред. М. С. Добряковой, И. Д. Фрумина ; при участии К. А. Баранникова, Н. Зиила, Дж. Мосс, И. М. Реморенко, Я. Хаутамяки ; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2020. — 472 с. — 500 экз. — ISBN 978-5-7598-2177-9 (в обл.).
- 4 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критеріі: ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2008. – Б.9-11.
- 5 Дроздова С.В., Алмазова Н.И. Формирование информационной компетенции студентов в сфере туризма. [Электронды ресурс] //Образование и педагогические науки. – 2015. - №2 (220) – С.177-185. (Сайт 28.02.2024 қаралды) DOI 10.5862/JHSS.220.21
- 6 Жадрин М.Ж. Результаты образования: традиции и новые тенденции //Открытая школа. – 2004. - №1. – С. 51-63.
- 7 Хуторской А.В. Педагогика: учебник для вузов. Стандарт третьего поколения. – СПб.: Питер. 2019. – 608 с.
- 8 Козырева О. А. Феноменология профессиональной компетентности учителя // ОТО. 2008. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/fenomenologiya-professionalnoy-kompetentnosti-uchitelya> (дата обращения: 28.02.2024).
- 9 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. – Алматы: Қарасай баспасы, 2013. – 384 б.
- 10 Научное наследие Т.И. Шамовой и его влияние на решение актуальных проблем современного образования: сборник статей Третьих Всероссийских Шамовских педагогических чтений научной школы Управления образованием (25 января 2011 года): В.: 2 т. Т.1. –М., 2011. – 408 с.
- 11 Гершунский Б.С. Философия образования: Учебное пособие для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. – М.: Московский психолого-социальный институт, 1998. – 432 с.
- 12 Холодная Н.А. Психология интеллекта. – Томск, 1992. – 345 с.
- 13 Митина Л.М. Личностное и профессиональное развитие педагога на основе формирования прогностической компетентности: учебное пособие. – Челябинск: Челябинский ГПИ, 2005. – 110 с.

- 14 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Эйдос: интернет-журн. 2006. URL: <http://eidos-institute.ru/journal/>
- 15 Миханова О.П. Формирование универсальных компетенций: от теории к практике // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Гуманитарные науки. 2009. № 4. С. 145–151.
- 16 Белкина В.В., Макеева Т.В. Концепт универсальных компетенций высшего образования // Ярославский педагогический вестник. 2018. № 5. С. 117–126
- 17 Универсальные компетенции в российских университетах. Консорциум вузов по развитию универсальных компетентностей. /Под общей редакцией Т. В. Пащенко. – Электронное издательство «Эгитас» Москва, 2023. – 245 с. DOI:10.47359/978-0-3694-1032-0 [Электронды ресурс] <http://surl.li/ddnhra> (Сайт 04.04.2024 ж. қаралды)
- 18 EPRS | European Parliamentary Research Service. 2021. Implementation of citizenship education action in the EU
- 19 Kitamura, Y., Liu, J., & Hong, M.S. (2022). "Education in East Asia: Changing School Education in China, Japan, and Korea." In C.C. Wolhuter & A.W. Wiseman (Eds.), World Education Patterns in the Global North: The Ebb of Global Forces and the Flow of Contextual Imperatives (International Perspectives on Education and Society, Vol. 43A, pp. 149-168). Emerald Publishing Limited. <https://doi.org/10.1108/S1479-36792022000043A010>
- 20 Ministry of Education's (Singapore) page on 21st Century Competencies. <https://www.moe.gov.sg/education-in-sg/21st-century-competencies>
- 21 UNESCO. 2021. Global Education Monitoring Report
- 22 OECD. 2018. Preparing our youth for an inclusive and sustainable world
- 23 World Bank. 2022. World Development Report
- 24 Mulder M. (2011). The concept of competence: Blessing or curse? / I. Torniainen, S. Mahlamäku-Kultanen, P. Nokelainen, P. Ilesley (eds). Innovations for Competence Management. Lahti: Lahti University of Applied Sciences. P. 11–24.
- 25 Delors J. et al. (1996). Learning: The Treasure Within / UNESCO. <http://www.unesco.org/new/en/education/themes/leading-the-international-agenda/rethinking-education/resources/>
- 26 UNESCO (2018b). Future Competences and the Future of Curriculum. A Global Reference for Curricula Transformation / M. Marope, P. Griffin, C. Gallagher. IBE UNESCO. [http://www.ibe.unesco.org/sites/default/files/resources/02\\_future\\_competences\\_and\\_the\\_future\\_of\\_curriculum\\_30oct.v2.pdf](http://www.ibe.unesco.org/sites/default/files/resources/02_future_competences_and_the_future_of_curriculum_30oct.v2.pdf)
- 27 Faure E. et al. (1972). Learning to Be: The World of Education Today and Tomorrow / UNESCO. Paris. [http://www.unesco.org/education/pdf/15\\_60.pdf](http://www.unesco.org/education/pdf/15_60.pdf)
- 28 Griffin P.E., McGaw B., Care E. (eds) (2012). Assessment and Teaching of 21st Century Skills (ATC21S). Dordrecht: Springer. [www.atc21s.org](http://www.atc21s.org)
- 29 OECD (2005). The Definition and Selection of Key Competencies. <https://www.oecd.org/pisa/35070367.pdf>
- 30 RAND (2015). Kun Y., Stecher B.M., Hamilton L.S. The Feasibility of Developing a Repository of Assessments of Hard-to-Measure Competencies. Santa

- Monica, Calif.: RAND Corporation; RR-1204-WFHF. P. 7.  
[https://www.rand.org/pubs/research\\_reports/RR1204.html](https://www.rand.org/pubs/research_reports/RR1204.html)
- 31 CMEC (2014). PCAP 2013: Report on the Pan-Canadian Assessment of Science, Reading, and Mathematics.  
<https://www.cmec.ca/Publications/Lists/Publications/Attachments/337/PCAP-2013-Public-Report-EN.pdf>
- 32 CMEC (2016a). Measuring up: Canadian Results of the OECD PISA Study.  
<http://www.cmec.ca/Publications/Lists/Publications/Attachments/365/PISA2015-CdnReport-EN.pdf>
- 33 CMEC (2016b). Pan-Canadian Global Competencies.  
[http://www.ontariodirectors.ca/CODE-TLF/docs/tel/PanCanadian\\_Global\\_Competencies\\_Backgrounder\\_EN.PDF](http://www.ontariodirectors.ca/CODE-TLF/docs/tel/PanCanadian_Global_Competencies_Backgrounder_EN.PDF)
- 34 CMEC (2017). Measuring up: Canadian Results of the OECD PISA 2015 Study.  
[http://netedit.cmec.ca/Publications/Lists/Publications/Attachments/372/PISA2015\\_FL\\_EN.pdf](http://netedit.cmec.ca/Publications/Lists/Publications/Attachments/372/PISA2015_FL_EN.pdf)
- 35 Ontario Ministry of Education (2016d). Specialist High Skills Major: Policy and Implementation Guide.  
<http://www.edu.gov.on.ca/morestudentsuccess/SHSMBinder.pdf>
- 36 Ontario Ministry of Education (2016e). The Kindergarten Program.  
[https://fies.ontario.ca/books/edu\\_the\\_kindergarten\\_program\\_english\\_aoda\\_web\\_oct7.pdf](https://fies.ontario.ca/books/edu_the_kindergarten_program_english_aoda_web_oct7.pdf)
- 37 Ontario Ministry of Education (2016f). Financial Literacy: Scope and sequence of Expectations.  
<http://www.edu.gov.on.ca/eng/document/policy/FinLitGr4to8.pdf>
- 38 Ontario Ministry of Education (2017a). Capacity Building Series.  
<http://www.edu.gov.on.ca/eng/literacynumeracy/inspire/research/capacityBuilding.html>
- 39 Qiquan Zhong (2016). Curriculum development based on core competencies: Challenges and issues // Global Education. Vol. 45 (01). P. 3–25.
- 40 Zhan Wansheng, Ning Wujie (2004). The moral education curriculum for junior high schools in 21st century China // Journal of Moral Education. Vol. 33. No. 4. P. 511–532. doi: 10.1080/0305724042000327993.
- 41 Chongde Lin (2017). The research of core competencies and values for students in China // Studies of Psychology and Behavior. Vol. 15 (02). P. 145–154.
- 42 Tao Xin (2016). Academic quality standards: A bridge connecting core competencies, curriculum standards, assessment and evaluation // People's Education. No. 19. P. 17–18.
- 43 School 21: Empowering every young person to change the world  
<https://school21.org.uk/>
- 44 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

45 Тыңдаушыға арналған нұсқаулық. «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2021. – 150 б.

46 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. 17 маусым, 2023 жыл. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletiti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>

47 Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыргүйегіндегі №294 бұйрығы

48 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі.– Атырау, 2024 жылғы 15 наурыз. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>

49 Arthur, J., & Kristjánsson, K. (2022). The Jubilee Centre framework for character education in schools. University of Birmingham.

**«Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру» тәжірибесінен**

Абай облысы, Семей қаласы. «Жарқын ЖООББМ» КММ  
 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Карипбаева Л.Т.  
 Педагог психолог: Оразбаева А.А

Мектеп:	«Жарқын жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар 7-8 сыныптар	Қатыспағандар саны
Сабақ тақырыбы:	"Әмбебап құзыреттілік пен сауаттылықты дамыту: табысқа жету жолы"	
Сабақтың мақсаты:	Білім алушыларда сыни ойлау, коммуникация, командада жұмыс істеу және жауапкершілік сияқты әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру, сондай-ақ олардың функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру.	

**Сабақтың барысы**

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p><b>Психологиялық ахуал туғызу «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды ішкі жан дүниесін түсіне білуге баулу. Эмоциялық-ерік өрісіндегі өзгерістерді бақылау, топта жағымды атмосфера қалыптастыру.</p> <p>Қатысушылар өз көңіл-күйлері, оны неге ұқсатуға болатыны жайлы әңгімелейді. Жаттығуды жүргізуші бастайды. «Менің бүгінгі көңіл-күйім үлпілдеген аппақ мақта сияқты. Сенікі ше?» Жаттығу шеңбер бойымен кезектесе жүргізіледі. Жаттығу соңында жүргізуші жалпы топтың бүгінгі көңіл-күйі қандай болғанына көңіл аударып, қорытындылайды.</p> <p><b>Ескерту.</b> Балалардың жауаптарындағы жаман ауа-райы: суық, жаңбыр, бұлтты күн эмоциялық жай-күйдің нашарлығын көрсетеді. Сабақ барысында мұғалім</p>	<p>Өзінің көңіл күйін суреттейді</p> <p>Педагогтің қойған сұрақтарына жауап беріп, диалогқа қатысады. Сыныпта жағымды ахуал қалыптастырады.</p>	ҚБ Мадақтау, қолдау	Бұлтқа ұқсатылып жасалған бір шөкім мақта

	сол білім алушыларға көбірек эмпатия беруге тырысады.			
15 минут	<p><b>«Арқанды курс» жаттығуы</b>  <b>«Соқыр бағыттаушы»</b>  <b>Сипаттамасы:</b> Бұл жаттығу топ мүшелерінің бір-біріне деген сенімділігін арттыру, фантазия мен шығармашылықтарын дамытуға арналған.</p> <p><b>Шарты:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қазір сіздер саяхатқа шығасыздар, барлықтарыңыздың көздеріңіз жұмулы болады.</li> <li>2. Топ бірінің артынан бірі тізіліп тұрады, Гид (жетектеуші) алдыда болады. Қатысушылар көздерін жұмып, алдыңғы адамның иығына қолдарын қойып тұрады.</li> <li>3. Саяхат 15 минутқа созылуы тиіс. Ол сыныптың ішінде немесе дәлізде бола береді. Қатысушылар баспалдақтан жоғары төмен түсіп немесе далаға да шығуға болады. Гидтің міндеті саяхатты қызықты өткізу. Ол өз қиялымен маршрут жолдарын құрастыра отырып қауіпсіздік туралы да айтуы тиіс. Гид жолдан қалай өтуді, кей жерде шуламай аяқтың ұшымен жүру керектігіне нұсқаулық беріп отырады.</li> <li>4. Барлығы Гидтің нұсқаулығын тыңдап, соның айтқанымен жүруі тиіс.</li> <li>5. Гид топ мүшелерінің қауіпсіздігіне жауап беріп, ешкімнің зардап шекпеуіне қамқорлық танытады жән саяхаттың әр қатысушы үшін қызықты өтуіне жауап береді.</li> <li>6. 15 минуттан кейін саяхат аяқталған соң әркім алған әсерлерімен бөліседі:</li> </ol>			



<p>Сабақтың ортасы 15 минут</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Саяхат барысында көңіл-күйіңіз қандай болды?</li> <li>- Әркім өзін қаншалықты сенімді сезінді?</li> <li>- Саяхат қызықты болды ма?</li> <li>- Қандай эпизод ерекше ұнады?</li> <li>- Саяхат барысында күтпеген жағдайлар болды ма?</li> <li>- Топ мүшелерінің бір-бірімен қатынасы қандай болды?</li> <li>- Топ мүшелері бір-біріне қолдау көрсетіп, өзара көмек қолын созды ма?</li> <li>- Гид өзін қалай сезінді?</li> <li>- Мүмкін оған қарапайым саяхатшы болған ұнар ма еді?</li> <li>- Ал кім Гид болар еді?</li> <li>- Егер саяхатқа қайтадан шықсаңыздар нені өзгертер едіңіздер?</li> </ul> <p><b>Материалдар:</b> әр оқушыға жеке көз байлағыш береді.</p> <p><b>Функционалдық сауаттылықты арттыру тапсырмалары</b> Сынып білім алушылары үш топқа бөлінеді. Әр топқа тапсырмалар беріледі.</p> <p><b>1-ТОП ТАПСЫРМАСЫ</b> <b>Мәселе:</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div data-bbox="347 1301 582 1473"> </div> <div data-bbox="587 1301 774 1473"> </div> </div> <p style="display: flex; justify-content: space-around;"> <span>1-сурет</span> <span>2сурет</span> </p> <p><u>Дереккөз.</u> Адам ағзасында абсорбция кезеңінде тәулігіне - 180 000 мл, сағатына-7500мл, ал минутына -125мл 1-реттік зәр түзіледі.</p> <p><b>Тапсырма</b> Адам ағзасында химиялық заттардың және зат айналымы нәтижесінде түзілген басқа да зиянды заттардың мөлшері артқанда суретте берілген екі механизмнің адам ағзасы үшін қызметін қалай байланыстыруға болады? Үш дәлел айтыңыз. Үштен көп дәлел енгізсеңіз, тек 1 және 2 дәлеліңіз</p>	<p><i>Білім алушы:</i> суретте көрсетілген екі механизмнің адам ағзасы үшін қызметін байланыстырады, дәлелін тұжырымдайды.</p> <p><i>Білім алушы:</i> реабсорбция кезеңіндегі зәрдің сағ/минутына түзілуі мөлшерін есептейді</p>	<p><b>Бағалау критерийі:</b> зәрдің сүзілу және түзілуі механизмі мен судың сүзілу механизмінің адам өміріндегі маңызын талдайды.</p> <p><i>Білім алушылар</i> -Сурет арасындағы байланысты</p>	<p>А4 қағазға шығарылған суреттер</p> <p>А4 қағазға шығарылған суреттер</p>
-------------------------------------	--	--	---	---

ғана бағаланады. Дәлеліңізді тұжырымдаңыз.  
Реабсорбция кезеңінде тәулігіне 1,5л зәр түзілгенде сағатына және минутына қанша мл. зәр түзіледі?  
Нәтижесін кестеге түсіріңіз.

Зәр түзілу кезеңдері	Тәулік	Сағат	Минуту
Абсорбция			
Реабсорбция			


## 2-ТОП ТАПСЫРМАСЫ

*Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыздар.*

1) Ол денесінің жиырылуының және күмбез тәрізді дененің босаңсуының арқасында қозғалады. Мұндай қозғалыстар қолшатырдың ашылуы мен жабылуына ұқсайды. Бұл қозғалыс түрі қай ағзаға тән?

- а) гидра
- ә) медуза
- б) кальмар

2) Берілген екі сурет арасындағы байланысты анықтаңыз.



## 3-ТОП ТАПСЫРМАСЫ



Шарды үрлеп, одан кейін еркін қоя берілген ауа шарының қозғалысы үрленген шардың ішіндегі қысым атмосфералық қысымнан едәуір артық болатыны белгілі, ал бос қоя берілген шардың ішіндегі біраз ауаның төменгі саңылауы арқылы сыртқа шығуы шардың жоғары көтерілуін тудырады. Ол біраз уақыт бөлме ішінде әрлі-берлі ұшатын болады. Шар ішінен шығатын ауа оны қарама-қарсы бағытта қозғалуға мәжбүр етеді.

**Сұрақ №1:** Мәтінде қандай қозғалыс түрі жайында айтылған?

сипаттайды ;  
Қозғалыс түрін және жұмыс жасау принципін анықтайды ;

Өз ойларын айтады, қозғалыс түрін және жұмыс жасау принципін анықтайды ;

А4 қағазға шығарылған суреттер

	<p><b>Сұрақ №2:</b> Осындай қозғалыс жасайтын жануарларды атаңыз.</p> <p><b>Сұрақ №3:</b> Бұл қозғалыс түрін күнделікті өмірмен қалай байланыстыра аласыздар?</p> 			
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Қорытындылау, қатысушылардың не үйренгенін, алынған дағдыларды өмірде және оқуда қалай қолдануға болатынын талқылау</p> <p><b>Рефлексия:</b></p> <p><b>«Бес саусақ» әдісі</b></p>  <p>Бас бармақ – өзімді қалай сезіндім?  Балаң үйрек – басқаларға көмегім тиді ме?  Орған терек – бүгінгі көңіл күйім қандай болды?  Шылдыр шүмек – бүгінгі сабақ ұнады ма?  Кішкентай бөбек – бүгін не үйрендім?</p>	<p>Кестені толтырады</p>	<p>ҚБ. Мадақтау және қолдау көрсету.</p>	<p>Сұрақтар жазылған бес саусақтың суреті бар А4 бет</p>

Оқылым арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру: әдістемелік құрал/Т.К. Нөгербаев, А.Ш. Тәңірбергенова, Р.Т. Сапарбаева Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2021. – 46 б. Еңбегінен алынған үзінді материал

Білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін оқылым мәтініне негізделген жоғары ойлау (салыстыру, талдау, бағалау т.б.) деңгейіндегі тапсырмалар беріліп, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады, атап айтқанда, *оқушылар сабақта*:

- әртүрлі мәтіннің мазмұнына интерпретация жасай білу;
- мәтіннен алған ақпаратты өмірлік жағдаяттарда және қажетіне пайдалана білу;
- ақпараттарды талдай білу, материалдарды бірнеше бөліктерге бөлу және олардың арасындағы байланысты білу;
- әртүрлі мәтіннен алған ақпараттарды жинақтау (синтез), қорытынды жасау;
- оқылған ақпаратқа баға беру сынды маңызды дағдыларды игереді.

Біз төменде «Денсаулық – адам организмінің қалыпты жағдайы» атты мәтініне негізделген білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау деңгейлеріне бағытталған тапсырмаларды ұсынамыз.

#### **Денсаулық – адам ағзасының қалыпты жағдайы**

Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сыртқа белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни оның ағзасының клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, балалар өлімі, әртүрлі ауруға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп-дамуы, орташа жасы т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбекақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «*Бірінші байлық – денсаулық*», «*Дені саудың – жаны сау*», «*Жаны саудың – тәні сау*» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.

<https://kk.wikipedia.org/wiki>



# ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ

## Су - тазалықтың жүрегі

Қолды үнемі таза сумен жуу маңызды:

- ас ішер алдында;
  - жануармен ойнағаннан кейін;
  - дәретханаға барғаннан кейін;
  - даладан келгенде; т.б.
- Сумен үнемі қолды жуу кез келген аурудың алдын алуда негіз болады.



**Көзінді сақта!!**  
Кітапты көзіңнен  
35-40 см қашықтықта  
ұста. Теледидар қарау  
мен компьютердегі  
жұмыс істеу ұзақтығы  
30-45 минут.  
көрсетілген уақыттан  
ұзақ болса онда үзіліс  
қажет.



Тіс щеткаңды,  
тарағыңды, басқада жеке  
косметикаларыңды  
ешуақытта біреуге берме,  
біреудікің қолданба.

Денсаулық қол жуу мен тіс  
тазалаудан басталады.  
Тісті таңертең және кеште  
тазалау міндетті.



## Спорт-денсаулық кепілі



## ШЫЛЫМ ШЕКПЕ!

Темекі түтіні өкпеге зиян,  
тынысың тарылады, жүрек  
қызметін нашарлатады,  
тістерің сарғаяды, сыртқы  
келбетің бұзылады.



## Дене сымбатына назар аудар.

Омыртқа қисаймас үшін стол мен орындық адам  
бойына сәйкес болуы керек. Үстелде бүкірейіп  
отырма. табаңың еденге толығымен тиіп, тізе тік  
бұрышталып бүгілуі керек.

## КҮН ТӘРТІБІН САҚТА!!!



## КӨШЕЛДЕН ҮЙГЕ КЕЛГЕНДІ БІРІНШІ КЕЗКТЕ ҚОЛЫҢДЫ ЖУ!!!

*Білу деңгейіне бағытталған тапсырмалар*

<b>3-бөлім: Денсаулық – зор байлық</b>	<b>Оқу мақсаты:</b> 7. Об. Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.
--	--

*1-тапсырма.* Мәтінді зерттеп оқып, берілген суретпен байланыстырып, адамның денсаулығына әсер ететін факторларды топтаңыз.

<b>Адамның денсаулығына оң әсер ететін факторлар</b>	<b>Адамның денсаулығына кері әсер ететін факторлар</b>

*2-тапсырма.* Мәтіндегі негізгі ойды меңзеп тұрған сөйлемді тауып, оны басқаша құрастырыңыз, перифраз жасаңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

*3-тапсырма.* Кестеде берілген терминдер мен сөз тіркестеріне мәтіндегі ақпараттар негізінде түсінік беріңіз. Терминдер мен сөз тіркестерінің мәтін үшін маңызы қандай екенін тұжырымдаңыз.

<b>Терминдер мен сөз тіркестері</b>	<b>Түсінік</b>	<b>Терминдер мен сөз тіркестерінің сіздің өміріңізде маңызы бар ма?</b>
<b>Биологиялық факторлар</b>	Іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілері	Менің әкем мен анамның және атам мен әжемнің бойындағы сырқат менде не болмаса менің баламда көрінуі мүмкін
<b>Әлеуметтік факторлар</b>		

жеке адамның денсаулығы		
жалпы <u>ХАЛЫҚТЫҢ</u> денсаулығы		
клиникалық көрсеткіштер жиынтығы		
физиологиялық көрсеткіштер жиынтығы		

<p><b>3-бөлім: Денсаулық – зор байлық</b></p>	<p>7.04 Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау: Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. <b>Анализ және интерпретация</b></p>
---	---

<p><b>Денсаулық – адам ағзасының қалыпты жағдайы</b></p> <p>Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы <u>халықтың</u> денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни оның ағзасының клиникалық, физиологиялық және <u>биохимиялық</u> көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және <u>географиялық</u> жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.</p> <p>Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, <u>балалар</u> өлімі, әртүрлі ауруға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп-дамуы, орташа жасы т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбекақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «<i>Бірінші байлық – денсаулық</i>», «<i>Дені саудың – жаны сау</i>», «<i>Жаны саудың – тәні сау</i>» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.</p> <p><a href="https://kk.wikipedia.org/wiki">https://kk.wikipedia.org/wiki</a></p>	<p><b>Тазалық</b></p> <p>Шекілдеуік шағып тұрды, Сыныпқа кеп бір бала. Дедім оған атып тұрып: «Таза еденді былғама. Балшығымен баса салар, Жауынды күн жүрсе адам, Не қоқырсық шаша салар, Қойма емес қой бұл саған» Мен жіберген қаталықты Түзетті кеп Ақбала: «Сақтау керек тазалықты Көшеде де, бақта да».</p> <p><u>Абдрахман Асылбек</u></p>
--	---



1-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіндерге салыстырмалы талдау жасаңыз.


«Денсаулық – адам ағзасының қалыпты жағдайы» мәтіні	Талдау алгоритмі	«Тазалық» мәтіні
	1. Тақырыптық-идеялық жағынан талдау тақырыбы идеясы мақсаты мазмұны аудиториясы	
	2. Стилистикалық-композициялық талдау формасы жанры стил түрі құрылымы	
	3. Тілдік-эстетикалық тұрғыда талдау тілдік қолданыстар интонация сөз тіркестері сөйлем құрылымы абзацаралық байланыс	

2-тапсырма. Төменде берілген мәтіндік және графиктік ақпараттарды пайдалана отырып, аурулардың алдын алу шараларын ұсыныңыз.

Қызылорда облысы бойынша тұрғындардың эндокринді ауруының түрлері	Аурулардың туындау себептері	Аурулардың алдын алу үшін қандай шараларды ұсынасыз?

## Қызылорда облысы бойынша тұрғындарының эндокринді ауруларының түрлері

2009 жыл



13-сурет Қызылорда облысы бойынша тұрғындардың эндокринді аурулары туралы ақпарат

### Денсаулық – адам ағзасының қалыпты жағдайы

Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни оның ағзасының клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, балалар өлімі, әртүрлі ауруға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп-дамуы, орташа жасы т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбекақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық

### Тазалық

Шекілдеуік шағып тұрды,  
Сыныпқа кеп бір бала.  
Дедім оған атып тұрып:  
«Таза еденді былғама.  
Балшығымен баса салар,  
Жауынды күн жүрсе адам,  
Не қоқырсық шаша салар  
Қойма емес қой бұл саған»  
Мен жіберген қаталықты  
Түзетті кеп Ақбала:  
«Сақтау керек тазалықты

сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «*Бірінші байлық – денсаулық*», «*Дені саудың – жаны сау*», «*Жаны саудың – тәні сау*» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.

Көшеде де, бақта да».

Абдрахман Асылбек

<https://kk.wikipedia.org/wiki>

*Қолдану деңгейіне негізделген тапсырмалар*

<p><b>3-бөлім: Денсаулық – зор байлық</b></p>	<p>Оқу мақсаты: 7.03. Хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату. <b>Қолдану және интерпретация</b></p>
---	---

*1-тапсырма.* Берілген мәтіндердің жанрын анықтаңыз. Әр жанрдың өзіне тән белгілерін көрсетіп дәлелдеңіз.

*2-тапсырма.* Екі мәтіннің байланысы арқылы негізгі идеяны табыңыз.

А мәтіні	Ә мәтіні
<p>2019 жылдың 31 желтоқсанында Қытайдың Ухань қаласынан шыққан шығу тегі белгісіз пневмониямен алғашында 27 адам сырқаттанғаны жарияланды.</p> <p>9 қаңтарда жергілікті эпидемиологтер пневмония ауруының жаңа қоздырғышы коронавирустың тарағанын жария етті. Араға екі күн салып, 11 қаңтарда сырқат қоздырғышының әсерінен алғашқы қайтыс болған адам туралы ақпарат пайда болды. 20 қаңтарда қытайлықтар вирус адамнан адамға жұғады деп дабыл қақты. Сол күні Оңтүстік Корея дәл осындай симптомы бар науқас туралы хабарлады. «Сырқаттанған</p>	<p>XXI ғасырдың алғашқы ширегіне қадам басқанда медицина жүрісінен кателесті. Қателік медицинадан болды. Оның бастауы белгісіз бактерологиядан орын алды. Алдаған баянсыз болжамдар, уақыт өтіне жұтылған адамдар легі. Индеттің құрығына</p>

<p>адам оны Уханьнан тасымалдады» деп жариялады. 21 қаңтарда АҚШ билігі өздерінде сырқаттанған тұңғыш адамның аспан асты елінен келгенін хабарлады.</p> <p>22 қаңтарда Қытай билігі коронавирусты жаңа жаһандық эпидемия деп атады. Бірақ сол кезде ешбір ел шегараны жабу қажет деп санамады және Қытаймен байланысын тоқтатпады. Адамдар әлі де саяхаттап, бір-біріне қонаққа барудан тыйылмады.</p> <p>23 қаңтарда Ухань қаласы карантинге жабылды. Келесі күні билік ресейліктерден аспан асты еліне сапарлаудан бас тартуды ескертіп, Уханьмен әуе байланысын тоқтатты.</p> <p>24 қаңтарда Франция алғашқы сырқат туралы хабарлады. Бұл коронавирустың Еуропадағы алғашқы пайда болуы еді. Осыдан соң вирус Германия, Италия, Испания, Ұлыбританияда, кейін Филиппин, Жапония, Иран, Бразилия, Австралия, Канада, Біріккен Араб Әмірліктеріне тарап кетті.</p> <p>13 наурыздан бастап Ресей коронавирусқа қатысты жағдай бақылаудан шыға бастаған Еуропамен арадағы жолаушылар тасымалын тоқтатты. Осыдан соң әлем елдері біртіндеп карантинге жабылып, белгісіз инфекциямен күрес жүргізе бастады.</p>	<p>түскендерді қарап тұрсаң, іштерінен жасты да, жасамысты да көресің. Олардың ішінде хан да, қара да бар. Міне, бір жылдан астам уақыт өтті, індетті медицина ауыздықтай алар емес.</p>
--	--

*3-тапсырма.* Мәтіннен алынған төмендегі үзіндіге сәйкес өмірден мысал келтіріңіз. Үзіндідегі мақал-мәтелдерді тақырып, идея, мазмұнға сай қолданыңыз.

Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден ерекше көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да асқан жауапкершілікпен қараған. Қазақ халқының *«Бірінші байлық – денсаулық», «Дені саудың – жаны сау», «Жаны саудың – тәні сау»* деген мақал-мәтелдердің терең тәрбиелік және философиялық маңызы бүгінгі күнде де өзекті.

*4-тапсырма.* Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтап, олардың қолдану мақсатын түсіндіріңіз.


Негізгі ақпарат	Не үшін келтірген?

<b>Жанама ақпарат</b>	<b>Қандай мақсатта пайдаланған?</b>
<b>Өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстылығы</b>	

*Талдау деңгейіне негізделген тапсырмалар*

<b>3-бөлім: Денсаулық – зор байлық</b>	<p>Оқу мақсаты: 7.07. Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау.</p> <p><b>Қолдану және интерпретация</b></p>
--	--

**1-тапсырма.** Графиктік ақпараттарды жинақтап, тұтас мәтін құрастырыңыз.



**Денсаулық – адам ағзасының қалыпты жағдайы**

Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни оның ағзасының клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, балалар өлімі, әртүрлі ауруға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп-дамуы, орташа жасы т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбекақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «*Бірінші байлық – денсаулық*», «*Дені саудың – жаны сау*», «*Жаны саудың – тәні сау*» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.

<https://kk.wikipedia.org/wiki>

*2-тапсырма.* Жоғарыдағы тұтас және тұтас емес мәтіндердегі көтерілген мәселенің артықшылығы мен кемшілігін салыстырып, өндеу арқылы басқа мәтін құрастырыңыз. Мәтіндер дереккөзіне сілтеме жасаңыз.

*3-тапсырма.* Мәтіндегі 2 ақпаратқа ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар мен оқулықтардан алынған деректерді қолданып, авторына сілтеме жасап, факт келтіріңіз. Мәтінде көтерілген мәселенің өзектілігін бағалаңыз.

Дерек	Дереккөз	Авторы	Факт	Мәселенің өзектілігі

*4-тапсырма.* Төменде берілген мәтін үзіндісіне өз пікіріңізді білдіріп, «Төрт сөйлем» әдісімен ой толғаңыз.

Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбекақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты.

<b>Пікір</b> <b>Дәлел (дереккөз бен авторына сілтеме жасаңыз)</b> <b>Мысал</b> <b>Қорытынды</b>
--

*5-тапсырма.* Ғаламтордан дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары туралы кеңес беретін мақала тауып, авторына сілтеме жасаңыз.

Ғаламтордан алынған кеңестер	Мақаланың атауы	Дереккөз	Авторы

Жоғарыда ұсынылған PISA тапсырмаларына қазақ тілі пәні бойынша оқу бағдарламасымен сәйкестендіріліп ұсынылып отырған тапсырма үлгілері білім алушылардың сабақ барысында оқылым дағдыларын қалыптастырып, олардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

*Талдау деңгейіне негізделген тапсырмалар*

<b>3-бөлім: Денсаулық – зор байлық</b>	<b>Оқу мақсаты: 7.04</b> Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау: Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. <b>Анализ және интерпретация</b>
--	---

*1-тапсырма.* Мәтіндерге төменде берілген кестеге сай салыстырмалы талдау жасаңыз.

<b>Денсаулық – адам ағзасының қалыпты жағдайы</b> Адам денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке	<b>Тазалық</b> Шекілдеуік шағып тұрды, Сыныпқа кеп бір бала.
---	--

адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі. Жеке адамның денсаулығын, яғни оның ағзасының клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Ал жалпы халықтың денсаулығы санитарлық-статистикалық кешенді көрсеткіштермен, яғни халықтың өсімі, өлуі, балалар өлімі, әртүрлі ауруға шалдығуы, адамның дұрыс өсіп-дамуы, орташа жасы т.б. факторлар арқылы анықталады. Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбекақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты. Адам денсаулығының мән-маңызына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген; күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «*Бірінші байлық – денсаулық*», «*Дені саудың – жаны сау*», «*Жаны саудың – тәні сау*» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.

<https://kk.wikipedia.org/wiki>

Дедім оған атып тұрып:  
«Таза еденді былғама.  
Балшығымен баса салар,  
Жауынды күн жүрсе адам,  
Не қоқырсық шаша салар  
Қойма емес қой бұл саған»  
Мен жіберген қаталықты  
Түзетті кеп Ақбала:  
«Сақтау керек тазалықты  
Көшеде де, бақта да».

Абдрахман Асылбек

*Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасаңыз.*

«Денсаулық – адам ағзасының қалыпты жағдайы» мәтіні	Талдау алгоритмі	«Тазалық» мәтіні
	1. Тақырыптық-идеялық жағынан талдау тақырыбы идеясы мақсаты мазмұны аудиториясы	



	2. Стилистикалық-композициялық талдау формасы жанры стиль түрі құрылымы	
	3. Тілдік-эстетикалық тұрғыда талдау тілдік қолданыстар интонация сөз тіркестері сөйлем құрылымы абзацаралық байланыс	

<b>3-бөлім:</b> <b>Денсаулық – зор байлық</b>	7.01. Мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау.
	7.02. Публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану.
	7.07. Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау

*1-тапсырма.* Коронавирус туралы ғаламторда берілген ақпаратты мұқият зерттеп, осы вирусқа бейімделіп, өмір сүре алатындығымызды болжап көріңіз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

*2-тапсырма.* Берілген тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстырып, өңдеу арқылы зерттеу мәтінін құрыңыз және оны Ы. Алтынсариннің «Аурудан аяған күштірек» әңгімесімен байланыстырыңыз.

### Аурудан аяған күштірек

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

- Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың ба? – деп сұрады. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап:
- Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жүдемесін деп шыдап жатырмын,
- деді.

*Ыбырай Алтынсарин*



14-сурет. Тұмаудан сақтану және өзін-өзі дұрыс ұстау тәртібі

**ӨСОА науқастарын ААТ деңгейін анықтау үшін көрсетілім/сипат белгі**

Көрсетілім	Түсіндіру
Өкпе эмфиземасының ерте басталуы	Анамнезінде ерте басталған елтігу бар 40 жасқа дейін ӨСОА науқастары; 40 жасқа дейінгі эмфиземаға тән физикалық-аспаптық мәліметтері бар науқастар.
Көзге көрінбейтін қауіп факторларынсыз өкпенің өкпенің созылмалы обструктивті ауруы	Физикалық және/немесе аспаптық белгілері өкпенің созылмалы обструктивті ауруына тән науқастар

	анамнезінде белгілі қауіп факторлары (шылым шегу, поллютанттар, жиі респираторлық инфекциялар) анықталмаған физикалық және/немесе аспаптық белгілері өкпенің созылмалы обструктивті ауруына тән науқастар.
Генетикалық бейімділігі бар өкпенің созылмалы обструктивті ауруы	Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы бойынша асқынған тұқымқуалаушылық анамнезі бар науқастар.
Тікелей базальды бөліктің зақымдануымен пайда болған өкпе эмфиземасы	Аспаптық расталған базальды бөліктің эмфиземасы бар науқастар

*2-тапсырма.* «Биология» пәнінен өткен «Тыныс алу мүшелері ауруларының себептері және алдын алу шаралары» тақырыбын еске түсіріп, ондағы проблемалық жағдаяттарды шешу жолдарын ұсыныңыз.

<b>Мәтіндегі проблемалық жағдаяттар</b>	<b>Проблеманы шешу жолдары (менің ұсынысым)</b>

Жоғарыда Блум таксономиясы негізінде ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасымен сәйкестендіріліп ұсынылды. Берілген тапсырма үлгілері білім алушылардың сабақ барысында оқылым дағдыларын қалыптастырып, олардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында пәнаралық сабақтастықты ескеру аса маңызды. Бұл оқушының пәндік білімі мен функционалдық білімін әрі қарай жетілдіруге негіз болады.

### **Мәтіндерді түсіну деңгейлеріне арналған оқу тапсырмалары**

Білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда басты құралдардың бірі мәтін екендігі белгілі. Ал мәтін білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға оң ықпал етуі үшін мәтінмен жұмыс істеу деңгейлеріне сәйкес тапсырмаларды жүйелі құрастыру аса маңызды. Демек,

мәтінге байланысты тапсырмалар әзірлеуде мәтінді жалпы түсіну, ақпаратты анықтау, мәтінді интерпретациялау, мәтін мазмұнына және ұсынылу формасына қатысты рефлексия секілді мәтінді түсіну деңгейлері ескеріліп әзірленуі тиіс. Әзірленген оқу тапсырмалары ұсынымдық сипатта берілген, сондықтан педагогтердің тапсырмаларды сыныптағы білім алушылардың деңгейіне, қызығушылығы мен қажеттілігіне орай өзгертіп, яғни күрделендіріп немесе жеңілдетіп алуына болады.

Оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу барысында мәтін таңдағанда келесі ережелерді ескеру қажет:

- Мәтін оқу мақсатына сәйкес таңдалуы керек.
- Мәтіннің күрделілік деңгейі оқушының жас ерекшелігіне сәйкес болуы тиіс.
- Мәтін оқушыға қызықты және оның әрі қарай оқуын ынталандыратындай болуы қажет.
- Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздерге түсіндірме сілтемелердің болуын қамтамасыз ету маңызды.
- Мәтін қарпі оқушының көруіне қолайлы болуы қажет.
- Мәтін оқушыны ойландырып, ой-өрісінің дамуына ықпал етуі тиіс.
- Мәтінде берілген суреттер оқушыны алаңдатпайтындай болуы керек.
- Мәтін құрылымдалған болуы тиіс.
- Мәтінде қателер болмауы керек.

Білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту мақсатында инфографикаларды да тиімді қолдануға болады. Оқу тапсырмаларына инфографикаларды ұсыну білім алушылардың зейінін, қабылдауын, қажетті ақпаратты табумен қатар орынды қолдану сынды дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сол себепті де білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда тұтас емес мәтінді қолдану маңызды. Инфографикалар негізінде құрылған тапсырмалар өмірмен байланысты болғаны дұрыс. Оқушы мұндай тапсырма түрлерін қолдана отырып, алған білімін өмірде қолдана алады, ақпаратты табу үшін оқудың түрлерін, яғни көз жүгіртіп оқу, шолып оқу, зерттеп оқу т.б. түрлерін қолдана алады. Сондай-ақ мұндай тапсырмалар оқушыға ас мәзірін қарай отырып, өзіне қажеттіні жылдам табуға, жарнамалардан маңызды ақпаратты табуға дағдыландырады, сонымен қатар кез келген мәтін түрін оқудың қай түрімен оқып шығу өз мақсатына сай, тиімді екендігін ұғынып, оның мазмұны мен формасына сәйкес рефлексиялай алатын болады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу – оқушының мәтінді түсініп, маңызды ақпараттарға мән бере оқуға жаттыққанының жемісі.

Біз енді инфографикаларды қолдана отырып, мәтінді түсіну деңгейлеріне байланысты оқу тапсырмаларының үлгілерін ұсынамыз. Бұл ұсынылған оқу тапсырмалары ұсынымдық сипатқа ие, сондықтан әр педагог оқу мақсатына

сәйкес тапсырмаларды өзгертіп, білім алушылардың ерекшеліктеріне қарай бейімдеп қолдануына болады (13-сурет).



15-сурет. Жерасты суларының ластануы және парниктік газдардың жылдық бөлінуі [14, 15]

### 1. Мәтінді жалпы түсіну деңгейіне арналған тапсырмалар

1.1 Сурет қандай ақпаратты қамтиды?

- а) қоқыс тастайтын орындар мен канализациялар жерасты суларын ластайды;
- ә) химикаттарды сақтауға арналған қоймалар мен өнеркәсіптік қалдықтар жерасты суларын ластайды;
- б) парниктік газдардың жерасты суларына әсері;

1.2 Суретте берілген ақпарат кімдерге қызықты болуы мүмкін?

Жауап: \_\_\_\_\_

### 2. Мәтіннен ақпаратты табуға, анықтауға арналған тапсырмалар

2.1 Парниктік газдардың жылдық бөлінуіне ең көп ықпал ететін және ең аз ықпал ететін факторды анықтаңыз.

Ең көп ықпал ететін фактор: \_\_\_\_\_

Ең аз ықпал ететін фактор: \_\_\_\_\_

2.2 Суреттердегі ақпараттар негізінде кестеде берілген тұжырымдардың «шын» немесе жалған» екендігін анықтаңыз.

<b>Тұжырым</b>	<b>Шын/жалған</b>
Ластауыштар борпылдақ жыныстар немесе топырақ арқылы еніп, жерасты суларын ластайды.	
Пестицидтердің, жасанды және органикалық тыңайтқыштардың таралуы жерасты суларының ластануына әсер етеді.	
Қалдықтарды жою мен өңдеу парниктік газдардың бөлінуіне ықпал етпейді.	
Парниктік газдардың жылдық бөлінуінің ең көп үлесін тұрғын үйлер, коммерциялық және басқа да құрылымдар құрайды.	

### ***3. Мәтінді интерпретациялау деңгейіне негізделген тапсырмалар***

3.1 Жерасты суларына ластауыштар қалай енеді?

Жауап: \_\_\_\_\_

3.2 Парниктік газдардың жылдық бөлінуіне қосатын үлесін диаграмма түрінде өрнектеп көрсетіңіз.

Жауап: \_\_\_\_\_

### ***4. Мәтін мазмұнына қатысты рефлексия***

4.1 Жерасты суларын ластанудан қорғау үшін 3 шара ұсыныңыз. Өз пікіріңізге дәлелдер келтіріңіз.

1-қорғау шарасы: \_\_\_\_\_

2-қорғау шарасы: \_\_\_\_\_

3-қорғау шарасы: \_\_\_\_\_

4.2 Парниктік газдардың бөлінуі атмосфераның өзгеруіне қалай әсер етеді? Оны азайту үшін не істеуге болады. Өз ойыңызды білдіріңіз.

Жауап: \_\_\_\_\_

### ***5. Мәтіннің ұсынылу формасына қатысты рефлексия***

5.1 Суретке сүйене отырып, жерасты суларының ластануы мен парниктік газдардың бөлінуі салдарынан атмосфераның өзгеруі туралы диалог ұсыныңыз.

Сынып сағатының тақырыбы:

Қазақстан жастарының әлеуметтік портреті және құндылықтары

Сабақтың мақсаты:

Білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін дамыту арқылы Қазақстан жастарының денсаулығы, қызығушылықтары, білім деңгейі және әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы талқылау, ақпаратпен жұмыс жасау және азаматтық белсенділікке тәрбиелеу.

Сабақтың міндеттері:

Оқушыларды денсаулық, білім, құндылықтар және азаматтық белсенділік тақырыптарында талқылауға қатыстыру.

Білім алушылардың ақпаратты талдау және өңдеу дағдыларын қалыптастыру.

Оқушыларды азаматтық белсенділікке, жауапкершілікке баулу.

Сабақтың түрі:

Сынып сағаты (дискуссия, топтық жұмыс, презентация).

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (5 минут)

Оқушылармен амандасу, сыныптың сабаққа дайын екенін тексеру.

Сабақтың мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру.

II. Кіріспе бөлім (10 минут)

Мұғалім Қазақстан жастарының әлеуметтік портретіне қысқаша шолу жасайды. Суреттегі негізгі деректерді талқылап, әр бөлімнің мазмұнына тоқталады.

Денсаулық: Жастардың денсаулық жағдайы, спортпен шұғылдану және психологиялық тұрақтылық туралы.

Мүдделер мен құндылықтар: Бос уақытты өткізу, кітап оқу, құндылықтар.

Азаматтық белсенділік: Саясатқа қатысу, волонтерлік қызмет.

Білім: Қазақстандық білім жүйесіне көзқарас.

Әлеуметтік-экономикалық жағдай: Жұмыс табудағы қиындықтар, ақша жинау мүмкіндіктері.

## Жастар портреті

### ДЕНСАУЛЫҚ



### МҮДДЕЛЕР МЕН ҚҰҢДЫЛЫҚТАР



### САЯСАТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК



### БІЛІМ



### ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ



Дереккөз: \*Жастардың ҒСО жасаған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар дарағы бойынша, 2022 жыл

### III. Топтық жұмыс (20 минут)

Оқушыларды 5 топқа бөліп, әр топқа бір бөлім бойынша тапсырмалар беріледі.

#### 1-топ: Денсаулық

Тапсырма: Суреттегі денсаулық туралы ақпаратты талқылап, өз ойларын презентация түрінде көрсетіңіз. Сұрақтар:

Неліктен жастардың 60,3%-ы тұрақты психологиялық жағдайға ие?

Жүйелі спортпен шұғылданудың артықшылықтары қандай?

#### 2-топ: Мүдделер мен құндылықтар

Тапсырма: Жастардың бос уақыттарын қалай өткізетіндерін сипаттап, кітап оқудың маңыздылығы туралы ой-пікірлеріңізді ортаға салыңыз.

Кітап оқуды жастар арасында насихаттаудың қандай жолдары бар?

#### 3-топ: Азаматтық белсенділік

Тапсырма: Жастардың саяси және азаматтық белсенділігі туралы деректерді талқылаңыз.

Жастардың 78,6%-ы сайлауға қатысуды не үшін маңызды деп санайды деп ойлайсыз?

#### 4-топ: Білім

Тапсырма: Қазақстандық білім жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылап, білімнің жастар үшін қаншалықты маңызды екенін анықтаңыз.



Білім алушылардың 23,5%-ы lifelong learning-ке (өмір бойы білім алу) бет алуға, бұл неге маңызды?

5-топ: Әлеуметтік-экономикалық жағдай

Тапсырма: Жастардың жұмыс табудағы қиындықтарын және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін талқылаңыз.

Ақша жинау мүмкіндігінің болмауының себептері қандай деп ойлайсыз?

IV. Презентация (15 минут)

Әр топ өз тақырыбы бойынша презентация жасап, сыныпқа түсіндіреді.

Қалған оқушылар қойылған сұрақтарға жауап береді немесе қосымша пікірлерін айтады.

V. Жалпы талқылау және қорытындылау (10 минут)

Әр топтың жұмысына қысқаша шолу жасалады.

Мұғалім жалпы талқылауды қорытындылап, әр бөлім бойынша негізгі ойларды қайталайды.

Оқушыларға азаматтық белсенділік пен денсаулықты нығайту жолдары туралы рефлексия жасау ұсынылады.

VI. Бағалау (5 минут)

Әр топтың жұмысы бағаланады.

Топтың белсенділігі, өз ойын ашық жеткізуі, топпен жұмыс дағдылары ескеріледі.

Білім алушылардың экологиялық мәдениетін, әмбебап құзыреттілігін және функционалды сауаттылығын дамытуға ықпал ететін тапсырма түрлері

Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар маңызды экологиялық және әлеуметтік мәселелерді талқылап, оларды шешудің жолдарын табуға, қоғамдағы әділеттілік пен азаматтық белсенділікті бағалауға, және әртүрлі мәдени көзқарастарды құрметтеуге үйренеді.

Ұсынылған тапсырмалар климаттың өзгеруі, биоәртүрлілікті жоғалту, су тапшылығы сияқты мәселелерді зерттеуге бағытталған. Бұл арқылы оқушылар қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсініп, өздері қолданатын экологиялық шараларды анықтайды. Экологиялық дағдарыстар мен жергілікті экожүйелердің проблемалары туралы тереңірек ақпарат алу арқылы оқушылар табиғатты қорғауға белсенді қатысуды үйренеді. Бұл олардың экологиялық сауаттылығын арттырып, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Жалпы осы тапсырмаларды орындату арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, өз ойын ашық айтуға, әлеуметтік әділетсіздікке байланысты мәселелерді шешуге, табандылық танытуға және азаматтық белсенділікке үйретуге болады. Әртүрлі көзқарастарды бағалау, әлеуметтік және экологиялық дағдарыстарды талқылау арқылы оқушылар жеке тұлға ретінде жауапкершілік алып, қоғамға үлес қосуға дайындалады. Бұл құзыреттіліктер оларға болашақта тиімді көшбасшы болуға көмектеседі.

Әр тапсырма білім алушылардың нақты ақпаратпен жұмыс жасауын, оны талдауды және қорытынды жасауды талап етеді. Бұл олардың ақпаратты дұрыс пайдалану, мәтінді түсіну және талдау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, топтық жұмыстар арқылы коммуникация және ынтымақтастық дағдылары да дамиды, бұл білім алушылардың функционалды сауаттылығының маңызды бөлігі болып табылады.

1. Климаттың өзгеруі, биоәртүрлілікті жоғалту және су тапшылығы мәселелерін шешу үшін жасалатын әрекеттер

Тапсырма:

Мақсаты: Оқушыларды климаттың өзгеруі мен биоәртүрлілікті сақтау жолдары туралы ойлануға және өз ойларын ортаға салуға ынталандыру.

Климаттың өзгеруі мен биоәртүрлілікті жоғалтудың негізгі себептерін талқылаңыз.

Су тапшылығы мәселесі әлемде және сіздің аймағыңызда қандай түрде көрініс табады? Осыған байланысты қандай шаралар қабылдау керек деп ойлайсыз?

Климаттың өзгеруі мен экологиялық дағдарыстарды шешу үшін сіз қандай экологиялық әрекеттерге қосыла аласыз?

Нәтиже: Оқушылар өз ойларын шағын презентация немесе эссе түрінде ұсынады. Олар климаттың өзгеруіне байланысты өздері қолдайтын немесе жүзеге асыра алатын нақты әрекеттерді көрсетеді.

2. Қоғамдағы әділетсіздікті мойындау және барлық адамдардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беру

Тапсырма:

Мақсаты: Әлеуметтік әділеттілік мәселелерін талқылау, оқушыларды өз үлесін қосуға ынталандыру.

Сіз қандай әділетсіздік түрлерін байқайсыз? Бұл жағдайларды қалай түзетуге болады деп ойлайсыз?

Қоғамдағы барлық адамдарға тең мүмкіндік беру үшін қандай қадамдар жасалуы керек?

Қандай әлеуметтік бағдарламалар қоғамның әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі?

Нәтиже: Әр оқушы өз ойын топ ішінде талқылап, өздерінің қоғамда әділетсіздікпен күрес жолдарын ұсынады. Бұл талқылауды сыныптық пікірталас ретінде өткізуге болады.

3. Әлеуметтік және экологиялық дағдарыстар кезінде үміттеніп отырып, тиімді әрекет ету

Тапсырма:

Мақсаты: Оқушыларды әлеуметтік және экологиялық қиындықтарды жеңу жолдарын табуға бағыттау, үміт пен табандылықты көрсету.

Әлеуметтік немесе экологиялық дағдарыс кезінде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?

Мұндай қиындықтарды жеңу үшін қандай табандылық көрсету керек?

Әлеуметтік және экологиялық дағдарыстарды шешу кезінде сіз қандай әрекеттерге барар едіңіз?

Нәтиже: Оқушылар өз тәжірибелерінен мысал келтіре отырып, табандылық пен үміттің маңыздылығын талқылайды. Әр оқушы дағдарыс кезіндегі өзінің рөлі туралы ойлайды.

4. Әртүрлі көзқарастар мен білім жүйелерін құрметтеу

Тапсырма:

Мақсаты: Оқушыларды әртүрлі мәдениеттер мен көзқарастарды құрметтеуге және бағалауға үйрету.

Әртүрлі мәдениеттер мен білім жүйелерін қалай түсініп, құрметтеуге болады?

Сіз басқа мәдениеттердің қандай аспектілерін құрметтейсіз? Неліктен?

Әртүрлі көзқарастарды біріктіру арқылы қоғамда қандай жетістіктерге қол жеткізуге болады?

Нәтиже: Оқушылар шағын топтарда әртүрлі мәдениеттер мен көзқарастарды талқылап, олардың өмірде қандай рөл атқаратыны туралы пікір алмасады. Топ жұмысы қорытындысында әртүрлі көзқарастардың маңыздылығын түсіндіретін эссе немесе постер жасау.

5. Азаматтық процестерге жастардың және ересектердің қатысуы

Тапсырма:

Мақсаты: Азаматтық белсенділіктің қоғамдағы рөлі мен маңызын түсіндіру, оқушыларды қоғамдық іс-шараларға қатысуға ынталандыру.

Жастар мен ересектер азаматтық процестерге қалай қатыса алады?

Сіздің ойыңызша, азаматтық белсенділік не үшін маңызды?

Сіз өзіңіздің азаматтық белсенділігіңізді қалай арттыра аласыз? Мысалдар келтіріңіз.

Нәтиже: Әр топ азаматтық белсенділік туралы өз пікірін білдіреді және осы бағытта атқарылатын нақты қадамдарды сипаттайды. Әр топ азаматтық процестерге қатысуға арналған идеялар тізімін жасайды.

6. Жергілікті және жаһандық ауқымдағы мәселелерді түсіну және шешу

Тапсырма:

Мақсаты: Оқушыларға жергілікті және жаһандық деңгейдегі экологиялық және әлеуметтік мәселелердің маңыздылығын түсіндіру.

Сіздің аймағыңызда қандай экологиялық немесе әлеуметтік мәселелер бар?

Жаһандық ауқымда қандай экологиялық мәселелерді шешу керек?

Жергілікті және жаһандық деңгейде қандай шаралар арқылы осы мәселелерді шешуге болады?

Нәтиже: Оқушылар топтық жұмыс барысында өз аймағындағы және әлемдегі мәселелерді талқылап, шешу жолдарын ұсынады. Олар өз ұсыныстарын сынып алдында презентация түрінде қорғайды.

7. «Әлемдік экологиялық мәселелерді шешу жолдары» топтық жоба

Мақсаты: Білім алушылардың жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге арналған шығармашылық идеяларын дамыту және топпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.

Тапсырма:

Оқушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа жаһандық экологиялық мәселелердің бірін тандап, оны шешуге арналған жобаны әзірлеу тапсырылады. Мысалы:

Климаттың өзгеруімен күресу.

Пластик қалдықтарын азайту.

Су ресурстарын сақтау.

Орманды кесу мәселелерін шешу.

Топтық жобада оқушылар мәселенің мәнін түсіндіріп, оны шешу үшін қандай шаралар қолдануға болатынын ұсынуы керек. Жобаны постер, презентация немесе видео түрінде дайындауға болады.

Нәтиже: Әр топ өз жобасын сыныпқа таныстырып, жаһандық экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Топтық талқылау арқылы оқушылар экологиялық мәдениетті дамыту жолдары туралы білімдерін кеңейтеді және бірлесе жұмыс жасау дағдыларын жетілдіреді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде білім беру ұйымдарында  
«Отбасы - тәрбиенің алтын бесігі» челленджін ұйымдастыру бойынша  
ұсынымдар

Елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісінде «Отбасы күні» аталып өтеді.

Білім алушылардың физикалық, психологиялық, әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін отбасы әлеуметтік институт ретінде маңызды рөл атқарады. Отбасы бала үшін өмір мектебі, мінез-құлық нормаларын меңгереді, адамдық қасиеттері қалыптасады және дамиды. Отбасында орныққан қарым-қатынас ерекшелігіне, отбасы мүшелерінің мінез-құлық әдебіне сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті бойына сіңіріп, оларға қарап бой түзейді, үлгі алады.

Отбасы қоғамның негізгі элементі ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың, мәдениеттің және ұрпақтардың тарихи сабақтастығының сақтаушысы, тұрақтылық пен дамудың факторы болды және болып қала береді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 сәуіріндегі №194 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 2-қосымшасындағы жоспарына сәйкес «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджін ұйымдастыру ұсынылады.

Мақсаты: білім беру ұйымдары мен отбасы ынтымақтастығын нығайту.

Міндеттері:

- «Педагог-бала-ата-ана» үштігі ынтымақтастығын көрсету;
- Отбасындағы ұрпақтар сабақтастығының маңызын айқындау;
- Бала тәрбиесіндегі ата-ана еңбегінің үлгілік орнын көрсету;
- Қоғам дамуындағы отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

Өту мерзімі: 2024 жылғы 9-15 қыркүйек аралығы

Қатысушылар: педагогтер, білім алушылар, ата-аналар қауымдастығы

Өту формасы: челлендж

Өту орны: республикамыздың барлық елді-мекеніндегі жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары

Үйлестірушілер: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі.

Ұйымдастырушылар: жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары.

Қатысушылар: жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтер, ата-аналар.

Қатысушылар саны: білім беру ұйымдарының типіне, ерекшелігіне байланысты қатысушылар санын дербес айқындалады

Ескертпе: іс-шараның мазмұнын білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктері сай білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

Аталған челледж шеңберінде «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» әр оқушы ата-анасының бойынан тани алуы, ата-анасына деген құрмет, мақтаныш сезімдерін күшейтуге түрткі болатын іш шараларды жүргізу ұсынылады.

### Челлендж шеңберінде

– Білім алушылар ата-анасына деген жылы лебіздерін, адал еңбегіне алғысын, құрметін ашық хаттар, бейне жолдаулар арқылы білдіру;

– Білім алушылар ата-аналарымен бірлесіп отбасыларының ерекшелігі мен құндылықтарын, отбасындағы татулық пен берекенің бала дамуына, үлгеріміне, мінез-құлық әдебіне оң ықпалын көрсететін, ұрпақтар сабақтастығын дәріптейтін қысқа видео немесе фотоколлаж әзірлеу;

– «Педагог-бала-ата-ана» үштігі ынтымақтастығын көрсететін шығармашылық жұмыстардың видео роликтері немесе фото коллаждар т.б. әзірлеу ұсынылады.

Іс шараның ақпараттық жария етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

Бейнероликті орналастыру күні: 2024 жылғы 9-15 қыркүйек аралығы.

Әлеуметтік желілерде орналастыру хэштегі: #Біртұтас\_тәрбие  
#Отбасы\_ынтымағы

Осы ұсынылған челлендж шеңберінде келесідей тапсырмалар орындалу арқылы білім алушылардың әмбебап құзыреттілігін дамытуға және суаттығын арттыруға болады.

Тапсырма 1: «Менің отбасымның құндылықтары» фотоколлаж жасау

Мақсаты: Білім алушылардың отбасылық құндылықтарды түсінуін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тапсырма:

Әр оқушы өз отбасының ерекшелігі мен құндылықтарын көрсететін фотоколлаж жасайды. Фотоколлажда келесі тақырыптарды қамту ұсынылады:

Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қолдауы.

Отбасындағы татулық пен бірлікті көрсететін суреттер.

Ұрпақтар сабақтастығын бейнелейтін көріністер.

Нәтиже: Оқушылар өз фотоколлаждарын сыныптастарымен бөлісіп, отбасылық құндылықтардың бала дамуына қалай әсер ететіні туралы өз ойларын айтады.

Тапсырма 2: «Адал еңбек – Адал табыс» ата-анама алғыс хат жазу

Мақсаты: Ата-ананың еңбегін бағалауды үйрету, коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Тапсырма:

Әр оқушы өз ата-анасына арнап, олардың адал еңбегіне, қамқорлығына және өмірдегі үлгісіне ризашылық білдіретін хат жазады. Хатта келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады:

Ата-анаңыздың еңбегі сіз үшін қандай маңызды?

Олардың адалдығы мен төзімділігі сізге қалай үлгі болады?

Сіз ата-анаңызға қандай алғысыңызды білдірер едіңіз?

Нәтиже: Оқушылар өз хаттарын сыныпта оқып, ата-ананың еңбегі мен отбасындағы рөлін талқылайды.

Тапсырма 3: «Менің отбасымның тарихы» бейнеролик дайындау

Мақсаты: Отбасылық сабақтастықты түсіну, ақпаратты жинау және өңдеу қабілеттерін дамыту.

Тапсырма:

Оқушылар ата-аналарымен бірге отбасының тарихы туралы қысқа бейнеролик дайындайды. Бейнероликте отбасының тарихы, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар баяндалады. Оқушылар ата-әжелерінен сұхбат алып, ұрпақтар сабақтастығының маңызын көрсетуі керек.

Нәтиже: Оқушылар дайын бейнероликті сыныпта көрсетіп, өз отбасының тарихы туралы әңгімелейді. Сыныптастарымен бірге әр отбасындағы құндылықтардың ерекшелігін талқылайды.

Тапсырма 4: «Менің отбасымның мәдениеті» шығармашылық жұмысы

Мақсаты: Білім алушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.

Тапсырма:

Әр оқушы өз отбасының мәдениеті, салт-дәстүрлері, мерекелері және ерекше оқиғалары туралы шығармашылық жұмыс (эссе, өлең, сурет, шығарма) әзірлейді. Оқушылар отбасындағы мәдени құндылықтардың бала тәрбиесіне қалай әсер ететінін сипаттауы керек.

Нәтиже: Оқушылар өз шығармашылық жұмыстарын сыныпта көрсетіп, өз отбасының мәдениеті мен дәстүрлері туралы әңгімелеп береді.

Тапсырма 5: «Отбасымның бір күні» эссе жазу

Мақсаты: Білім алушылардың жазу дағдыларын жетілдіру, өз ойын жүйелі жеткізе білуін дамыту.

Тапсырма:

Әр оқушы «Отбасымның бір күні» тақырыбында эссе жазады. Эсседе оқушының отбасы мүшелері қалай уақыт өткізетіні, күнделікті өмірде бір-біріне қалай қолдау көрсететіні туралы жазу ұсынылады. Сондай-ақ, оқушы отбасындағы ең жақсы естеліктермен бөлісіп, отбасының оның тәрбиесіне әсерін талдайды.

Нәтиже: Оқушылар өз эсселерін сыныпта оқып, отбасындағы қарым-қатынастар мен құндылықтар туралы өз ойларын ортаға салады.

Тапсырма 6: «Педагог-бала-ата-ана» үштігі ынтымақтастығын көрсету

Мақсаты: Бала, ата-ана және мұғалім арасындағы өзара әрекеттестікті көрсету, коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Тапсырма:

Оқушылар ата-анасымен және мұғалімімен бірге шығармашылық жоба (плакат, видео, сурет) дайындайды. Бұл жоба олардың бірге жұмыс істеуін, өзара қолдауын көрсетеді және білім беру мен тәрбиенің біртұтастығын бейнелейді.

Нәтиже: Әр оқушы дайын жобаны сынып алдында таныстырып, педагог-бала-ата-ана арасындағы ынтымақтастықтың маңызын талқылайды.

Тапсырма 7: «Адал азамат – Адал еңбек» фотоколлаж жасау

Мақсаты: Адалдық, еңбекқорлық туралы ойлауға және визуалды түрде көрсетуге үйрету.

Тапсырма:

Әр оқушы өз ата-анасының еңбек жолын сипаттайтын фотоколлаж жасайды. Коллажда ата-ананың кәсіби қызметі, олардың еңбектегі адалдығы, жетістіктері бейнеленеді. Әр оқушы өз ата-анасының еңбегі туралы шағын әңгіме жазады.

Нәтиже: Оқушылар фотоколлаждарын көрсетіп, ата-анасының адал еңбегі мен жетістіктері туралы әңгімелейді.

Тапсырма 8: «Отбасымның құндылықтарын сипаттаймын» постер дайындау

Мақсаты: Білім алушылардың отбасы құндылықтарын түсінуін арттыру, шығармашылық ойлауды дамыту.

Тапсырма:

Әр оқушы өз отбасында құрметтелетін және сақталатын құндылықтарды сипаттайтын постер жасайды. Постерде отбасы мүшелерінің бір-біріне көрсететін қолдауы, ата-анасының бала тәрбиесіндегі рөлі бейнеленеді.

Нәтиже: Оқушылар постерлерін сыныпта таныстырып, отбасының қоғамдағы және жеке өмірдегі рөлін талқылайды.

8. «Менің отбасымдағы экологиялық мәдениет» эссе жазу

Мақсаты: Білім алушылардың отбасындағы экологиялық мәдениетті талқылау арқылы экологиялық жауапкершілікті арттыру және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Тапсырма:

Әр оқушы өз отбасында экологияға деген көзқарас пен экологиялық мәдениеттің қалай қалыптасқанын эссе түрінде сипаттайды. Оқушылар эсседе мынадай сұрақтарға жауап беруі керек:

Сіздің отбасыңызда экологиялық мәселелерге қандай көңіл бөлінеді?

Қоршаған ортаны қорғау үшін отбасыңызда қандай әдеттер мен ережелер сақталады?

Сіз өз отбасыңызбен бірге қандай экологиялық шараларға қатысасыз?

Нәтиже: Оқушылар өз эсселерін жазып, отбасындағы экологиялық тәрбие мен жауапкершілікті талдайды, сыныптастарының пікірлерін тыңдайды. Бұл олардың экологиялық мәдениетін арттыруға көмектеседі.



## **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК КҮНІН АТАП ӨТУГЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР**

### **КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы сөйлеген сөзінде еңбекқорлық және кәсіби біліктілікті маңызды құндылықтардың бірі ретінде атап өтті. «Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады» - деп жастарға терең ой тасталды.

Мемлекет басшысы адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу және адал азамат болу маңыздылығына тоқталды. Адал азамат – бұл жақсы қасиеттерге ие, адал еңбек етіп, табысқа адал жолмен қол жеткізетін адам. Яғни, ол адалдық пен әділдікті ең жоғары орынға қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы қажет. Әрбір адам «Адал азамат» атын иеленсе, елімізде әділ қоғам орнайды деген тұжырымын жеткізді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес қыркүйек айы «еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы деп аталады. Бұл елімізде қыркүйектің соңғы жексенбісінде аталып өтетін Еңбек күнімен сабақтас. Сондықтан 2024 жылдың 15 қыркүйегінен айдың соңына дейін «Менің нәтижем – менің жетістігім» тақырыбы шеңберінде аптаның дәйексөздері таңдалып, сынып сағаттары өткізіледі.

«Еңбек – түбі береке» атты сынып сағатын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

### **9-11 сынып оқушыларына арналған кейс-сессия жоспары Тақырыбы: "Жаһандық мәселелер және жергілікті шешімдер"**

Мақсаты:

Білім алушылардың әмбебап құзыреттіліктерін дамыту, сыни ойлау және креативті шешімдер қабылдау қабілеттерін жетілдіру. Оқушыларды жаһандық экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге ынталандырып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Міндеттері:

Білім алушылардың ақпаратты талдау және қорытындылау қабілеттерін дамыту;

Шығармашылық шешімдерді ойлап табу және оларды негіздеу дағдыларын қалыптастыру;

Жаһандық мәселелерді жергілікті тұрғыдан қарастырып, тиімді шешімдер ұсынуға бағыттау;

Оқушыларды командалық жұмысқа үйрету және топтық пікір алмасуды қолдау.

Қатысушылар:

9-11 сынып оқушылары (әр топта 4-5 оқушыдан құралатын 3-4 команда).

Өтетін орны:

Сынып бөлмесі немесе мәжіліс залы.

Уақыты:

1,5 - 2 сағат

Кейс-сессияның жалпы құрылымы:

Кіріспе және нұсқаулық (5 минут)

Топтарға бөліну және кейстермен танысу (5 минут)

Кейстерді талқылау және шешім қабылдау (30-40 минут)

Шешімдерді таныстыру және қорғау (15 минут)

Қорытындылау және марапаттау (10 минут)

## 1. Кіріспе және нұсқаулық (5 минут)

Мұғалімнің әрекеті:

Кейсті сессияның мақсатын түсіндіреді: оқушыларды жаһандық мәселелерге назар аударуға, оларды жергілікті деңгейде шешу жолдарын қарастыруға бағытталған.

Оқушыларға сессия барысында қандай дағдыларды дамыту керектігін айтады: мәселені зерттеу, шешім табу, оны дәлелдеу және командада жұмыс істеу.

Кейстер сессиясының негізгі мақсаттары: зерттеу, шығармашылықпен ойлау, топтық ынтымақтастық және нәтижелерді талқылау.

Мұғалімнің сөзі:

"Бүгін біз сіздермен бірге жаһандық мәселелерге тоқталып, оларды жергілікті деңгейде қалай шешуге болатыны туралы ой қозғаймыз. Әр команда өзіне берілген тапсырманы талдап, сол мәселені шешудің ең тиімді жолдарын ұсынады. Жұмыстарыңызды бірлесе, шығармашылықпен және дәлелді түрде орындауларыңыз қажет."

## 2. Топтарға бөліну және кейстермен танысу (5 минут)

Өтетін орны: Сынып бөлмесі.

Мұғалімнің әрекеті:

Оқушыларды топтарға бөледі (әр топта 4-5 оқушы).

Әр топқа өз кейсін береді және тапсырмамен танысуға уақыт береді (5 минут).

Топтар өз кейстерін талқылауды бастамас бұрын, мұғалім олардың тапсырманы дұрыс түсінгенін тексереді.

Кейс тапсырмалары:

### 1-кейс: Климаттың өзгеруі

Климаттың өзгеруі жаһандық деңгейде экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді тудырып отыр. Климаттық өзгерістердің Қазақстанға тигізетін әсері қандай? Бұл мәселемен қалай күресуге болады? Сіздер мектеп немесе жергілікті қауымдастық деңгейінде қандай шаралар қолдануды ұсынар едіңіздер?

### 2-кейс: Су тапшылығы

Жаһандық су тапшылығы мәселесі Қазақстанды да айналып өтпейді. Қазақстанның кейбір өңірлерінде су тапшылығы байқалуда. Сіздің командаңыз су ресурстарын тиімді пайдалану және суды үнемдеу жолдарын ұсынуы қажет. Мектеп аумағында және жергілікті деңгейде су ресурстарын үнемдеудің қандай нақты шараларын енгізуге болады?

### 3-кейс: Қалдықтарды басқару

Жаһандық тұрғыда қалдықтарды басқару – үлкен мәселе. Қалдықтарды дұрыс сұрыптау, қайта өңдеу және қайта пайдалану бойынша Қазақстанда қандай

өзгерістер енгізілуі мүмкін? Мектепте және жергілікті деңгейде қалдықтарды дұрыс басқару жүйесін қалай жақсартуға болады?

4-кейс: Қалалардың тұрақты дамуы

Жаһандық урбанизация процесі қалаларға үлкен жүктеме түсіруде. Қазақстанның ірі қалаларында инфрақұрылымдық мәселелер бар: көлік кептелісі, ластанған ауа, жасыл аймақтардың азаюы. Сіздер қала ортасында тұрақты дамуды қалай қамтамасыз етуге болатынын және экологиялық таза қала болу үшін қандай шаралар қолдануға болатынын ұсыныңыздар.

3. Кейстерді талқылау және шешім қабылдау (30-40 минут)

Өтетін орны: Әр топ өзіне бөлінген жерде жұмыс істейді.

Мұғалімнің әрекеті:

Әр топқа мәселені талқылап, тиімді шешімдер ойлап табуға 30-40 минут уақыт береді.

Мұғалім әр топтың жұмысын қадағалап, бағыт-бағдар береді және қажет болған жағдайда кеңес береді.

Топ жұмысына қойылатын талаптар:

Әр топ ұсынылған кейс бойынша мәселенің мәнін түсініп, оны қалай шешуге болатынын талқылауы қажет.

Әр топ нақты, тиімді және шығармашылық шешімдер ұсынуы керек.

Шешімнің тиімділігі мен жаңашылдығын дәлелдейтін аргументтер келтіру.

4. Шешімдерді таныстыру және қорғау (15 минут)

Өтетін орны: Сынып бөлмесі немесе ортақ мәжіліс залы.

Мұғалімнің әрекеті:

Әр топ өз шешімдерін 3-5 минут ішінде таныстырады және қорғап шығады.

Оқушылар өз шешімдерін қысқаша түсіндіріп, оның артықшылықтарын және неге тиімді екенін дәлелдейді.

Бағалау критерийлері:

Мәселенің дұрыс талдануы: Мәселені түсініп, талдау жасалған ба?

Шешімнің тиімділігі және шығармашылық: Ұсынылған шешім қаншалықты орынды және шығармашылық?

Топтық жұмыс: Топтағы барлық мүшелердің шешімге қатысуы және бірлесе әрекет етуі қалай ұйымдастырылды?

Таныстыру және дәлелдер: Шешімдерді қорғау барысында нақты мысалдар мен дәлелдердің болуы.

## 5. Қорытындылау және марапаттау (10 минут)

Өтетін орны: Сынып бөлмесі немесе ортақ мәжіліс залы.

Мұғалімнің әрекеті:

Барлық топтың жұмысын қорытындылап, ұсынылған шешімдерге баға береді.

Шығармашылық пен тиімділік тұрғысынан ең үздік шешім ұсынған топты марапаттайды.

Барлық топтарға қатысқандары үшін алғыс білдіріп, сертификаттар немесе шағын сыйлықтар тапсырады.

Қорытынды

Бұл кейс-сессия 9-11 сынып оқушыларының жаһандық және жергілікті мәселелерді түсініп, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсыну қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сессия барысында оқушылар өзекті мәселелерді терең талдап, оларды шығармашылық тұрғыдан шешуге үйренеді. Бұл іс-шара олардың функционалдық сауаттылығын арттырып, әлеуметтік жауапкершіліктерін дамытуға көмектеседі.

Сынып сағаты бойынша топтық жұмыс/жоба (5-6, 7-8, 9-10 сыныптарға)

Әр түрлі сынып деңгейлеріне арналған сынып сағаттарының негізгі мақсаты – оқушылардың жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми әлеуетін дамыту, оларды ғылымға жақындату және олардың құзыреттіліктері мен қызығушылықтарын арттыру. Әр сынып үшін жоба немесе топтық жұмыс оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған.

5-6 сыныптарға арналған жоба: «Менің алғашқы ғылыми жобам»

Мақсаты: Оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына қызығушылығын арттыру, ғылыми ойлауды дамыту және өздерінің ғылыми қабілеттерін түсінуге көмектесу.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі

Қатысушылар: 5-6 сынып оқушылары, 3-4 адамнан тұратын топтар

Уақыты: 1 сағат

Сценарий

1. Бастапқы нұсқаулық (5 минут)

Мұғалім оқушыларға жобаның мақсаты мен мазмұнын түсіндіреді. Әр топқа ғылыми жоба жасау қажеттілігі айтылады. Мұғалім тақырыпты таңдап, әр топқа бөліп береді (экология, табиғи ресурстар, климат өзгеруі және т.б.).

2. Жобаны құру және талқылау (20 минут)

Оқушылар топ ішінде талқылау жүргізеді. Әр топ таңдалған тақырып бойынша қарапайым ғылыми тәжірибе немесе жоба құрастырады. Олар:



Қарапайым ғылыми сұрақ қояды (мысалы, "Неліктен өсімдікке су қажет?" немесе "Судың қайнау температурасы неге байланысты?").

Жауапты зерттейді, ақпаратты іздеп, шағын эксперимент жоспарлайды.

Алынған нәтижелерді талдайды.

3. Жобаны таныстыру (15 минут)

Әр топ өздерінің жобаларын сынып алдында қорғайды. Әр топтың мүшелері:

Өз зерттеу сұрағын таныстырады.

Тәжірибелерін сипаттап, нәтижелерін түсіндіреді.

4. Қорытынды (10 минут)

Мұғалім әр топтың жұмысын қорытындылап, әрбір оқушының ғылыми дағдыларын атап өтеді. Сонымен қатар, оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыратын ұсыныстар беріледі.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар өздерінің алғашқы ғылыми жобаларын жасап, өз қабілеттерін байқайды. Олар жаратылыстану ғылымдарына қызығып, тәжірибелер арқылы жаңа білім алады.

### **7-8 сыныптарға арналған жоба: «Ғылым және табиғат»**

Мақсаты: Оқушыларды табиғат құбылыстарын зерттеуге бағыттау, ғылымға сыни тұрғыдан қарау қабілеттерін дамыту және ғылыми құзыреттіліктерін арттыру.

Өтетін орны: Мектептің зертхана кабинеті немесе сынып бөлмесі

Қатысушылар: 7-8 сынып оқушылары, 4-5 адамнан тұратын топтар

Уақыты: 1 сағат 30 минут

Сценарий

1. Жобаның мақсаты мен құрылымын түсіндіру (5 минут)

Мұғалім оқушыларға табиғатқа қатысты ғылыми жобаны зерттеу арқылы шешу қажет екенін түсіндіреді. Әр топқа түрлі экологиялық немесе табиғи құбылыстарға байланысты сұрақтар беріледі (су ресурстары, ауа сапасы, топырақ құрамы және т.б.).

2. Топтық жұмыс және зерттеу (30 минут)

Әр топ өздерінің ғылыми сұрақтары бойынша зерттеу жүргізеді. Мысалға: Суды үнемдеу үшін қандай шаралар қолдануға болады?

Ауа сапасына әсер ететін факторлар қандай?

Топырақтың құрамын зерттеу және оның ауыл шаруашылығына әсері.

Оқушылар зерттеу барысында мәліметтер жинап, талдау жасайды. Олар интернетті, кітаптарды немесе мұғалімнің көмекшілері ретінде химиялық/биологиялық құралдарды қолданады.

3. Нәтижелерді ұсыну (20 минут)

Әр топ өздерінің зерттеу нәтижелерін презентация түрінде сыныпқа таныстырады. Жобаны қорғай отырып, оқушылар:

Тақырыпты талдайды.

Қорытынды жасайды.

Қандай тәжірибе жүргізілгенін түсіндіреді.

4. Талқылау және қорытынды (15 минут)

Әр топ өздерінің жұмысына талдау жасайды және мұғалім оқушылардың зерттеу жұмыстарын бағалайды. Мұғалім әрбір топтың шығармашылығын, сыни ойлау қабілеттерін және мәселені шешуге қатысты жасаған ұсыныстарын атап өтеді.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар табиғаттағы ғылыми құбылыстарды түсінуге талпынып, зерттеу жүргізу дағдыларын арттырады. Олар ғылыми шешімдер қабылдауда өздерін сенімді сезініп, табиғатты қорғауға бағытталған идеялар ұсынады.

### **9-10 сыныптарға арналған жоба: «Жаһандық мәселелер және жергілікті шешімдер»**

Мақсаты: Оқушыларды жаһандық және жергілікті экологиялық мәселелерді шешуге бағыттау, сыни тұрғыдан ойлау және ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту.

Өтетін орны: Мектептің мәжіліс залы немесе зертхана

Қатысушылар: 9-10 сынып оқушылары, 5 адамнан тұратын топтар

Уақыты: 1 сағат 45 минут

Сценарий

1. Жобаға кіріспе және тапсырмаларды түсіндіру (10 минут)

Мұғалім әр топқа жаһандық экологиялық мәселелерге байланысты тапсырмалар береді (мысалы, климаттың өзгеруі, пластикалық қалдықтар, ормандарды жою). Әр топ бұл мәселені зерттеп, оны жергілікті деңгейде қалай шешуге болатынын талқылайды.

2. Топтық зерттеу және талқылау (40 минут)

Оқушылар өз тақырыптарын зерттеп, жергілікті шешімдерді ұсынады.

Мысалға:

Климат өзгерісіне қарсы шараларды қалай қолдануға болады?

Пластикалық қалдықтарды азайту үшін мектепте қандай іс-шаралар ұйымдастыруға болады?

Орман алқаптарын қорғау және көбейту үшін қандай қадамдар жасалады?

Әр топ бұл мәселелерді шешудің нақты жолдарын ұсынып, зерттеу жүргізеді. Олар деректерді жинап, статистикалық мәліметтерді пайдалана отырып, өз ұсыныстарын негіздейді.

3. Жобаны таныстыру (30 минут)

Әр топ өздерінің зерттеулерін сынып алдында қорғайды. Оқушылар:

Жаһандық мәселенің мәнін түсіндіреді.

Мәселені шешудің нақты жолдарын ұсынады.

Өз ұсыныстарының тиімділігін дәлелдейді.

#### 4. Қорытындылау және талқылау (15 минут)

Мұғалім әр топтың жұмысын қорытындылап, оқушылардың ұсыныстарын бағалайды. Ол әрбір топтың шешімдерін талқылап, олардың ұсыныстарының қаншалықты тиімді екенін анықтайды.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар жаһандық мәселелерді жергілікті деңгейде шешу үшін қандай қадамдар жасауға болатынын түсінеді. Олар ғылым мен қоғам арасындағы байланысты анықтап, экологиялық мәселелердің маңыздылығын түсініп, нақты шешімдер ұсынады.

#### **Сынып сағаты: "Ғылыми көзқарастар мен ғылыми зерттеу тәсілдерін қадірлеу"**

Бұл сынып сағаты оқушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын дамытып, ғылымның қоғам мен экологиядағы рөлін түсіндіруге бағытталған. Әр түрлі жастағы оқушылар үшін ұсынылатын тапсырмалар жас ерекшеліктеріне және танымдық деңгейіне сәйкес құрылды.

#### **7-8 сыныптарға арналған сынып сағаты: "Ғылыми зерттеу мен дәлелдемелердің құндылығы"**

Мақсаты:

Оқушыларды ғылыми зерттеулердің маңыздылығын түсінуге үйрету, дәлелдемелерге сүйене отырып, ғылыми көзқарастарды дамыту және зерттеулерге сенімділікті арттыру.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі немесе мектептің ғылыми зертхана кабинеті

Уақыты: 45 минут

Сценарий

##### 1. Кіріспе (5 минут)

Мұғалім оқушыларға ғылым мен дәлелдемелерге негізделген зерттеулердің маңыздылығын түсіндіреді. Оқушыларға ғылыми құбылыстарды түсіндіру үшін дәлелдерге сүйену қажет екені айтылады. Сонымен қатар, зерттеу тәсілдерін түсінудің және олардың рөлін түсіндірудің маңызды екендігіне тоқталады.

Мысал сұрақтары:

Неліктен ғылымда дәлелдер маңызды?

Зерттеу тәсілдері не үшін қажет?

##### 2. Ғылыми көзқарас пен дәлелдерді талқылау (10 минут)

Әр топқа қарапайым ғылыми құбылыстар беріледі, оларды дәлелдемелер арқылы түсіндіру қажет. Оқушылар өз бетінше:

Судың қайнау температурасы;

Ауа қабатының рөлі;

Жарықтың сыныуы сияқты құбылыстарды талдайды.

Оқушылар құбылысты түсіндіруге арналған теорияларын дәлелдермен негіздеп, түсіндірулері керек. Әр топ өз түсінігін сынып алдында қорғайды.

##### 3. Ғылыми зерттеу тәсілдері (15 минут)

Оқушыларға ғылыми зерттеу тәсілдерін қолдану тапсырмасы беріледі.  
Олар:

Эксперимент жасап, өз гипотезаларын тексереді (мысалы, өсімдіктің суға қалай әсер ететінін бақылау).

Эксперимент барысында алынған нәтижелерді жазып, қорытынды жасайды.

#### 4. Сынға жауап беру (10 минут)

Әр топ басқа топтың ұсынылған идеялары мен эксперимент нәтижелерін сыни тұрғыдан талдайды. Мұнда оқушылар басқа адамның сынының ғылыми құбылысты дұрыс түсіндіруге әсер ететінін түсінеді.

Мұғалімнің қорытынды сөзі (5 минут):

Ғылымдағы дәлелдемелер мен зерттеулердің маңыздылығын талқылайды.

Ғылыми көзқарастың дамуы мен өзгеруінің рөлін түсіндіреді.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар ғылыми зерттеу тәсілдерінің маңызын түсініп, ғылыми құбылыстарды дәлелдерге сүйене отырып түсіндіруге үйренеді. Олар ғылымға сыни тұрғыдан қарауды үйренеді.

### **9-10 сыныптарға арналған сынып сағаты: "Ғылыми көзқарастар және ғылыми зерттеу тәсілдерін пайдалану"**

Мақсаты:

Оқушылардың ғылыми зерттеулерге қызығушылығын арттыру, ғылымның дәлелдерге негізделгенін түсіндіру, зерттеу тәсілдерін қолдана білу және ғылымның экологиялық, әлеуметтік мәселелерді шешудегі рөлін түсіндіру.

Өтетін орны: Мектеп зертханасы немесе сынып бөлмесі

Уақыты: 1 сағат

Сценарий

#### 1. Кіріспе (10 минут)

Мұғалім оқушыларға ғылымның дамуы дәлелдер мен зерттеулерге негізделетінін түсіндіреді. Ғылымдағы кез-келген құбылыстың түсіндірілуі дәлелдерге сүйенетінін, ал зерттеудің мақсаты – осы дәлелдерді анықтау екенін айтады. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердің экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі рөлін атап өтеді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты қандай?

Неліктен ғылым әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады?

#### 2. Ғылыми зерттеу тәсілдерін қолдану (30 минут)

Оқушылар 3-4 адамнан тұратын топтарға бөлініп, тәжірибе жасайды. Әр топқа экологиялық немесе әлеуметтік мәселе беріледі. Олар зерттеу жүргізіп, оны шешудің ғылыми негіздерін табуы керек.

Мысал тапсырмалар:

Ауа сапасының қоршаған ортаға әсері (зертханалық үлгілерді қолданып, ауадағы ластаушы заттарды талдау).

Климаттың өзгеруінің өсімдіктер мен жануарларға әсері (өсімдіктердің өсу қарқынын бақылау және климаттық өзгерістерді болжау).

Зерттеу қадамдары:

Мәселені анықтау.

Гипотеза ұсыну.

Эксперимент немесе талдау жүргізу.

Нәтижелерді жинау және талдау.

Қорытынды жасау.

3. Шешімдер мен нәтижелерді талқылау (15 минут)

Әр топ өздерінің зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сынып алдында қорғайды. Олар өз зерттеулерінің нәтижелері мен қорытындыларын дәлелдемелерге сүйене отырып түсіндіреді.

Сұрақтар:

Қандай дәлелдер негізінде осы қорытындыға келдіңіздер?

Бұл зерттеулер қандай әлеуметтік немесе экологиялық мәселені шешуге көмектеседі?

4. Ғылыми білімнің өзгермелілігі (5 минут)

Мұғалім ғылымның дамып, өзгеріп отыратын құбылыс екенін түсіндіреді. Әрбір жаңа зерттеу бұрынғы білімдерге толықтырулар енгізуі немесе оларды теріске шығаруы мүмкін.

Қорытынды (5 минут):

Ғылымның әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешудегі маңызды рөлін түсіндіреді.

Ғылыми зерттеулердің дәлелдерге негізделуі және ғылымның дамуындағы белгісіздікті қабылдау маңыздылығын атап өтеді.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар ғылыми зерттеулерді дәлелдерге сүйене отырып жүргізуді үйренеді және ғылымның экологиялық, әлеуметтік мәселелерді шешуге қосатын үлесін түсінеді. Олар ғылыми тәсілдерді қолданып, нақты шешімдер қабылдауға қабілетті болады.

Адамның Жер жүйелерімен әрекеттесуінен туындайтын әсерді түсіндіру білім алушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға және олардың табиғат пен қоғам арасындағы байланысты тереңірек түсінуіне бағытталған. Бұл құзырет оқушылардың қоршаған ортаға байланысты түрлі физикалық, биологиялық және жер жүйелерін, сондай-ақ адамның осы жүйелермен өзара әрекеттесуін түсінуге үйретеді.

Адам мен Жер жүйелері арасындағы өзара әрекеттесу

Жер жүйелері – бұл Жердің тіршілік етуіне қажетті табиғи процестер мен құрылымдар жиынтығы, соның ішінде атмосфера, гидросфера (сулар), литосфера (жер қабығы) және биосфера (тіршілік әлемі). Адам осы жүйелермен тығыз байланысты, өйткені оның іс-әрекеттері табиғатқа үлкен әсерін тигізеді. Адамның шаруашылық және тұрмыстық іс-әрекеттері табиғи ресурстарды пайдаланып, Жер жүйелерінің тепе-теңдігіне әсер етеді.

Қоршаған ортаның физикалық, тірі және Жер жүйелері және олардың өзара әрекеттесуі

Физикалық жүйелер: Жердің физикалық құрылымдарына атмосфера (ауа қабаты), гидросфера (су ресурстары) және литосфера (жер қабығы) жатады. Бұл жүйелер өзара тығыз байланысты:

Атмосфера мен гидросфераның өзара әрекеттесуі нәтижесінде жаңбыр жауады, бұл су айналымының маңызды элементі.

Жер қабығының қозғалысы климатқа әсер етіп, жер сілкінісі, вулкандар сияқты табиғи құбылыстарды тудырады.

Тірі жүйелер (биосфера): Биосфера – Жердің тірі ағзалар мекендейтін қабаты. Ол атмосферамен, гидросферамен және литосферамен өзара тығыз әрекеттеседі. Өсімдіктер фотосинтез процесінде атмосферадан көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін шығарады, ал жануарлар бұл оттегін тыныс алу үшін пайдаланады.

Адамның осы жүйелермен өзара әрекеттесуін уақыт өте келе зерттеу және қолдану

Адамның Жер жүйелерімен өзара әрекеттесуі көп ғасырлар бойы өзгеріп отырды. Өнеркәсіптік революциядан бастап адамзат табиғи ресурстарды көптеп пайдалана бастады. Бұл:

Атмосфераға өнеркәсіптік газдар мен қалдықтардың шығарылуына;

Су ресурстарының ластануына;

Жердің табиғи ландшафтарын бұзуға әкелді.

Мысалдар:

Атмосфераға әсер: Көлік пен зауыттардан шығатын парниктік газдар атмосфераның ластануына әкеліп, жаһандық жылынуды тудырады.

Гидросфераға әсер: Қалалар мен өнеркәсіп орындарынан шыққан химиялық заттар өзендер мен көлдерді ластайды, бұл су экожүйелеріне зиян келтіреді.

Литосфераға әсер: Шаруашылық мақсатында жерді пайдалану, оның ішінде ормандарды кесу, жердің құнарлы қабатын азайтады және эрозияға әкеледі.

Адамның Жер жүйелеріне әсерінің оң және теріс жақтары

Уақыт өте келе адамның Жер жүйелеріне тигізетін әсері оң және теріс болуы мүмкін:

Теріс әсерлер:

Климаттың өзгеруі: Парниктік газдар шығарындыларының артуы климаттық өзгерістерге алып келеді, бұл су ресурстарының азаюына және табиғи апаттардың көбеюіне ықпал етеді.

Экожүйелердің бұзылуы: Ормандарды кесу, жерді шамадан тыс пайдалану биологиялық алуан түрліліктің жойылуына және экожүйелердің тепе-теңдігінің бұзылуына әкеледі.

Оң әсерлер:

Жерді қайта қалпына келтіру: Қайта өңдеу, табиғатты қорғау және орман отырғызу жобалары экожүйелерді қалпына келтіруге көмектеседі.

Жаңартылатын энергия көздері: Күн, жел және су энергиясын пайдалану табиғи ресурстарды үнемдеуге және климатқа оң әсер етуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік, мәдени және экономикалық факторлардың әсері

Адамның Жер жүйелеріне тигізетін әсері әртүрлі әлеуметтік, мәдени және экономикалық факторларға байланысты:

Әлеуметтік факторлар: Қалалардың өсуі, халықтың көбеюі және урбанизация Жер жүйелеріне үлкен жүктеме түсіреді. Адамдар көп шоғырланған жерлерде атмосфераның, судың және топырақтың ластану деңгейі жоғары болады.

Мәдени факторлар: Табиғатты пайдалануға деген көзқарас әр мәдениетте әртүрлі. Кейбір мәдениеттер табиғатты қорғауға көп көңіл бөлсе, басқалары экономикалық даму үшін табиғи ресурстарды барынша пайдаланады.

Экономикалық факторлар: Өнеркәсіптік өндірістің дамуы және экономикалық өсім көптеген табиғи ресурстарды пайдалануды қажет етеді. Алайда, экономикалық дамумен қатар экологиялық проблемалар да туындайды.

### **Сынып сағаттарындағы тапсырмалар**

#### **7-8 сыныптар үшін тапсырмалар:**

Тапсырма: «Менің экологиялық ізім»

Мақсаты: Оқушылардың өздерінің күнделікті іс-әрекеттерінің Жер жүйелеріне әсерін түсіну.

Әр оқушы өз күнделікті әрекеттерін (мысалы, су тұтыну, энергия пайдалану) талдап, өздерінің "экологиялық ізін" есептейді. Кейін олар экологиялық ізді қалай азайтуға болатыны туралы ұсыныстар береді.

Тапсырма: «Жер жүйелерін зерттеу»

Мақсаты: Оқушылардың Жер жүйелері арасындағы байланысты түсіну.

Оқушыларға әр жүйе туралы ақпарат беру. Әр топ атмосфера, гидросфера, литосфера және биосфера арасындағы өзара әрекетті зерттеп, оны презентация түрінде сыныпқа ұсынады.

### **9-10 сыныптар үшін тапсырмалар:**

Тапсырма: «Адамның Жер жүйелеріне әсері»

Мақсаты: Оқушылардың адамның шаруашылық әрекеттерінің Жер жүйелеріне тигізетін әсерін зерттеу.

Әр топ өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының немесе көлік жүйесінің атмосфераға, гидросфераға және биосфераға әсерін зерттеп, шешімдер ұсынады.

Тапсырма: «Экологиялық дағдарыстар»

Мақсаты: Оқушылардың жаһандық экологиялық мәселелерді талдау қабілеттерін дамыту.

Әр топ белгілі бір экологиялық дағдарысты (мысалы, климаттың өзгеруі, ормандардың жойылуы) зерттеп, оның салдарын және алдын алу шараларын талқылайды. Топтар ұсыныстарын сынып алдында қорғайды.

### **Сынып сағаты: "Адамның Жер жүйелерімен әрекеттесуінен туындайтын әсерді түсіндіру"**

Бұл сабақтың мақсаты – оқушыларды экологиялық сауаттылыққа баулу, Жердің табиғи жүйелері мен адамның олармен өзара әрекеттесуін тереңірек түсіндіру, сондай-ақ олардың өз іс-әрекеттерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін саналы түрде бағалауға үйрету.

### **5-6 сыныптарға арналған сынып сағаты үлгісі**

Тақырыбы: "Табиғатты сақтайық!"

Мақсаты:

Оқушылардың табиғи жүйелер (атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфера) туралы негізгі түсініктерін қалыптастыру және олардың адам әрекеттеріне байланысты өзгеруін түсіндіру.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі

Қатысушылар: 5-6 сынып оқушылары

Уақыты: 45 минут

Сценарий

1. Кіріспе (5 минут)

Мұғалім сабақты бастаған кезде оқушыларға табиғаттың Жер жүйелері (атмосфера, гидросфера, литосфера және биосфера) туралы жалпы түсінік береді. Әр жүйенің қызметі мен маңызы қысқаша түсіндіріледі. Мұғалім сұрақтар қойып, оқушылардан осы жүйелердің не екенін және олар қалай жұмыс істейтінін сұрайды:

Атмосфера нені білдіреді?

Су айналымы қалай жүреді?

Адам осы жүйелерге қалай әсер етеді?

2. Топтық жұмыс: "Табиғи жүйелердің өзара әрекеттесуі" (15 минут)



Оқушыларды 4 топқа бөлу. Әр топқа бір Жер жүйесін (атмосфера, гидросфера, литосфера немесе биосфера) зерттеу тапсырмасы беріледі:

Топтар жүйенің жұмысын, оның құрамдас бөліктерін зерттейді және адам әрекетінің сол жүйеге қалай әсер ететінін анықтайды.

Әр топ өз нәтижелерін сыныпқа таныстырады.

3. Тапсырма: "Менің экологиялық ізім" (10 минут)

Оқушылар өздерінің күнделікті өміріндегі әрекеттерін талдайды: қанша су тұтынады, энергияны қалай үнемдейді, қоқысты қалай сұрыптайды және т.б. Кейін әр оқушы өз "экологиялық ізін" есептеп, оны қалай азайтуға болатыны туралы ұсыныстар айтады.

4. Қорытынды (5 минут)

Оқушылармен бірге мұғалім сабақтың негізгі қорытындысын жасайды: Жер жүйелері өзара тығыз байланысты және адам әрекеті оларды өзгерте алады. Біз экологиялық ізді азайту арқылы табиғатты сақтауға үлес қоса аламыз.

## **7-8 сыныптарға арналған сынып сағаты**

### **Тақырыбы: "Адамның табиғатқа әсері"**

Мақсаты:

Оқушыларға Жер жүйелерінің өзара байланысын тереңірек түсіндіріп, адам әрекетінің осы жүйелерге тигізетін оң және теріс әсерін көрсету.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі немесе мектеп зертханасы

Қатысушылар: 7-8 сынып оқушылары

Уақыты: 1 сағат

Сценарий

1. Кіріспе (10 минут)

Мұғалім оқушыларға Жер жүйелері туралы кеңірек мәлімет береді. Әр жүйенің қалай жұмыс істейтіні және адамның осы жүйелерге қалай әсер ететініне нақты мысалдар келтіреді:

Атмосфераға парниктік газдардың әсері.

Гидросфераның ластануы.

Топырақ эрозиясы. Оқушыларға адамның Жер жүйелеріне әсерін қысқаша бейнеролик немесе презентация көрсету.

2. Тапсырма: "Жер жүйелерін зерттеу" (20 минут)

Оқушыларды 4 топқа бөлу. Әр топ бір Жер жүйесін (атмосфера, гидросфера, литосфера, биосфера) зерттейді:

Әр топ адам әрекетінің сол жүйеге әсерін зерттеп, мысалдар келтіреді.

Әр топ өз жұмысын сыныпқа таныстырады.

Мысал тапсырма:

Атмосфера: Парниктік газдардың әсері.

Гидросфера: Су ресурстарының ластануы.

Литосфера: Жер эрозиясы және ормандарды кесу.

Биосфера: Биологиялық әртүрліліктің азаюы.

3. Тапсырма: "Экологиялық дағдарыстар және шешімдер" (20 минут)

Әр топқа нақты экологиялық дағдарысты шешу тапсырмасы беріледі.  
Мысалы:

Парниктік газдарды азайту үшін қандай шаралар қолдануға болады?

Су ресурстарын үнемдеу үшін не істеуге болады?

Оқушылар шешімдер ұсынғаннан кейін, өз ұсыныстарын сыныпқа таныстырады және оларды талқылайды.

4. Қорытынды (10 минут)

Мұғалім сабақтың қорытындысын жасайды: Жер жүйелері өзара тығыз байланысты және адамның іс-әрекеті бұл жүйелерге үлкен әсер етеді. Оқушыларға табиғатты қорғаудың маңыздылығы түсіндіріледі және экологиялық жауапкершілікке шақырылады.

### **9-10 сыныптарға арналған сынып сағаты**

**Тақырыбы: "Адамның Жер жүйелеріне әсері және экологиялық дағдарыстар"**

Мақсаты:

Оқушылардың жаһандық экологиялық дағдарыстарды түсінуін арттыру және оларды ғылыми тұрғыдан талдап, шешімдер ұсынуға үйрету.

Өтетін орны: Зертхана немесе сынып бөлмесі

Қатысушылар: 9-10 сынып оқушылары

Уақыты: 1 сағат 15 минут

Сценарий

1. Кіріспе (10 минут)

Мұғалім Жер жүйелерінің жұмысын және адам әрекеттерінің Жер жүйелеріне тигізетін әсерін толық түсіндіреді. Бұл кезеңде мұғалім:

Климаттың өзгеруі.

Орман ресурстарының азаюы.

Қоршаған ортаның ластануы сияқты маңызды экологиялық мәселелерді талқылайды.

2. Топтық жұмыс: "Адамның әсерін зерттеу" (25 минут)

Оқушыларды 4 топқа бөлу. Әр топ өнеркәсіптің немесе адам әрекетінің Жер жүйелеріне тигізетін әсерін зерттейді:

Атмосфераға парниктік газдардың әсері және оны азайту жолдары.

Гидросфераның ластануы және суды тазарту жолдары.

Ормандарды кесу және оны тоқтату шаралары.

Биологиялық әртүрліліктің азаюы және оны қалпына келтіру жолдары.

Топтар өздерінің зерттеу нәтижелерін презентация немесе постер түрінде таныстырады.

3. Талқылау: "Экологиялық дағдарыстарды шешу" (25 минут)

Оқушыларға нақты экологиялық дағдарыстарды шешу ұсынылады. Әр топ өз шешімін ұсынуы керек:

Климат өзгерісіне қарсы қандай шаралар қолдану керек?

Пластикалық қалдықтарды қалай азайтуға болады?

Талқылау барысында әр топтың ұсыныстары талданып, сыныппен бірге шешімдердің тиімділігі бағаланады.

#### 4. Қорытынды (15 минут)

Мұғалім оқушылардың жұмысына баға беріп, Жер жүйелерін қорғаудың маңыздылығын тағы бір рет атап өтеді. Экологиялық жауапкершілікті арттыру мақсатында әр оқушыға өз іс-әрекеттерін талдау тапсырмасы беріледі. Оқушылар өздерінің экологиялық іздерін азайту жолдарын талқылайды.

Бұл сынып сағаттары арқылы оқушылар адам мен Жер жүйелерінің өзара тығыз байланысын түсініп, экологиялық жауапкершілік туралы білімдерін жетілдіреді. Оқушылар өздерінің күнделікті өмірдегі іс-әрекеттері арқылы табиғатқа қалай әсер ететінін бағалап, болашақта экологиялық мәселелерді шешуге атсалысатын жауапты азамат болуға үйренеді.

Сынып сағаты: "Ақпарат көздерін бағалау және қоршаған ортаны қорғау үшін шешімдер қабылдау"

Бұл сынып сағаты оқушыларды деректерді іздеу және бағалау, креативті және жүйелік ойлау негізінде әлеуметтік, экологиялық және табиғи мәселелердің шешімдерін жобалау және қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, оқушыларды азаматтық жауапкершілікке, топтық жұмысқа және жергілікті мен жаһандық деңгейдегі экологиялық өзгерістер үшін әрекет етуге баулу мақсатында құрастырылған.

#### **5-6 сыныптарға арналған сынып сағаты**

Тақырыбы: "Табиғатты сақтайық: Ақпарат іздеу және шешім қабылдау"

Мақсаты:

Оқушыларды экологиялық мәселелерді шешу үшін деректерді іздеу және бағалау дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны қорғауға байланысты креативті шешімдер ұсынуға және топпен жұмыс істеуге үйрету.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі

Қатысушылар: 5-6 сынып оқушылары

Уақыты: 45 минут

Сценарий

##### 1. Кіріспе (5 минут)

Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіреді:

Оқушылардың әртүрлі дереккөздерден ақпарат іздеу және оны бағалау дағдыларын дамыту.

Оқушылар экологиялық мәселелерді түсініп, оларды шешу үшін креативті ұсыныстар ұсынады.

Мұғалім табиғатты қорғау туралы сұрақтар қояды:

Табиғатты қалай сақтай аламыз?

Адамның іс-әрекеттері табиғатқа қалай әсер етеді?

##### 2. Тапсырма: "Ақпарат көздерін зерттеу" (10 минут)

Оқушыларды 3-4 адамнан тұратын топтарға бөлу. Әр топқа экологиялық мәселе беріледі (су ресурстарының ластануы, ормандарды кесу, ауа сапасының төмендеуі). Топтар берілген тақырыпқа қатысты ақпаратты оқулықтардан, интернеттен немесе мұғалімнің берген материалдарынан іздейді және оны бағалайды.

Әр топ ақпаратты қалай жинағанын және ол деректердің қаншалықты сенімді екенін түсіндіреді.

### 3. Тапсырма: "Экологиялық мәселені шешу" (15 минут)

Әр топ өз зерттеген тақырыптарына қатысты шешімдер ұсынуы қажет. Топтар креативті және жүйелік ойлауды қолдана отырып, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын талқылайды. Әр топ өз ұсыныстарын постер немесе сурет түрінде ұсынады:

Суды үнемдеу жолдары.

Орманды сақтау тәсілдері.

Ауа сапасын жақсарту үшін қандай шаралар қолдану керек?

### 4. Шешімдерді таныстыру (10 минут)

Әр топ өздерінің шешімдерін сынып алдында қорғайды. Топ мүшелері ұсынылған шешімдердің тиімділігін түсіндіреді. Әр топтың жұмысы талқыланып, басқа топтар тарапынан сұрақтар қойылады.

### 5. Қорытынды (5 минут)

Мұғалім сынып сағатын қорытындылап, ең тиімді шешімдерді атап өтеді. Сабактың соңында мұғалім табиғатты қорғау мәселелерінің маңыздылығын және әрбір адамның табиғатты сақтау үшін жауапты екенін түсіндіреді.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар әртүрлі дереккөздерден ақпарат іздеуді, оны бағалауды және креативті шешімдер ұсынуды үйренеді. Олар экологиялық мәселелердің маңыздылығын түсініп, оларды шешуге өз үлестерін қоса алады.

## **7-8 сыныптарға арналған сынып сағаты**

Тақырыбы: "Ақпарат негізінде шешім қабылдау: Табиғатты қорғаудағы әрекеттер"

Мақсаты:

Оқушылардың экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты деректерді іздеу және бағалау қабілеттерін жетілдіру, креативті және жүйелік ойлауды қолдана отырып, шешімдер ұсыну және оларды топ ішінде талқылауға бағыттау.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі немесе зертхана

Қатысушылар: 7-8 сынып оқушылары

Уақыты: 1 сағат

Сценарий

### 1. Кіріспе (10 минут)

Мұғалім сабақтың мақсатын түсіндіреді: экологиялық мәселелерді шешу үшін ақпаратты қалай іздеу және талдау керектігін үйрену, топпен жұмыс істеу арқылы шешімдер ұсыну.

Мұғалім экологиялық проблемалардың жаһандық және жергілікті деңгейде қалай көрініс табатынын түсіндіреді. Оқушыларға әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттың маңыздылығын атап өтеді.

2. Тапсырма: "Экологиялық деректерді іздеу және талдау" (15 минут)

Оқушыларды 4 топқа бөлу. Әр топқа нақты экологиялық мәселе беріледі:

Климаттың өзгеруі.

Қалдықтарды дұрыс басқармау.

Жер эрозиясы.

Биологиялық әртүрліліктің азаюы.

Әр топ берілген мәселеге қатысты дереккөздерден ақпарат іздейді және оны талдайды. Оқушылар мәліметтерді салыстырып, оларды қалай қолдануға болатынын түсіндіреді.

3. Тапсырма: "Шешімдерді жобалау және бағалау" (20 минут)

Әр топ өздерінің зерттеген экологиялық мәселелеріне қатысты шешімдер ұсынады. Оқушылар креативті ойлауды қолданып, жүйелік шешімдер жобалайды:

Климаттың өзгеруіне қарсы шаралар.

Қалдықтарды азайту немесе қайта өңдеу жолдары.

Жерді эрозиядан қорғау.

Биологиялық әртүрлілікті сақтау жолдары.

Топтар ұсыныстарын постер немесе презентация түрінде дайындайды.

4. Шешімдерді таныстыру және талқылау (15 минут)

Әр топ өздерінің шешімдерін сыныпқа таныстырып, ұсынылған шешімдердің тиімділігін түсіндіреді. Сынып басқа топтардың ұсыныстарын талқылап, сұрақтар қояды және ұсыныстарды жетілдіру жолдарын талқылайды.

5. Қорытынды (10 минут)

Мұғалім сабақты қорытындылап, әр топтың жұмысына баға береді. Экологиялық проблемалардың кешенді шешімдерін ұсынудың маңыздылығы және әрбір адамның табиғатқа тигізетін әсерін бағалау қажеттігі түсіндіріледі.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар дереккөздерден алынған ақпаратты талдап, экологиялық мәселелерді шешуге арналған креативті және жүйелік шешімдер ұсынуды үйренеді. Топтық жұмыс арқылы олар өздерінің ұсыныстарын негіздеуге және қорғауға машықтанады.

**9-10 сыныптарға арналған сынып сағаты**

Тақырыбы: "Әртүрлі ақпарат көздерін бағалау және экологиялық шешімдер қабылдау"

Мақсаты:

Оқушылардың экологиялық мәселелерді шешу үшін деректерді іздеу, бағалау, шешімдер қабылдау қабілеттерін дамыту және оларды топпен бірге әрекет етуге үйрету.

Өтетін орны: Зертхана немесе сынып бөлмесі

Қатысушылар: 9-10 сынып оқушылары

Уақыты: 1 сағат 15 минут

Сценарий

1. Кіріспе (10 минут)

Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын түсіндіреді. Экологиялық дағдарыстар мен оларды шешудің жолдарын қарастырады. Экологиялық мәселелерді шешуде әртүрлі дереккөздерді бағалау және сенімді ақпаратқа сүйене отырып шешім қабылдаудың маңыздылығын атап өтеді.

Оқушыларға қойылатын сұрақтар:

Экологиялық мәселелерді шешуде ақпараттың рөлі қандай?

Сенімді ақпарат көздерін қалай табуға болады?

2. Тапсырма: "Дереккөздерден ақпарат іздеу және бағалау" (20 минут)

Оқушыларды 4 топқа бөлу. Әр топқа нақты экологиялық мәселе беріледі:

Пластикалық қалдықтардың көбеюі.

Су ресурстарының тапшылығы.

Ормандарды жою.

Жануарлар популяциясының азаюы.

Әр топ берілген тақырыпқа қатысты дереккөздерден (ғылыми мақалалар, жаңалықтар, зерттеу нәтижелері) ақпарат іздеп, оның сенімділігін бағалайды. Ақпаратты талқылап, қорытынды жасайды.

3. Тапсырма: "Экологиялық шешімдер ұсыну" (20 минут)

Әр топ өз зерттеулері негізінде экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Оқушылар креативті және жүйелік ойлау қабілеттерін қолданып, шешімдердің тиімділігін бағалайды және оларды қорғау үшін дәлелдер келтіреді:

Пластик қалдықтарды азайту.

Су ресурстарын үнемдеу.

Ормандарды қалпына келтіру.

Жануарларды қорғау.

4. Шешімдерді талқылау және қорғау (15 минут)

Әр топ өз ұсыныстарын сыныпқа таныстырады және оларды қалай жүзеге асыру керектігін түсіндіреді. Басқа топтар ұсыныстарды талқылап, өз пікірлерін білдіреді.

5. Қорытынды (10 минут)

Мұғалім сабақтың қорытындысын жасайды: дереккөздерден алынған ақпараттың маңыздылығы және креативті шешімдер қабылдау экологиялық мәселелерді шешудің тиімді жолы екендігін атап өтеді. Оқушылар өздері ұсынған шешімдерді нақты әрекетке айналдыру үшін азаматтық процестерге қатысу қажеттігін түсінеді.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар экологиялық мәселелерге қатысты сенімді дереккөздерден ақпарат іздеп, оны талдап, креативті шешімдер ұсынуды үйренеді. Олар азаматтық процестерге қатысып, өз шешімдерін ұжымдық түрде жүзеге асыруға ынталы болады.

## **5-6 сыныптарға арналған сынып сағаты**

**Тақырыбы: "Күнделікті өмірде шығармашылық және ақпаратты қолдану"**

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпаратты тиімді іздеу және оны өмірлік жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі

Қатысушылар: 5-6 сынып оқушылары

Уақыты: 45 минут

Сценарий

### **1. Кіріспе (5 минут)**

Мұғалім оқушыларға креативті ойлаудың маңызын түсіндіреді. Сонымен қатар, ақпаратты қалай іздеп, дұрыс талдау керектігін және оның өмірде қалай қолданылатынын айтады. Мұғалім сұрақтар арқылы креативтілік пен ақпаратты пайдалану туралы оқушылардың пікірлерін тыңдайды:

Шығармашылық деген не?

Ақпаратты қалай қолданамыз?

### **2. Тапсырма: "Шығармашылық шешімдер ойлап табу" (10 минут)**

Оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін мәселелер беріледі (мысалы, суды үнемдеу, қалдықтарды дұрыс жою, мектепте энергияны үнемдеу). Оқушылар топтарға бөлініп, осы мәселелерді шешудің креативті жолдарын ойлап табуы керек. Әр топ өз шешімдерін сынып алдында қорғайды.

Мысал тапсырма:

Қалдықтарды азайту үшін қандай шығармашылық идеялар ұсынасыз?

Суды үнемдеуге қалай үлес қосуға болады?

### **3. Тапсырма: "Ақпаратты іздеу және қолдану" (15 минут)**

Оқушыларға экологиялық мәселе бойынша ақпарат іздеу тапсырмасы беріледі (мысалы, қайта өңдеу, су ресурстарын үнемдеу, ауа сапасын жақсарту). Оқушылар интернет немесе оқулықтар арқылы ақпарат іздейді және оны қалай қолдануға болатынын түсіндіреді.

### **4. Шешімдерді таныстыру (10 минут)**

Әр топ өздерінің тапқан ақпараттарын сыныпқа таныстырады және оның өмірде қалай қолданылатынын түсіндіреді. Тапсырмаларды қорғай отырып, оқушылар шығармашылық және ақпараттық сауаттылықты қалай қолданғандарын көрсетеді.

### **5. Қорытынды (5 минут)**

Мұғалім оқушылардың креативті шешімдерін және ақпаратты іздеу қабілеттерін қорытындылап, білімді өмірде қолданудың маңыздылығын атап өтеді.

### **7-8 сыныптарға арналған сынып сағаты**

Тақырыбы: "Креативті ойлау және ақпараттық сауаттылық: Әлемді жақсартуға үлес қосайық"

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ақпаратты бағалап, оны қолдануға арналған дағдыларын жетілдіру және оларды нақты мәселелерді шешуге баулу.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі

Қатысушылар: 7-8 сынып оқушылары

Уақыты: 1 сағат

Сценарий

#### **1. Кіріспе (10 минут)**

Мұғалім оқушыларға шығармашылық ойлау мен ақпараттық сауаттылықтың күнделікті өмірде маңызды екенін түсіндіреді. Сонымен қатар, бұл дағдылардың болашақта түрлі салаларда қажет болатынына тоқталады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Креативті ойлау дегеніміз не?

Ақпараттық сауаттылық не үшін маңызды?

#### **2. Тапсырма: "Шығармашылық жобалар" (20 минут)**

Оқушыларға экологиялық немесе әлеуметтік мәселе беріледі (мысалы, пластикалық қалдықтарды азайту, көгалдандыру, қоғамдық көлікті қолдану). Әр топ өздерінің шығармашылық шешімдерін жобалап, оны өмірде қалай қолдануға болатынын ұсынады.

Мысал тапсырма:

Пластикалық қалдықтарды азайту үшін қандай жобалар ұсынар едіңіздер?

Қоғамдық көлікті қолдануды арттыру үшін не істеу керек?

Әр топ өз жобаларын постер, сурет немесе қысқа презентация арқылы таныстырады.

#### **3. Тапсырма: "Ақпаратты іздеу және оны қолдану" (20 минут)**

Оқушыларға өз жобаларын жүзеге асыру үшін нақты дереккөздерден ақпарат іздеу тапсырмасы беріледі. Әр топ өз жобасына қатысты ақпаратты интернет немесе оқулықтар арқылы тауып, оны қалай қолдану керектігін түсіндіреді.

#### **4. Шешімдерді қорғау және талқылау (10 минут)**

Әр топ өздерінің тапқан шешімдерін сынып алдында таныстырып, жобаларын қорғап шығады. Басқа оқушылар ұсынылған шешімдерді талқылап, жетілдіру бойынша сұрақтар қояды.

#### **5. Қорытынды (5 минут)**



Мұғалім оқушылардың шығармашылық жобалары мен ақпарат іздеу қабілеттерін қорытындылап, олардың білімдерін өмірде қалай қолдануға болатынын атап өтеді.

### **9-10 сыныптарға арналған сынып сағаты**

Тақырыбы: "Креативтілік және ақпараттық сауаттылық: Болашақты құру"

Мақсаты:

Оқушылардың креативті ойлау, ақпараттық сауаттылық және олардың алған білімдерін болашақтағы мәселелерді шешуге қолдану қабілеттерін дамыту.

Өтетін орны: Сынып бөлмесі немесе зертхана

Қатысушылар: 9-10 сынып оқушылары

Уақыты: 1 сағат 15 минут

Сценарий

#### **1. Кіріспе (10 минут)**

Мұғалім оқушыларға креативтілік пен ақпараттық сауаттылықтың болашақтағы кәсіби өмірде қаншалықты маңызды рөл атқаратынын түсіндіреді. Әр түрлі саладағы инновациялар мен шығармашылық шешімдердің арқасында қол жеткізілген жетістіктер туралы мысалдар келтіреді.

Сұрақтар:

Креативтілік пен ақпараттық сауаттылық болашақ мамандықтарда не үшін маңызды?

Ақпаратты дұрыс пайдалану арқылы қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады?

#### **2. Тапсырма: "Жаңа технологиялар және болашақ шешімдер" (25 минут)**

Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа болашаққа қатысты маңызды мәселені шешуге бағытталған жобаны жасау тапсырмасы беріледі (мысалы, жасыл технологиялар, интеллектуалды қалалар, жаңартылатын энергия көздері). Әр топ креативті шешімдер ұсынады және өз жобаларын ақпарат негізінде дәлелдеп береді.

Мысал тапсырмалар:

Қалалардағы энергия тұтынуды азайту үшін қандай технологиялар енгізуге болады?

Болашақта пластикалық қалдықтарды жою үшін қандай инновациялық шешімдер ұсынасыз?

Әр топ өз шешімдерін постер, презентация немесе қысқаша бейнеролик арқылы таныстырады.

#### **3. Тапсырма: "Ақпаратты іздеу және қолдану" (20 минут)**

Әр топ өз жобаларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ғылыми мақалалардан, жаңалықтардан және интернет дереккөздерінен іздейді. Олар ақпараттың сенімділігін бағалап, оны өз жобаларына қалай қолданатынын түсіндіреді.

#### **4. Шешімдерді қорғау және талқылау (15 минут)**

Әр топ өз жобаларын қорғайды және өз шешімдерінің болашақта қалай қолданылатынын дәлелдейді. Сынып басқа топтардың ұсыныстарын талқылап, сұрақтар қояды.

#### 5. Қорытынды (10 минут)

Мұғалім сабақтың негізгі қорытындысын шығарады: болашақтағы кез келген мәселені шешуде креативтілік пен ақпараттық сауаттылық маңызды рөл атқарады. Оқушылар алған білімдерін инновациялық шешімдер ұсыну арқылы өмірде қолдануды үйренді.

## Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастырудың халықаралық және отандық тәжірибесі .....	5
2	Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары .....	44
3	Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар .....	57
	Қорытынды .....	73
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	75
	Қосымшалар	

**Тәрбие жұмыстары аясында білім алушылардың әмбебап  
құзыреттілігі мен сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік  
ұсынымдар**

Басуға 20. 06.2024. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.  
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 10.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК  
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8,  
«Алтын Орда» БО, 16-қабат